**Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының ауа температурасының өзгеруі.** Ауа температурасының өзгеруін зерттеу үшін Нұра-Сарысу сушаруашылық алабы аумағында орналасқан ҚР ҰГМҚ бақылау желісінің 8 метеорологиялық станциясының (2.2-кесте) деректері пайдаланылды.

1941-2021 жылдардағы мәліметтерге сәйкес ауа температурасының жоғарылауы байқалады. Қарастырылып отырған аумақтағы орташа жылдық ауа температурасы соңғы бірнеше онжылдықта артып келеді, оны тренд сызығы бойынша бағалауға болады.

Кесте 2.2 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында орналасқан метеорологиялық станциялар

| № | Метеорологиялық станция | Синоптикалық индекс | Биіктігі, м | Ендік | Бойлық | Ашылған жыл | Облыс     |
|---|-------------------------|---------------------|-------------|-------|--------|-------------|-----------|
| 1 | Ақсу-Аюлы               | 35498               | 725,1       | 48.77 | 73.68  | 1938        | Қарағанды |
| 2 | Бесоба                  | 35396               | 715,9       | 49.35 | 74.48  | 1938        | Қарағанды |
| 3 | Жаңа-Арқа               | 35582               | 488,6       | 48.70 | 71.70  | 1937        | Қарағанды |
| 4 | Жарық                   | 35497               | 656,1       | 48.85 | 72.84  | 1937        | Қарағанды |
| 5 | Жезқазған               | 35671               | 346,4       | 47.80 | 67.70  | 1932        | Қарағанды |
| 6 | Қарағанды               | 35394               | 556,6       | 49.81 | 73.15  | 1932        | Қарағанды |
| 7 | Қызылжар                | 35576               | 362,1       | 48.30 | 69.70  | 1937        | Қарағанды |
| 8 | Баянауыл                | 36126               | 464,6       | 50.80 | 75.70  | 1925        | Павлодар  |

Ауа температурасының жоғарылауы жылдың барлық маусымдарында болады, бірақ ең үлкен өсу жылдың көктемгі және күзгі маусымдарында болады (2.9-сурет).


- базалық кезеңдегі орташа жылдық ауа температурасы (1961-1990)  $+3,5^{\circ}\text{C}$ , ал қазіргі кезеңде (1991-2020)  $+4,2^{\circ}\text{C}$ , бұл базалық кезеңге қарағанда  $0,7^{\circ}\text{C}$  жоғары.

- көктемгі маусымда базалық кезеңдегі орташа жылдық ауа температурасы  $+4,1^{\circ}\text{C}$ , ал қазіргі кезеңде ол  $+5,3^{\circ}\text{C}$  дейін жетті. Ауа температурасы  $1,2^{\circ}\text{C}$  көтерілді;

- қыс мезгілінде негізгі кезеңдегі орташа жылдық ауа температурасы  $-13,4^{\circ}\text{C}$ , ал қазіргі кезеңде  $-12,7^{\circ}\text{C}$  дейін жетті. Ауа температурасы  $0,7^{\circ}\text{C}$  көтерілді;

- жазғы маусымда базалық кезеңдегі орташа жылдық ауа температурасы  $+19,7^{\circ}\text{C}$ , ал қазіргі кезеңде ол  $+20,0^{\circ}\text{C}$  дейін жетті. Ауа температурасы  $0,3^{\circ}\text{C}$  көтерілді;

- күзгі маусымда базалық кезеңдегі орташа жылдық ауа температурасы  $+3,6^{\circ}\text{C}$ , ал қазіргі кезеңде ол  $+4,2^{\circ}\text{C}$  дейін жетті. Ауа температурасы  $0,6^{\circ}\text{C}$  көтерілді.



Сурет 2.9 – 1941-2021 жылдар кезеңіндегі Нұра-Сарысу сушаруашылық алабының орташа жылдық ауа температурасының жүрісі

1941-2021 жж. кезеңінде орташа жылдық ауа температурасы Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында  $0,26^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен жоғарылауы және оның статистикалық маңыздылығы (детерминация коэффициенті 33 %) анықталды. Жыл мезгілдері бойынша ауа температурасының статистикалық маңызды жоғарылаулары байқалды: қыста  $0,29^{\circ}\text{C}/10$  жыл (6 %),  $0,37^{\circ}\text{C}/10$  жыл (21 %),  $0,18^{\circ}\text{C}/10$  жыл (17 %),  $0,21^{\circ}\text{C}/10$  жыл (11 %) жылдамдығымен.

1976-2021 жж. кезеңінде орташа жылдық ауа температурасының тенденциясы  $0,24^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен, статистикалық маңызбен ( $R^2=12\%$ ) жоғарылаған. Жылдың маусымдарындағы ауа температурасының

өзгеру тенденциялары жоғарылау тенденцияларына ие болғандығын көрсетті. Қыста ауа температурасы  $0,07\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдықпен жоғарыласа, көктемде  $0,72\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл, жазда  $0,03\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл және күзде  $0,22\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдықтарымен жоғарылағандығы байқалады. Оның ішінде статистикалық маңызды жоғарылау көктем және күз мезгілдеріне сәйкес келетіндіктері анықталды, сәйкесінше детерминация коэффициенттері 28 және 11 % құрады.

Осылайша, 1941-2021 жж. кезеңінде Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында ауа температурасының барлық маусымдарда статистикалық маңызды өсуі, ал 1976-2021 жж. көктем мезгілінде статистикалық маңызды өсуі байқалған.

## **2.5 Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарында жауын-шашынның байқалатын өзгерістері**

1976-2021 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташа жылдық және маусымдық жауын-шашын мөлшерінде үрдістер іс жүзінде жоқ – қатардың жалпы дисперсиясындағы трендік құрамдас бөлігінің үлесі 3 %-дан аспайды, қысқы, көктемгі, күзгі және жылдық жауын-шашын сомалары үшін трендтің белгісі – оң, ал күзгі жауын-шашын үшін – теріс (2.10-сурет).

Көптеген аймақтарда жылдық жауын-шашын мөлшерінің жоғарылауы мен төмендеу тенденциялары маңызды емес, себебі детерминация коэффициенті 3 % немесе одан аз. Ақмола облысында жауын-шашынның өсу қарқыны шамамен әрбір 10 жылға норманың 3 % құрады, детерминация коэффициенті 3 % құрады. Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жауын-шашын мөлшері норманың 4-7 % / 10 жыл жылдамдығымен төмендеді детерминация коэффициенті 5-8 % (2-сурет Б-қосымшасы).

Қазақстан территориясы бойынша жауын-шашын мөлшерінің маусымдық және айлық бағыттарда өзгеруі әркелкілігімен сипатталады:


- Қыста жауын-шашын мөлшерінің өсуі бірнеше аймақтарда – солтүстік, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыста (әрбір 10 жылға нормадан 10-15 % ұлғаюы) тіркелген. Ұлғаюға негізгі үлесті – ақпан айы қосқан. Ал жауын-шашын мөлшерінің маңызды азаюы (әрбір 10 жылға нормадан 10-15 % азаюы) солтүстік-батыс, оңтүстік аймақтарда байқалады;

- Көктемде жауын-шашын мөлшерінің маңызды ұлғаюы батыс және орталық аймақтарда (әрбір 10 жылға нормадан 2,7 %-ға азаюы) байқалады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында тенденция байқалмайды, тек кейбір үлкен емес аймақтарында жауын-шашын мөлшерінің азаюы байқалады. Көктем айларының ішінде наурыз айы ерекшеленеді, бұл кезде Қазақстан аумағының басым бөлігінде айлық жауын-шашын мөлшерінің айтарлықтай өсуі байқалады (кей жерлерде әр 10 жыл сайын орта есеппен 30-40 %-ға);

- Жазда республика аумағының батыс жартысы жауын-шашынның азаю аймағында, шығысы – өсу аймағында, бірақ екі белгінің тенденциялары сирек статистикалық маңызды;

- Күз айларында аумақтың көп бөлігі жауын-шашынның теріс тенденциясы аймағында болады. Күзгі маусымда жауын-шашын мөлшері


Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда облыстарында және кейбір орталық және оңтүстік өңірлердегі станциялардың деректері бойынша, азайды (норманың 15-20 % / 10 жыл).



Сурет 2.10 – 1941-2021 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша кеңістікте орташаланған жылдық және маусымдық жауын-шашын сомалары (%) аномалияларының уақыттық қатарлары. Ауытқулар 1961-1990 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген. 1976-2021 жылдардағы сызықтық тренд қара түспен ерекшеленеді. Тегістелген қисық 11 жылдық жылжымалы орташадан алынған [128]

Нәтижесінде, көптеген станциялардың мәліметтері бойынша, бұл өзгерістер статистикалық тұрғыдан маңызды емес, ал жауын-шашынның жылдық мөлшері кейбір солтүстік-батыс, орталық және оңтүстік аймақтарда айтарлықтай азаяды (норманың 6-12 %/10 жыл) және солтүстік аймақтағы бірнеше станциялардың мәліметтері бойынша ғана айтарлықтай артқан (норманың 6-8 % / 10 жыл).

**Есіл сушаруашылығы алабының жауын-шашын мөлшерінің өзгеруі.**  
 1941-2021 жж. бақылау мәліметтерінің деректері бойынша Есіл сушаруашылық алабында жауын-шашынның жыл ішіндегі жүрісінде айқын өзгерістер байқалмайды, тек соңғы онжылдықта оның ұлғаюы байқалады (2.11-сурет). Көктемде маусымдық сипатта соңғы екі онжылдықта жауын-шашынның көбеюі байқалады, ал қалған маусымдарда айқын өзгерістер байқалмайды.



Сурет 2.11 – 1941-2021 жылдар кезеңіндегі Есіл сушаруашылық алабының жауын-шашын мөлшерінің жүрісі

Осылайша:

- 1961-1990 жж. базалық кезеңде Есіл сушаруашылығы алабында жылдық жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 344 мм құраса, қазіргі заманауи 1991-2020 жж. кезеңінде оның 352 мм-ге дейін ұлғаюы байқалған;
- қыс мезгілінде базалық кезеңде жауын-шашын мөлшері 51 мм, ал қазіргі кезеңде жауын-шашын мөлшері 55 мм-ге дейін өскен;

- көктем мезгілінде жауын-шашын мөлшері базалық кезеңде 69 мм, қазіргі заманауи кезеңде – 73 мм құраған;
- жазғы маусымда базалық кезеңде – 145 мм, қазіргі кезеңде – 148 мм;
- күзгі маусымда базалық кезеңде – 79 мм, қазіргі кезеңде – 78 мм.

Алаптағы жауын-шашын мөлшері тенденциясының өзгеруін анықтау барысында 1941-2021 жж. жылдық жауын-шашын мөлшері 3,4 мм/10 жыл жылдамдығымен ұлғайғандығы анықталды. Жыл мезгілдері бойынша, жаз мезгілінен (1,06 мм/10 жыл) басқа кезеңдерде, жауын-шашын мөлшерінің 0,25 – 2,89 мм/10 жыл ұлғаюы байқалады. Оның ішінде статистикалық маңызды ұлғаю қыс мезгілінде 2,89 мм/10 жыл (детерминация коэффициенті 17 %) жылдамдығымен байқалған.

1976-2021 жж. жылдық жауын-шашын мөлшері алапта 8,22 мм/10 жыл жылдамдығымен ұлғаюы байқалған, алайда статистикалық маңыздылыққа ие болмағандығы анықталды. Жыл мезгілдері бойынша тек күзде жауын-шашын мөлшерінің азаюы (0,02 мм/10 жыл) байқалса, қалған мезгілдерде жауын-шашын мөлшерінің статистикалық маңызды емес ұлғаюы байқалады (2.11-сурет).

**Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының жауын-шашын мөлшерінің өзгеруі.** Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы жылдық бөліністе жауын-шашын мөлшерінің өзгеру динамикасында елеулі өзгерістер байқалмайды. Қысқы мезгілде барлық бақылау кезеңінде жауын-шашынның өсу үрдісі байқалады (12-сурет).


Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері екі кезеңде (базалық және заманауи) де 267 мм құрады. Ал жыл мезгілдері бойынша келесідей өзгерген:

- қыс мезгілінде базалық кезеңде жауын-шашын мөлшері 54 мм құраса, қазіргі кезеңде жауын-шашын мөлшері 56 мм-ге дейін өскен;
- көктем мезгілінде жауын-шашын мөлшері 67 мм, қазіргі кезеңде – 66 мм;
- жазғы маусымда базалық кезеңде – 86 мм, заманауи кезеңде 88 мм.
- күз мезгілінде базалық кезеңде – 59 мм, заманауи кезеңде – 57 мм құраған.

- Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында 1941-2021 жж. кезеңінде жылдық жауын-шашын мөлшері 1,8 мм/10 жыл жылдамдығымен өскен болса, жылдың жаз мезгілінен басқа кезеңдерде жауын-шашын мөлшерінің 0,22 – 2,21 мм/10 жыл жылдамдығымен ұлғайғандығы анықталды. Жаз мезгілінде жауын-шашын мөлшері 0,93 мм/10 жыл жылдамдығымен азайғандығы байқалған. Жылдың барлық мезгілдерінде, қыс мезгілін қоса есептегенде, жауын-шашын мөлшерінің өзгеру тенденциялары статистикалық маңыздылыққа ие болмаған. Қыс мезгіліндегі жауын-шашын мөлшері статистикалық маңызды 2,21 мм/10 жыл жылдамдығымен өскен.

- Ал 1976-2021 жж, кезеңде алаптағы жауын-шашын мөлшерінің өзгеруінде жылдық мөлшері 3,3 мм/10 жыл жылдамдығымен ұлғайса, жыл мезгілдері бойынша, күзгі жауын-шашынды есепке алмағанда, жалпы жауын-

шашын мөлшері 0,41 – 3,53 мм/10 жыл жылдамдығымен жоғарылаған. Күзгі жауын-шашын мөлшері 0,77 мм/10 жыл жылдамдығымен азайғандығы байқалады. Жылдық және жылдың барлық кезеңдеріндегі жауын-шашын мөлшерінің статистикалық маңыздылыққа ие болмағандығы анықталды.



Сурет 2.12 – 1941-2021 жылдар кезеңіндегі Нұра-Сарысу сушаруашылық алабының жауын-шашын мөлшерінің жүрісі

Қорытындылай келе, Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптарында климаттың өзгеруін зерттеу барысында 1941-2021 жж. кезеңінде жылдық және маусымдық таралауында ауа температурасының сәйкесінше Есіл алабында 0,29 °C/10 жылға, Нұра-Сарысу алабында 0,26 °C/10 жыл жылдамдығымен жоғарылағандығы байқалады. Ал климаттың өзгеруінің жаһандық өзгеруі бастау алған 1976-2021 жж. кезеңінде ауа температурасының 0,29 °C/10 жылға Есіл алабында және 0,24 °C/10 жылға Нұра-Сарысу алабында орын алуы анықталды. Екі кезеңде де ауа температурасының өсуі

статистикалық маңыздылыққа ие екендігі байқалды. Сонымен қатар, егер 1941-2021 жж. ауа температурасының өсуінің барлық маусымда статистикалық маңызды болуы анықталса, 1976-2021 жж. ауа температурасының статистикалық маңыздылығы көктем және күз айларында байқалатындығы анықталды. Сонымен қатар, жаһандық ауа температурасының өсуі бүкіл жер шары үшін 1976-2021 жж. 0,19 °C/10 жыл жылдамдығымен жоғарылағандығын ескере отырып, зерттеліп отырған Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарында ауа температурасының жоғарылауы қарқынды жүруде деген тұжырым жасауға болады.

Жауын-шашын мөлшерінің 1941-2021 жж. кезеңдерде Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптарында сәйкесінше 3,4 мм/10 жыл және 1,8 мм/10 жыл жылдамдығымен ұлғайғандығы анықталды. Жыл мезгілдері бойынша жауын-шашын мөлшерінің өзгеруінде, жаз мезгілінен басқа мезгілдерде, өсу тенденциясы байқалатыны анықталды. Өсу тенденциясының статистикалық маңыздылығы қысқы жауын-шашындарға тән екендігі анықталды, яғни сәйкесінше Есіл алабында 2,89 мм/10 жылға және Нұра-Сарысу алабында 2,21 мм/10 жыл жылдамдығымен өскендігі байқалды. 1976-2021 жж. кезеңде жылдық жауын-шашын мөлшері Есіл сушаруашылық алабында 8,22 мм/10 жыл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында 3,3 мм/10 жыл жылдамдығымен өскендегі анықталды.

Жыл мезгілдерінде, күз маусымын ескермегенде, жауын-шашын мөлшерінің ұлғаю тенденциясы анықталды. Алайда, қарастырылып отырған екі алапта да жауын-шашын мөлшерінің өзгеру тенденциясы 1941-2021 және 1976-2021 жж. кезеңдерде статистикалық маңыздылыққа ие болмағандығы анықталды. Осылайша, алаптарға жауын-шашын мөлшерінің әртүрлі бағытты, статистикалық маңызды емес өзгерулері тән екендігі анықталды.

### 3 ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ЫЛҒАЛ ҚОРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ

Қазақстан территориясы маусымдық қар жамылғылы аумаққа жатады және оның биік таулы аумақтары тұрақты қар жамылғылы болып табылады. Жергілікті көптеген климаттық және орографиялық жағдайлар қар жамылғысының қалыптасуын, жатуын және оның бұзылуын анықтайды.

Қазақстан аумағы шұғыл континенталды климатқа жатады. Республиканың солтүстігінде суық мезгілдің ұзақтығы жарты жылға дейін созылады. Өз кезегінде қар жамылғысы тек қыс мезгіліндегі жауын шашын-мөлшерінің аккумуляторы ғана емес, сонымен бірге көктемгі ылғал қорының көзі болып табылады. Қар жамылғысының ылғал қоры егіс алдындағы кезеңде топырақтың көктемгі ылғалдануын анықтайды, қар жамылғысы мөлшерінің тапшылығы құрғақшылыққа алып келеді. Сонымен бірге, қар жамылғысының көктемгі еруі су деңгейінің көтерілуіне, су тасқыны мен төтенше жағдайлардың туындауына алып келуі мүмкін. Қар жамылғысының жату шекарасы, биіктігі және жату ұзақтығы климаттың өзгеруінің сезімтал индикаторы болып табылады. Жалпы қар жамылғысы су ресурстарына, ауыл шаруашылығына, көлік, құрылыс, рекреацияға әсер етеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қар жамылғысының климаттың маңызды бөлігі болуымен, жергілікті мәселе тұрғысынан оның ауа райына, гидрологиялық және топырақтық процестеріне әсер етуші климат түзуші негізгі фактор болуымен және жаһандық климаттың өзгеруі салдарынан климаттық ресурстардың өзгеруін бағалаумен анықталады. Сонымен қатар, Қазақстанның құрғақ климаттық жағдайында өзендердің қорегі мен көктемгі топырақ ылғалдануының қосымша ылғал қоры ретінде экономиканың шаруашылық салаларында үлкен мәнге ие.

Қар жамылғысының таралуы, жату ұзақтығы, еру шарттары және көктемгі еріген қар суы халық шаруашылығының түрлі салаларында, әсіресе ауыл шаруашылығында қар жамылғысының ылғал қоры өнімнің өсуіне ықпал етеді. Сондықтан қар жамылғысының пайда болу процестері, оны пайдалау және оның еруі халық шаруашылығында үлкен маңызға ие.

Одан басқа, республикамыздың климаттық ресурстарын бағалау мақсатында қар жамылғысы сипаттамаларының таралу заңдылықтарын зерттеу маңызды. Қыс мезгілінде ауа райы болжау кезінде қар жамылғысын ескерген жөн, себебі қар жамылғысы төселме беткейдің альбедосын айтарлықтай өзгеруіне алып келеді [132].

Жыл сайын Жер беткейінің шамамен 130 млн.км<sup>2</sup> аумағына қар жауып, дефляциялық аумақтарды құрайды [133]. Дефляциялық аумақтың 8/1 бөлігін мұздықтар құрайды. Аталған аудандардағы қар метаморфизм деңгейінде түседі де мұздықтарды қоректендіруге жұмсалып [134], атмосфераның жаһандық метеорологиялық жағдайының қалыптасуына әсер етеді. Мұздықтан бос Жер беткейінің құрлықтың жарты бөлігін қар жауады [135]. Оның еруі нәтижесінде

топырақ ылғалданады, өзендерді су деңгейінің көтерілуі орын алады, ал таулы аудандарда сел қаупі туындайды.

### **3.1 Қар жамылғысының ылғал қорының өзгеру динамикасы**

Қар жамылғысы – ауа-райының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін қуатты климат түзуші және климаттық, гидрологиялық, гляциологиялық процестердің өзара әрекеттесуінде маңызды рөл атқарушы фактор [47,136,137].

Қар жамылғысын бақылау: метеорологиялық алаңдарда тұрақты рейкалар бойынша күнделікті бақылаулар, тұрақты қар өлшеуіш учаскелерде онкүндік бақылаулар және максималды қар жинақтау кезеңінде жыл сайынғы кеңейтілген қар өлшеуіш түсірілім жүргізуді қамтиды [48].

Қар жамылғысының негізгі климаттық сипаттамаларына қар жамылғысындағы ылғал қоры жатады. Шетелдік әдебиеттерде ол қардың су эквиваленті (Snow Water Equivalent) деп аталады. Өз кезегінде, бұл өзендердің қосымша қоректену көзі бола отырып, топырақта, гидрологиялық циклде ылғал қорының жиналуында маңызды рөл атқарады [136].

Қар жамылғысының сипаттамаларының кеңістіктік өзгергіштігі және олардың макромасштабтағы құрылымының ерекшеліктері жер бетінің атмосферамен энергия және масса алмасу процестерінде маңызды рөл атқарады. Қар жамылғысының макромасштабты өзгергіштігі құрлықтың гидрологиялық циклінің процестеріне, атап айтқанда, ірі өзендердің су режимін анықтайтын көктемгі-жазғы су тасқынының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді [138]. Қар жамылғысы мен қардың еруі гидрологиялық циклде, жердің көп бөлігінде жер мен атмосфераның жылу алмасуында маңызды рөл атқаратындығын айта кету керек [139]. Сондай-ақ, қар жамылғысының өзгеруі температураның, жауын-шашынның, еру жиілігінің өзгеруін көрсететін суық мезгілдегі климаттың өзгеруінің кешенді көрсеткіші болып саналады. Сонымен қатар, қар жамылғысы көптеген табиғи процестерге, соның ішінде экономика салаларына шешуші әсер етеді [140].

Климаттық ресурстарды бағалау үшін қар жамылғысының сипаттамаларының таралу заңдылықтарын зерттеу маңызды. Жазық жерлерде қар жамылғысының қалыптасу процестері кеңістіктік масштабтың кең ауқымында айтарлықтай өзгергіштікпен сипатталады [138].

Өз кезегінде Қазақстан маусымдық қар жамылғысы аймағына кіреді және оның тек биік таулы аймақтары ғана мәңгілік қар аймағына жатқызылуы мүмкін [136].

**Зерттеу мәліметтері.** Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу мақсатында «Қазгидромет» РМК мемлекеттік бақылау желісінің 1971 – 2020 жж. кезеңіндегі мәліметтері қолданылды. Есіл сушаруашылығы алабындағы қар жамылғысы ылғал қоры мен оның өзгеру тенденциясын зерттеу үшін алапта орналасқан 24 метеорологиялық станциясының (21-сурет) және Нұра-Сарысу сушаруашылық алабы үшін 12 метеорологиялық станциясының (сурет) мәліметтері қолданылды.

**Зерттеу әдістері.** Климатологияда көптеген тапсырмаларды орындау, мәселен, заманауи климаттық өзгерулерді талдау, бақылау, модельдеу және болжау, ұзақ уақыттық бақылау қатарларының мәліметтері қажет етеді. Әдетте, метеорологиялық бақылау қатарлары, әсіресе қар жамылғысының ұзақ уақыттық қатарының болуы сирек және уақыттық қатарларда үзілістері болады. Мұндай жағдайда ұзақ уақыттық қатарды алудың жалғыз жолы – жақында орналасқан станциялардың ұзақ уақыттық қатарлары мәліметтері негізінде қалыпқа келтіру [141]. Қазіргі таңда гидрометеорология саласында мәліметтерді қалпына келтірудің көптеген әдістері әзірленген. Бұл жұмыста уақыттық қатарлардағы үзілістерді қалпына келтіру үшін бір немесе бірнеше аналог-станциялардың негізінде жұптық немесе көптік регрессия теңдеулері (3.1-теңдеу) негізінде әрбір станция үшін жеке аналог-станция таңдалып жүргізілді:

$$Y = k_0 + k_1 Y_1 + \dots + k_n Y_n \quad (3.1)$$

Уақыттық қатарлардағы үзілістерді сапалы түрде қалпына келтіру мақсатында регрессия теңдеулеріне тиімділік критерийлері қолданылуы тиіс. [142] жұмысында әрбір регрессия теңдеуін құру кезінде келесі негізгі 4 шарттың орындалу (3.2-теңдеу) қажеттілігі берілген:

$$n' \geq 6 - 10; R \geq R_{кр}; R/\sigma_R \geq A_{кр}; k/\sigma_k \geq B_{кр} \quad (3.2)$$

Климатологиялық тәжірибеде деректерді талдаудың бастапқы кезеңінде әртүрлі статистикалық тесттерді қолдана отырып, метеорологиялық қатарлардың бақылау нәтижелерінің біртектілігіне тексеру жүргізеді [143]. Аталған мақсатта барлық бақылау мәліметтері деректері ДМУ нұсқаулығына [144] сәйкес алғашқы бақылау деректерінің сапасына және алынған метеорологиялық сипаттамалар қатарының біркелкілігіне тексеру жұмысы жүргізілді. Осылайша, бұл жұмыста екі кезеңдегі орташа және дисперсия мәндеріндегі айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын тексеру (1971-1990 жылдарға қатысты 1991-2020)  $\alpha = 0,05$  маңыздылық деңгейінде сәйкесінше Стьюденттің t-критерийін және Фишердің F-критерийін қолдана отырып жүргізілді.

Стьюденттің t-критерийі статистикасының есептік мәні 3.3-теңдеу бойынша анықталады. Әрі қарай Стьюденттің t-критерийі бойынша біртектілікті (стационарлықты) бағалау t есептелген мәндерін және t\*-статистикасының сыни мәндерін салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

$$t = \frac{Y_{орташа1} - Y_{орташа2}}{\sqrt{n_1 \sigma_1^2 + n_2 \sigma_2^2}} \cdot \sqrt{\frac{n_1 n_2 (n_1 + n_2 + 2)}{n_1 + n_2}} \quad (3.3)$$

мұндағы,  $Y_{орташа1}$ ;  $Y_{орташа2}$ ;  $\sigma_1^2$ ;  $\sigma_2^2$  – сәйкесінше екі дәйекті үлгінің орташа мәндері мен дисперсиялары;

$n_1$  и  $n_2$  – қатардың саны.

Егер (3.4) формула бойынша алынған  $t$  есептік мәні берілген маңыздылық деңгейіндегі  $t^*$  критикалық мәнінен үлкен болса, онда біртектілік гипотезасы (бұл жағдайда гетерогенді қатардың 2 бөлігі үшін) ауытқиды және қарастырылып отырған гидрологиялық сипаттаманың сериясы гетерогенді деп танылады.  $t^*$  критерийінің сыни мәні Әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Фишердің біртектілік критерийі ( $F$ ) 3.2-теңдеу бойынша анықталады:

$$F = \frac{\sigma_1^2}{\sigma_2^2} \quad (3.4)$$

мұндағы,  $\sigma_1$ ,  $\sigma_2$  – қатарлар бойынша есептелген орташа квадраттық ауытқулар, оларға қатысты біртектілік анықталады.

Дисперсиялардың біртектілігі (стационарлығы) туралы Гипотеза, егер  $F$  критерийі статистикасының есептік мәні  $n_1$  және  $n_2$  үлгілерінің көлемдеріне сәйкес берілген еркіндік дәрежелерінде  $F^*$  критикалық мәнінен аз болса,  $\alpha$ , % мәнінің берілген деңгейінде қабылданады.

Студенттік  $t^*$  және Фишер  $F^*$  статистикасының маңызды мәндері  $\alpha$ , % маңыздылық деңгейіне, қатардағы корреляция ішіндегі коэффициентке,  $r$  (1) және асимметрия коэффициенттеріне байланысты әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес анықталады [142].

Осылайша, уақыттық қатарлардың біртектілігін немесе стационарлығын бағалаудың статистикалық критерийлерін қолдану ұсынылған біртектілік гипотезасын растауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

Қар жамылғысы ылғал қорының уақыттық қатары зерттеу жұмысын жүргізуге репрезентативті уақыт кезеңін қамтитындығын анықтау мақсатында салыстырмалы орташа квадраттық қателік пен вариация коэффициентінің салыстырмалы орташа квадраттық қателігі есептелді.

Қатардың орташа көпжылдық шамасының салыстырмалы орташа квадраттық қателігінің мәні (стандартты ауытқу) 3.5-теңдеу [145] бойынша есептелді:

$$\sigma_{Q_0} = \frac{C_v}{\sqrt{n}} \cdot 100\%, \quad (3.5)$$

мұндағы,  $C_v$  –  $n$  жылдағы бірқатар жылдық мәндердің өзгеру коэффициенті.

Вариация коэффициентінің салыстырмалы орташа квадраттық қателігі 3.6-теңдеудің көмегімен [145] анықталды:

$$\sigma_{C_v} = \frac{\sqrt{1+C_v^2}}{\sqrt{2n}} \cdot 100\% \quad (3.6)$$

Егер қарастырылып отырған кезең репрезентативті болса және көпжылдық шаманың  $\overline{SWE_{max}}$  салыстырмалы қателігі 5-10 %-дан аспаса, ал вариация (өзгергіштік) коэффициенті 10-15 %-дан аспаса, онда бақылау кезеңі жылдық нормасының есептік мәндерін белгілеу үшін жеткілікті болып саналады. Репрезентативтілік бірқатар бақылаулардың ұзақтығына және өзгергіштік коэффициентіне байланысты.

Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеруі бірнеше әдістермен: 1971-1994 және 1995-2020 жылдардағы қатарынан екі кезеңдегі орташа көпжылдық мәндерді салыстыру арқылы және уақыттық қатарлардың сызықтық аппроксимациясы (жуықтау) арқылы бағаланды. 1971-1994 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген 1995-2020 жылдар кезеңіндегі қар жамылғысындағы ылғал қорларының уақыттық қатарлары және аумағы бойынша кеңістікте орташаланған сушаруашылығы алаптары қардағы ылғал қорлары режимінің қазіргі заманғы өзгерістерінің сипаты туралы жалпы түсінік береді.

Сонымен қатар, қар жамылғысы ылғал қорының уақыттық қатарларында тенденциялардың маңыздылығын анықтау мақсатында кең қолданысқа ие Манн-Кендаллдың параметрлік емес тесті (3.7-3.10 теңдеулер) қолданылды [146,147]. Бұл тест  $Y$  мәндерінің уақыт өте келе ұлғаю немесе төмендеу үрдісі бар-жоғын бағалайды, бұл монотонды трендті регрессиялық талдаудың параметрлік емес түрі болып табылады.

Манн-Кендалл тесті  $S$  статистикасы 3.7-теңдеумен есептеледі:

$$S = \sum_{i=1}^{n-1} \sum_{j=i+1}^n \text{sgn}(x_j - x_i) \quad (3.7)$$

мұндағы,  $n$  – бақылау саны,  $x_j, x_i$  –  $j$  және  $i$  уақыттық қатарындағы сәйкесінше мәліметтер,  $\text{sgn}(x_j - x_i)$  – сәйкесінше уақыттық қатар таңбасы:

$$\text{sgn}(x_j - x_i) = \begin{cases} +1, & \text{if } x_j - x_i > 0 \\ 0, & \text{if } x_j - x_i = 0 \\ -1, & \text{if } x_j - x_i < 0 \end{cases} \quad (3.8)$$

Дисперсия келесідей есептеледі:

$$\text{Var}(S) = \frac{n(n-1)(2n+5) - \sum_{i=1}^m t_i(t_i-1)(2t_i+5)}{18} \quad (3.9)$$

мұндағы,  $n$  – деректер саны,  $m$  – байланысты топтардың саны, ал  $t_i$  –  $i$  дәрежелі байланыстардың саны және  $t_i$  –  $i$  дәрежелі байланыстардың санын білдіреді. Үлгі көлемі  $n > 10$  болған жағдайда  $Z_S$  стандартты қалыпты сынақ статистикасы теңдеу арқылы есептеледі:


$$Z_s = \begin{cases} \frac{S-1}{\sqrt{\text{Var}(S)}}, & \text{if } S > 0 \\ 0, & \text{if } S = 0 \\ \frac{S+1}{\sqrt{\text{Var}(S)}}, & \text{if } S < 0 \end{cases} \quad (3.10)$$

$Z_s$  оң мәндері өсу тенденцияларын, ал теріс мәндері төмендеуді көрсетеді. Трендтерді тексеру  $\alpha$  маңыздылығының нақты деңгейінде жүзеге асырылады. Егер  $|Z_s| > Z_{1-\alpha/2}$  болса, онда нөлдік гипотеза қабылданбайды және уақыт қатарында маңызды тенденция бар.  $Z_{1-\alpha/2}$  стандартты қалыпты үлестіру кестесінен алынады. Бұл зерттеуде  $\alpha = 0,05$  маңыздылық деңгейі пайдаланылды. 5% маңыздылық деңгейінде, егер  $|Z_s| > 1.96$  болса, нөлдік тренд жоқ гипотеза қабылданбайды.

Манн-Кендалл статистикалық тесті гидрометеорологиялық уақыт қатарындағы тенденциялардың маңыздылығын сандық бағалау үшін жиі қолданылады.

### 3.1.1 Есіл сушаруашылық алабында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасы

Есіл сушаруашылығы алабында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу үшін алапта орналасқан 24 метеорологиялық станциялардың (3.1-сурет) ылғал қоры мәліметтері жиналып, бақылау мәліметтері жоқ жылдардың мәндері аналогия әдісі бойынша қалыпына келтірілді.



Сурет 3.1 – Есіл сушаруашылығы алабындағы метеорологиялық станциялардың орналасу картасы

Бақылау қатарында регрессия теңдеуін құру кезінде негізгі 4 шарттың орындалуы қамтамасыз етілді. Яғни, аналог-станция мен қалпына келтірілетін станция мәліметтері арасындағы байланысты көрсететін – корреляция коэффициенті сәйкесінше  $R \geq 0,7$ , регрессия теңдеуі құрылған жылдар саны да  $n' \geq 6 - 10$  көп болды, сонымен бірге коэффициенттердің олардың орташа квадраттық қателіктеріне қатынасы  $A_{кр}$  және  $B_{кр} \geq 2,0$  шамасынан төмен болды (3-кесте). Сонымен қатар, екі метеорологиялық станция арасындағы физико-географиялық ерекшеліктердің ұқсас болу шарты да сақталды.

Қар жамылғысындағы максималды ылғал қоры мәліметтері, толығымен қалпына келтірілген үзілістерді қоса алғанда, В қосымшасының 1-кестесінде берілген (1-кесте В қосымшасы).

Кесте 3.1 – Жекелеген станциялар бойынша қардағы ылғал қорларын қалпына келтіру туралы мәліметтер

| №  | Метеорологиялық станция | Аналог-станция | Регрессия теңдеуі  | Теңдеу алынған кезең | Жыл саны | R    | Қалпына келтірілген жыл |
|----|-------------------------|----------------|--------------------|----------------------|----------|------|-------------------------|
| 1  | Булаево                 | Возвышенка     | $y=0,7644x+23,945$ | 1992-2011            | 20       | 0,76 | 1991                    |
| 2  | Петропавл               | Булаево        | $y=0,9051x+9,8721$ | 1992-2011            | 20       | 0,75 | 2019                    |
| 3  | Рузаевка                | Жақсы          | $y=1,101x+4,531$   | 1971-2017            | 47       | 0,70 | 2018, 2019              |
| 4  | Сергеевка               | Тимирязево     | $y=0,9654x+9,2392$ | 1999-2019            | 21       | 0,82 | 1997, 1998              |
| 5  | Чкалово                 | Көкшетау       | $y=0,6134x+4,3537$ | 1999-2019            | 21       | 0,78 | 1998                    |
| 6  | Явленка                 | Благовещенка   | $y=0,8839x-14,258$ | 1999-2019            | 21       | 0,92 | 1995, 1998              |
| 7  | Ерейментау              | Степногорск    | $y=0,7765x+17,574$ | 1971-1994            | 24       | 0,82 | 1995                    |
| 8  | Егіндікөл               | Сергеевка      | $y=0,503x+48,787$  | 2010-2019            | 10       | 0,85 | 1971-1973               |
| 9  | Есіл                    | Атбасар        | $y=0,5884x-6,2152$ | 1971-1994            | 24       | 0,72 | 2019                    |
| 10 | Жақсы                   | Есіл           | $y=1,2157x+19,743$ | 2010-2019            | 10       | 0,85 | 2009                    |
| 11 | Щучинск                 | Ерейментау     | $y=0,9557x+25,74$  | 2010-2019            | 10       | 0,89 | 2007                    |

Қалпына келтірілген мәліметтер әрі қарай статистикалық өңдеу – біртектілікке тексеруден өтіп, келесі нәтижелерді (3.2-кесте) көрсетті:

- Фишердің F-критерий бойынша уақыттық қатардың сыни мәні  $F_\alpha = 2,27$  салыстыру арқылы Благовещенка, Булаево, Возвышенка, Кішкенекөл, Рузаевка, Тайынша, Аршалы, Ерейментау, Жақсы станциялары қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерінің біртектілігі бұзылғандығы анықталды;

- Стьюденттің t-критерийі тесті бойынша  $t^*$  статистикасының сыни мәні  $t_\alpha = 2,012$  салыстыру арқылы алынған нәтижеге сәйкес, Рузаевака, Саумалкөл, Жақсы станцияларының мәліметтері біртекті болмады;

- Вилькокسونның U критерийі ( $U_1=202$ ,  $U_2=398$ ) негізінде Рузаевка, Саумалкөл, Сергеевка, Жақсы, Щучинск станцияларында қатарлардың біртектілігі бұзылғандығы анықталды.

Маңыздысы, егер 3 сынақтың біреуі орындалмаса, уақыттық қатар біртекті болып саналады, ал егер 3 сынақтың екеуі немесе барлығы орындалмаса, уақыттық қатар біртектілігі бұзылған деп қабылдануы тиіс.

### Кесте 3.2 – Бақылау қатарларын біртектілікке тексеру нәтижесі

| №  | МС           | Фишер критерийі |       | Стъюдент критерийі |       | Уилкоксон критерийі |       |
|----|--------------|-----------------|-------|--------------------|-------|---------------------|-------|
|    |              | F/Fa            | шешім | t/ta               | шешім | U                   | шешім |
| 1  | Благовещенка | 2,931           | жоқ   | 1,77               |       | 379                 |       |
| 2  | Булаево      | 2,74            | жоқ   | 0,228              |       | 282                 |       |
| 3  | Возвышенка   | 2,294           | жоқ   | 1,555              |       | 205                 |       |
| 4  | Кішкенекөл   | 2,54            | жоқ   | 0,069              |       | 243                 |       |
| 5  | Петропавл    | 1,02            |       | 0,425              |       | 325                 |       |
| 6  | Рузаевка     | 5,44            | жоқ   | 4,876              | жоқ   | 533                 | жоқ   |
| 7  | Саумалкөл    | 1,821           |       | 2,692              | жоқ   | 446                 | жоқ   |
| 8  | Сергеевка    | 1,423           |       | 1,929              |       | 404                 | жоқ   |
| 9  | Тайынша      | 2,937           | жоқ   | 1,451              |       | 374                 |       |
| 10 | Тимирязево   | 2,009           |       | 0,548              |       | 246                 |       |
| 11 | Чкалово      | 2,112           |       | 1,231              |       | 346                 |       |
| 12 | Явленка      | 1,236           |       | 1,316              |       | 253                 |       |
| 13 | Ақкөл        | 1,197           |       | 0,71               |       | 329                 |       |
| 14 | Аршалы       | 3,233           | жоқ   | 0,198              |       | 258                 |       |
| 15 | Атбасар      | 1,217           |       | 1,381              |       | 224                 |       |
| 16 | Балкашино    | 1,26            |       | 1,655              |       | 377                 |       |
| 17 | Егіндікөл    | 1,027           |       | 0,763              |       | 326                 |       |
| 18 | Ерейментау   | 2,38            | жоқ   | 1,171              |       | 210                 |       |
| 19 | Есіл         | 1,163           |       | 1,202              |       | 354                 |       |
| 20 | Жақсы        | 2,989           | жоқ   | 4,111              | жоқ   | 494                 | жоқ   |
| 21 | Жалтыр       | 1,46            |       | 0,133              |       | 293                 |       |
| 22 | Көкшетау     | 1,983           |       | 1,855              |       | 388                 |       |
| 23 | Степногорск  | 1,314           |       | 0,139              |       | 305                 |       |
| 24 | Щучинск      | 1,584           |       | 1,915              |       | 403                 | жоқ   |

\*бос ұяшықтар біртектіліктің бұзылмағандығын білдіреді.

Осылайша, алынған нәтижеге сәйкес, Рузаевка, Саумалкөл және Жақсы метеорологиялық станцияларының қар жамылғысындағы максималды ылғал қор мәліметтері уақыттық қатарларында біртектіліктің бұзылғандығы анықталды, ал қалған метеорологиялық станциялардың уақыттық қатарлары статистикалық біртектілікті көрсетті.


#### 3.1.2 Тұрақты қар жамылғысының орнатылуы және жойылуы

1971-2020 жж. кезеңінде Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станциялардың бақылау мәліметтерін талдау барысында, алап үшін орташа алғанда қар жамылғысы қазанның үшінші онкүндігінде (X\_3) орнатылып, тұрақты түрде өсе отырып, ақпанның екінші онкүндігі (II\_2) мен наурыздың бірінші онкүндігі (III\_1) арасында өзінің максималды мәніне жетеді. Қар жамылғысының максималды ылғал қоры орнатылғанға дейін ылғал қоры 1-6 мм/онкүндікке өссе, алап үшін орташа есеппен 4 мм/онкүндік жылдамдығымен өседі (3.3-сурет).

Сонымен бірге, көпжылдық мәліметтерге сәйкес, қар жамылғысының толығымен жойылуы сәуір айының үшінші онкүндігіне (IV\_3) сәйкес келетіндігін көруге болады. Қар жамылғысының еру кезеңі алап үшін ақпан айының үшінші онкүндігі (II\_3) мен наурыз айының екінші онкүндігіне (III\_2)

сәйкес келеді. Қар жамылғысының еру жылдамдығы Есіл сушаруашылық алабында 1-21 мм/онкүндікке ерісе, орташа алғанда 10 мм/онкүндікке еритіні байқалады.

Тұрақты қар жамылғысының пайда болу және жойылу ерекшеліктері климаттық жүйенің маңызды сипаттамасы болып табылады. Қар жамылғысы ашық топырақпен салыстырғанда жер бетінің радиациялық және жылу балансының айтарлықтай өзгеруіне ықпал етеді, ал тұрақты қар жамылғысының орнатылған және жойылған күндері қардың маусымдық динамикасын көрсетеді. Қар жамылғысының түсуі жанама түрде топырақтағы ылғал қорын, құрғақ құбылыстардың даму ықтималдығын, ықтимал өнімді бағалауды және т. б. көрсетуі мүмкін.



Сурет 3.2 – Есіл сушаруашылық алабында 1971-2020 жылдар кезеңінде қар жамылғысындағы ылғал қорының онкүндіктер бойынша таралуы

Жұмыстың берілген тараудағы міндеті – Есіл сушаруашылығы алабында қар жамылғысының қалыптасуы мен бұзылуының ағымдағы үрдістерін 1971-2021 жж. көпжылдық деректер бойынша бағалау. Қар жамылғысын зерттеудің негізгі көзі – станциялардың гидрометеорологиялық желісіндегі тікелей бақылау мәліметтері.

Есіл сушаруашылығы алабында 1971-2021 жж. кезеңінде орташа алғанда *тұрақты қар жамылғысының орнатылуы* қарашаның бірінші онкүндігіне сәйкес келеді. Қар жамылғысының орынатылуы алаптың солтүстігінен оңтүстігіне қарай жүреді. Егер алаптың солтүстік аймағында тұрақты қар жамылғысының орын алуы қазанның соңы – қарашаның басына сәйкес келсе, алаптың оңтүстік аймақтарында, яғни Ақмола облысының оңтүстігінде, тұрақты қар жамылғысының орналуы кештеу жүреді, яғни шамамен қарашаның екінші-үшінші онкүндігіне сәйкес келеді. Тұрақты қар жамылғысының ең ерте орын алуы Явленка, Саумалкөл, Булаево (9-31 қазан) метеостанцияларында, ал кеш орнатылуы Атбасар, Жалтыр және Егіндікөл (12-17 қараша) метеостанцияларында байқалады.

Сонымен қатар, тұрақты қар жамылғысының ерте, орташа, кеш орнатылу күндерін талдау барысында алаптың орталық және солтүстік аймақтарында тұрақты қар жамылғысының ерте орнатылуы (Булаево, Тайынша, Саумалкөл,

Көкшетау, Щучинск) байқалса, ал кеш орнатылу күндері алаптың оңтүстік аймақтарына (Аршалы, Ақкөл, Жақсы) сәйкес келетіні анықталды (3.3-кесте).

*Тұрақты қар жамылғысының жойылуы* наурыздың аяғы мен сәуір айының ортасына сәйкес келеді. Тұрақты қар жамылғысының ең ерте жойылуы алаптың солтүстік аймағында, Чкалово, Тайынша, Көкшетау, Явленка метеорологиялық станцияларында байқалып, 24-29 наурыз аралығында орын алады, ал ең кеш бұзылуы – алаптың орталықтан оңтүстік бағытына қарай, Балкашино, Жақсы, Атбасар, Егіндікөл, Жалтыр метеостанцияларында (4-13 сәуір) орын алады. Орташа алғанда Есіл сушаруашылығы алабында көпжылдық мәліметтері негізінде тұрақты қар жамылғысының бұзылуы 1-10 сәуір аралығына сәйкес келеді.

Тұрақты қар жамылғысының ерте, орташа, кеш жойылу күндерін талдау барысында алаптың оңтүстік аймағында тұрақты қар жамылғысы ерте жойылатындағы, ал солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс аймақтарында кеш жойылуы анықталды (3.4-кесте).

Кесте 3.4 – Есіл сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың қар жамылғысының орнатылу, бұзылу күндер саны

| №      | Метеорологиялық станция | Қар жамылғысымен болған күндер саны | Тұрақты қар жамылғысының орнатылу күні |       |       | Тұрақты қар жамылғысының жойылу күні |       |       |
|--------|-------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------|-------|-------|--------------------------------------|-------|-------|
|        |                         |                                     | орташа                                 | ерте  | кеш   | орташа                               | ерте  | кеш   |
| 1      | Благовещенка            | 149                                 | 08.11                                  | 22.10 | 14.12 | 04.04                                | 19.03 | 21.04 |
| 2      | Булаево                 | 151                                 | 31.10                                  | 12.10 | 14.12 | 03.04                                | 10.03 | 12.04 |
| 3      | Возвышенка              | 154                                 | 02.11                                  | 22.10 | 18.12 | 06.04                                | 22.03 | 25.04 |
| 4      | Кішкенекөл              | 144                                 | 06.11                                  | 25.10 | 06.12 | 02.04                                | 15.03 | 20.04 |
| 5      | Петропавловск           | 148                                 | 19.11                                  | 10.10 | 31.10 | 05.04                                | 29.03 | 12.04 |
| 6      | Рузаевка                | 153                                 | 04.11                                  | 22.10 | 14.12 | 05.04                                | 20.03 | 29.04 |
| 7      | Саумалкөл               | 157                                 | 28.10                                  | 13.10 | 14.12 | 03.04                                | 17.03 | 20.04 |
| 8      | Сергеевка               | 148                                 | 05.11                                  | 21.10 | 14.12 | 01.04                                | 18.03 | 17.04 |
| 9      | Тайынша                 | 146                                 | 03.11                                  | 13.10 | 14.12 | 25.03                                | 13.03 | 10.04 |
| 10     | Тимирязево              | 149                                 | 05.11                                  | 30.10 | 14.12 | 01.04                                | 21.03 | 16.04 |
| 11     | Чкалово                 | 142                                 | 03.11                                  | 19.10 | 14.12 | 24.03                                | 12.03 | 12.04 |
| 12     | Явленка                 | 141                                 | 04.11                                  | 21.10 | 14.12 | 29.03                                | 05.03 | 18.04 |
| 13     | Ақкөл                   | 152                                 | 08.11                                  | 18.10 | 30.11 | 05.04                                | 22.03 | 16.04 |
| 14     | Аршалы                  | 149                                 | 09.11                                  | 25.10 | 26.11 | 01.04                                | 10.03 | 15.04 |
| 15     | Атбасар                 | 151                                 | 12.11                                  | 22.10 | 14.12 | 06.04                                | 22.03 | 20.04 |
| 16     | Балкашино               | 163                                 | 04.11                                  | 19.10 | 30.11 | 13.04                                | 02.04 | 28.04 |
| 17     | Егіндікөл               | 145                                 | 17.11                                  | 23.10 | 14.12 | 05.04                                | 17.03 | 22.04 |
| 18     | Ерейментау              | 147                                 | 09.11                                  | 18.10 | 08.12 | 03.04                                | 05.03 | 19.04 |
| 19     | Есіл                    | 136                                 | 16.11                                  | 29.10 | 18.12 | 27.03                                | 05.03 | 18.04 |
| 20     | Жақсы                   | 153                                 | 09.11                                  | 22.10 | 24.11 | 06.04                                | 25.03 | 20.04 |
| 21     | Жалтыр                  | 147                                 | 13.11                                  | 25.10 | 14.12 | 04.04                                | 05.03 | 19.04 |
| 22     | Көкшетау                | 144                                 | 10.11                                  | 16.10 | 14.12 | 28.03                                | 05.03 | 14.04 |
| 23     | Степногорск             | 150                                 | 10.11                                  | 14.10 | 15.12 | 30.03                                | 01.03 | 18.04 |
| 24     | Щучинск                 | 157                                 | 05.11                                  | 09.10 | 30.11 | 06.04                                | 22.03 | 18.04 |
| Орташа |                         | 149                                 | 06.11                                  | 20.10 | 10.12 | 02.04                                | 14.03 | 18.04 |

Есіл сушаруашылығы алабында орташа алғанда тұрақты қар жамылғысының ерте орнатылуы 20 қазанға, кеш орнатылуы 10 желтоқсанға және орташа – 6 қарашада орнатылатындығы анықталды. Ал тұрақты қар жамылғысының ерте жойылу күні 14 наурызға, кеш күні – 18 сәуірге және орташа күні – 2 сәуірге сәйкес келетіндігі анықталды.

Есіл сушаруашылығы алабында қар жамылғысымен болатын күндер саны көпжылдық мәліметтер негізінде 136 (Есіл МС) – 163 (Балкашино МС) күндерді құрайтыны, ал алап бойынша орташа алғанда 149 күнді құрайтыны анықталды.

**Қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық таралуы.** Қар жамылғысындағы ылғал қорының кеңістіктік таралуын зерттеу үшін максималды ылғал қорының жыл сайынғы деректері пайдаланылды. Өйткені, бұл шама көктемгі су тасқыны кезеңінде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы үшін маңызы үлкен.

Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станциялардың қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәндерінің негізгі статистикалық сипаттамалары мен әртүрлі қамтамасыздықтағы мәндері есептелді (6-кесте).

Есептеулерге сәйкес, Есіл шаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станциялардағы 1971-2020 жж. кезеңі үшін қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәні 37,5 мм (Чкалово) – 145,7 мм (Балкашино) аралығында ауытқиды. Алап үшін орташа аудандық мәні – 75,7 мм құрайды.

Көпжылдық мәліметтер негізінде есептелген қар жамылғысы ылғал қоры әрбір метеорологиялық станция үшін нормасы ретінде қабылдауға болады. Бұл ретте норманың дұрыс есептік кезеңге есептелгендігін анықтау үшін көпжылдық мәннәі салыстырмалы қателігі мен уақыттық қатардың вариация коэффициентінің қателігі есептелді. Қар жамылғысы максималды ылғал қорының нормаларының салыстырмалы қателіктері ( $\sigma_{SWE0}$ , %) 2,86 – 7,43 % аралығында ауытқыса, қатардың вариация (өзгергіштік) коэффициентінің қателігі 10,3 – 11,5 % тең болды. Шартқа сәйкес нормаларының салыстырмалы қателіктері 10 %-дан және вариация коэффициентінің қателігі 15 % аспағандықтан көпжылдық мәліметтер негізінде есептік кезеңнің репрезентативті екендігі анықталып, 1971-2020 жж. көпжылдық орташа мәндер «норма» ретінде қабылданды (6-кесте).

Кесте 3.5 – 1971-2020 жж. кезеңінде Есіл сушаруашылық алабындағы қар жамылғысының максималды ылғал қорының статистикалық сипаттамалары және олардың әртүрлі қамтамасыздықтағы мәндері

| № | Метеорологиялық станция | Орташа көпжылдық SWE <sub>max</sub> сипаттамалары |                       |                |                     |                | Әртүрлі қамтамасыздықтағы қар жамылғысындағы максималды ылғал қоры мәндері SWE <sub>max</sub> , мм |       |       |      |      |      |      |  |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------|-----------------------|----------------|---------------------|----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------|------|------|------|------|--|
|   |                         | SWE, мм                                           | σ <sub>SWE0</sub> , % | C <sub>v</sub> | σ <sub>Cv</sub> , % | C <sub>s</sub> | 5%                                                                                                 | 10%   | 25%   | 50%  | 75%  | 90%  | 95%  |  |
| 1 | Благовещенка            | 83,6                                              | 4,86                  | 0,34           | 10,7                | 0,85           | 136,2                                                                                              | 121,7 | 100,4 | 79,6 | 62,3 | 50,6 | 45,2 |  |
| 2 | Булаево                 | 83,4                                              | 4,29                  | 0,30           | 10,5                | 0,75           | 129,3                                                                                              | 117,0 | 98,5  | 80,4 | 65,4 | 53,9 | 48,4 |  |
| 3 | Возвышенка              | 76,5                                              | 4,86                  | 0,34           | 10,7                | 0,34           | 121,5                                                                                              | 110,8 | 93,4  | 75,0 | 58,3 | 44,3 | 36,6 |  |
| 4 | Кішкенекөл              | 89,3                                              | 7,71                  | 0,54           | 11,5                | 0,97           | 179,7                                                                                              | 153,9 | 116,9 | 81,6 | 54,1 | 34,5 | 25,1 |  |

## 3.5 кестенің жалғасы


| №             | Метеорологиялық станция | Орташа көпжылдық SWE <sub>max</sub> сипаттамалары |                     |                |                   |                | Әртүрлі қамтамасыздықтағы қар жамылғысындағы максималды ылғал қоры мәндері SWE <sub>max</sub> , мм |             |             |             |             |             |             |
|---------------|-------------------------|---------------------------------------------------|---------------------|----------------|-------------------|----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
|               |                         | SWE, мм                                           | $\sigma_{SWE0}$ , % | C <sub>v</sub> | $\sigma_{Cv}$ , % | C <sub>s</sub> | 5%                                                                                                 | 10%         | 25%         | 50%         | 75%         | 90%         | 95%         |
| 5             | Петропавловск           | 83,9                                              | 5,29                | 0,37           | 10,8              | 0,74           | 140,7                                                                                              | 125,5       | 102,6       | 80,2        | 61,6        | 47,3        | 40,3        |
| 6             | Рузаевка                | 75,6                                              | 7,43                | 0,52           | 11,4              | 0,94           | 149                                                                                                | 128,2       | 98,2        | 69,4        | 46,9        | 30,7        | 22,8        |
| 7             | Саумалкөл               | 82,6                                              | 5,14                | 0,36           | 10,7              | 0,72           | 136,9                                                                                              | 122,3       | 100,7       | 79,1        | 61,2        | 47,5        | 40,6        |
| 8             | Сергеевка               | 77,2                                              | 5,43                | 0,38           | 10,8              | 0,76           | 131,0                                                                                              | 116,6       | 94,8        | 73,7        | 56,0        | 42,7        | 36,3        |
| 9             | Тайынша                 | 48,9                                              | 4,86                | 0,34           | 10,7              | 0,61           | 78,9                                                                                               | 71,0        | 59,2        | 47,2        | 36,9        | 29          | 24,8        |
| 10            | Тимирязево              | 63,4                                              | 5,29                | 0,37           | 10,8              | 0,74           | 106,3                                                                                              | 94,8        | 77,5        | 60,6        | 46,5        | 35,7        | 30,5        |
| 11            | Чкалово                 | 37,5                                              | 7,43                | 0,52           | 11,4              | 1,30           | 74,9                                                                                               | 63,6        | 47,7        | 33,4        | 23,1        | 16,8        | 14,1        |
| 12            | Явленка                 | 73,8                                              | 6,71                | 0,47           | 11,2              | 0,94           | 138,6                                                                                              | 120,3       | 93,8        | 68,3        | 48,5        | 34,2        | 27,3        |
| 13            | Ақкөл                   | 101,4                                             | 4,43                | 0,31           | 10,6              | 0,62           | 158,2                                                                                              | 143,3       | 120,9       | 98,2        | 78,8        | 63,8        | 56,0        |
| 14            | Аршалы                  | 60,21                                             | 6,71                | 0,47           | 11,2              | 0,94           | 113,1                                                                                              | 98,1        | 76,5        | 55,7        | 39,6        | 27,9        | 22,2        |
| 15            | Атбасар                 | 91,4                                              | 4,29                | 0,30           | 10,5              | 0,60           | 140,8                                                                                              | 127,9       | 100,0       | 88,7        | 71,7        | 58,5        | 51,7        |
| 16            | Балкашино               | 145,7                                             | 3,86                | 0,27           | 10,5              | 0,54           | 215,6                                                                                              | 197,6       | 170,3       | 142,2       | 117,4       | 98          | 87,7        |
| 17            | Егіндікөл               | 87,1                                              | 2,86                | 0,20           | 10,3              | 0,40           | 117,6                                                                                              | 110,1       | 98,0        | 85,9        | 74,7        | 65,7        | 60,6        |
| 18            | Ерейментау              | 58,9                                              | 5,43                | 0,38           | 10,8              | 0,76           | 99,9                                                                                               | 88,9        | 72,3        | 56,1        | 42,7        | 32,5        | 27,6        |
| 19            | Есіл                    | 54,7                                              | 5,43                | 0,38           | 10,8              | 0,76           | 99,8                                                                                               | 82,5        | 67,1        | 52,1        | 39,6        | 20,3        | 25,8        |
| 20            | Жақсы                   | 64,5                                              | 5,57                | 0,39           | 10,8              | 0,98           | 111,7                                                                                              | 98,2        | 78,9        | 60,5        | 46,1        | 40,0        | 31,1        |
| 21            | Жалтыр                  | 92,5                                              | 4,00                | 0,28           | 10,5              | 0,56           | 138,7                                                                                              | 126,7       | 108,7       | 90,1        | 73,9        | 61,2        | 54,5        |
| 22            | Көкшетау                | 45,0                                              | 5,86                | 0,41           | 10,9              | 0,82           | 79,1                                                                                               | 69,8        | 56,0        | 42,8        | 31,6        | 23,5        | 19,8        |
| 23            | Степногорск             | 57,9                                              | 4,14                | 0,29           | 10,5              | 0,58           | 87,9                                                                                               | 80,1        | 68,3        | 56,2        | 45,8        | 37,7        | 33,4        |
| 24            | Щучинск                 | 81,7                                              | 5,43                | 0,38           | 10,8              | 0,57           | 137,2                                                                                              | 122,8       | 101,1       | 78,8        | 59,4        | 44,3        | 36,3        |
| <b>Орташа</b> |                         | <b>75,7</b>                                       | <b>3,14</b>         | <b>0,22</b>    | <b>10,3</b>       | <b>0,55</b>    | <b>105,3</b>                                                                                       | <b>97,7</b> | <b>86,1</b> | <b>74,2</b> | <b>63,7</b> | <b>55,6</b> | <b>51,2</b> |

Жылдың ылғал қорына қатысты қар жамылғысының ылғал қорына тапшы, норма және аса ылғалды болуын анықтау үшін әрбір жекелеген станцияға қамтамасыз ету қисығы тұрғызылды (сурет В-қосымшасы). Қамтамасыздық шамасына қарай жылдың ылғалдылығы Андреяновтың классификациясына сәйкес жіктелді: 0-20 % - аса ылғалды; 21-40 % - ылғалды; 41-60 % - орташа; 61-80 % - тапшы; 81-100 % - аса тапшы.

Көп қарлы және аз қарлы қысты және осы фазалардың өзгеру сәтін анықтау үшін гидрометеорологиялық зерттеулерде әртүрлі фазаларды анықтау үшін кеңінен қолданылатын айырмашылық интегралды қисықтар тұрғызылды (3.3-сурет).

Есіл сушаруашылығы алабы үшін қар жамылғысындағы ылғал қоры аса ылғалды жылдары 89,0 мм жоғары болады, ылғалды жылдары 88,9 – 81,4 мм аралығында, ылғалдылығы орташа жылдары 81,3 – 70,8 мм, ылғал қоры тапшы жылдары 70,7 – 56,1 мм, аса тапшы жылдары 56,0 мм төмен болатындығы анықталды.

Есіл сушаруашылығы алабының қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1984 жылға дейінгі кезең қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу циклін көрсетсе, 1985 ж. бастап 2007 ж. дейінгі кезеңінде ұлғаю циклі байқалады, әрі қарай 2007-2012 жж. – төмендеу циклі, ал 2013-2017 жж. ылғал қорының жоғарылау циклін (3.3-сурет) көрсетеді.



Сурет 3.3 – Есіл сушаруашылығы алабы қар жамылғысы ылғал қорының ылғалдылығы бойынша классификациясы

3.6-кестеде әрбір ылғалдылық деңгейі бойынша жылдардың жіктелуі көрсетілген.

Кесте 3.6 – Есіл сушаруашылығы алабы қар жамылғысы ылғал қорының ылғалдылығы бойынша классификациясы


| аса тапшы<br>SWE ≤ 56,0 | тапшы<br>70,7-56,1 | орташа<br>81,3-70,8 | ылғалды<br>88,9-81,4 | аса ылғалды<br>SWE ≥ 89,0 |
|-------------------------|--------------------|---------------------|----------------------|---------------------------|
| 1974                    | 1972               | 1971                | 1979                 | 1977                      |
| 1978                    | 1975               | 1973                | 1985                 | 1986                      |
| 1984                    | 1976               | 1980                | 1987                 | 1990                      |
| 2002                    | 1981               | 1983                | 1988                 | 2001                      |
| 2006                    | 1982               | 1989                | 1992                 | 2005                      |
| 2008                    | 1991               | 1993                | 1994                 | 2007                      |
| 2009                    | 1998               | 1995                | 1997                 | 2013                      |
| 2012                    | 2000               | 1996                | 1999                 | 2015                      |
| 2018                    | 2004               | 2010                | 2003                 | 2016                      |
|                         | 2011               | 2019                | 2014                 | 2017                      |

3.4-суреттегі жиынтық интегралды қисығы 1984 жылдан бастап қар жамылғысы ылғал қорының ұлғайғандығын көрсетеді, алайда бұл ұлғаю статистикалық маңыздылыққа ие емес.


Қар жамылғысының максималды ылғал қорының ( $\overline{SWE}_{max}$ ) кеңістіктік таралуын анықтау мақсатында ArcGIS 10.2 геоақпараттық жүйесі көмегімен карта тұрғызылды.

1971-2020 жж. көпжылдық кезеңіндегі қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының ( $\overline{SWE}_{max}$ ) кеңістіктік таралуын талдау нәтижесі Есіл сушаруашылық алабында оның мәні 38 (Чкалово) – 146 (Балкашино) мм аралығында өзгередінін көрсетті, оның еруі басталғанға дейін алап бойынша орташа көпжылдық мәні 76 мм құрайды. Көкшетау төбесінің батыс

беткейлерінде, Жабай және Қалқұтан өзендері алаптары аймағында  $\overline{SWE}_{max}$  мәні 145 мм дейін жетеді. Солтүстік Қазақстан облысының жазық аймақтары (Чкалово, Тайынша) мен Ақмола облысының қиыр шығысындағы жазық аймағында (Степногорск, Ерейментау)  $\overline{SWE}_{max}$  шамасының ең төменгі мәндері байқалады, сәйкесінше бұл шама 44,0 және 58,5 мм дейін жетеді (3.5-сурет).



Сурет 3.4 – Есіл сушаруашылығы алабының қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңіндегі айырымдық және жиынтық интегралды қисықтары



Сурет 3.5 – 1971-2020 жылдар аралығында Есіл сушаруашылық алабында қар жамылғысындағы орташа көпжылдық максималды су қорының кеңістіктік таралуы

Қар жамылғысы ылғал қорының мұндай таралуы 1960 ж. дейінгі зерттеу нәтижелерінде [148] де көрініс тапқан. Аталған жұмыста зерттеліп отырған жазықта орналасқан Есіл сушаруашылық алабының неғұрлым биігірек және Көкшетау облысының орманды бөлігінде, оның шығыс, жазық және далалы бөліктеріне қарағанда, едәуір қар қоры байқалатындығы көрсетілген. Көктемгі қар еріген кезде қардағы ылғал қоры көбінесе батыста 75-100 мм және облыстың шығыс бөлігінде 55-60 мм жететіндігі анықталса, аз қарлы қыста олар батыста 40-60 мм дейін, шығыста 20-25 мм дейін азаятыны көрсетілген. Көп қарлы қыста облыстың барлық аумағында қардағы су қоры 100 мм және одан да көп болады, ал Көкшетау биіктігінің батыс беткейлерінде кей жерлерде 150-180 мм-ге дейін жетуі мүмкін (қар қоры 1% қамтамасыз етілген жылдары) екендігі көрсетілген.

$\overline{SWE}_{max}$  өзгеруін бағалау үшін кеңістіктік таралуын анықтаумен қатар, оның уақыттық өзгерістерін зерттеу маңызды. Осы мақсатта 1971-2020 жж. кезеңіндегі  $\overline{SWE}_{max}$  өзгеру тенденциясы бағаланды. Бұл мақсатта қар жамылғысы максималды ылғал қорының уақыттық өзгергіштігін анықтайтын негізгі статистикалық сипаттамалар: сызықтық трендтің коэффициенті, детерминация коэффициенті, Фишердің F үлестіру критерийі есептеліп, 3.7-кестеде нәтижелері берілген.

Тренд компонентінің уақыттық қатарының жалпы дисперсиясына қосқан үлесінің маңыздылығы детерминация коэффициенті (D) көмегімен бағаланды. Егер детерминация коэффициенті 5 %-дан асса, тренд маңызды деп қабылданады.

Кесте 3.7 – Есіл сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың 1971-2020 жж. кезеңіндегі қар жамылғысы ылғал қорының өзгеруінің статистикалық көрсеткіштері

| №  | Метеорологиялық станция | Статистикалық көрсеткіш |              |      |                               |
|----|-------------------------|-------------------------|--------------|------|-------------------------------|
|    |                         | а2, мм/10 жыл           | R2, %        | R2   | Фишердің F үлестіру критерийі |
| 1  | Благовещенка            | 4,24                    | 4,43         | 0,04 | 2,27                          |
| 2  | Булаево                 | 1,37                    | 0,61         | 0,01 | 0,30                          |
| 3  | Возвышенка              | <b>-6,54</b>            | <b>12,67</b> | 0,13 | <b>7,11</b>                   |
| 4  | Кішкенекөл              | 3,77                    | 1,21         | 0,01 | 0,60                          |
| 5  | Петропавловск           | 0,35                    | 0,03         | 0,00 | 0,01                          |
| 6  | Рузаевка                | <b>17,80</b>            | <b>41,03</b> | 0,41 | <b>34,09</b>                  |
| 7  | Саумалкөл               | <b>7,88</b>             | <b>14,39</b> | 0,14 | <b>8,23</b>                   |
| 8  | Сергеевка               | -2,29                   | 1,19         | 0,01 | 0,59                          |
| 9  | Тайынша                 | 2,74                    | 5,29         | 0,05 | 2,74                          |
| 10 | Тимирязево              | -0,24                   | 0,02         | 0,00 | 0,01                          |
| 11 | Чкалово                 | -1,69                   | 1,52         | 0,02 | 0,76                          |
| 12 | Явленка                 | -3,17                   | 1,67         | 0,02 | 0,83                          |
| 13 | Ақкөл                   | 1,18                    | 0,28         | 0,00 | 0,14                          |
| 14 | Аршалы                  | 2,30                    | 1,32         | 0,01 | 0,66                          |
| 15 | Атбасар                 | -0,29                   | 0,02         | 0,00 | 0,01                          |
| 16 | Балкашино               | -4,77                   | 2,97         | 0,03 | 1,50                          |
| 17 | Егіндікөл               | 2,08                    | 2,94         | 0,03 | 1,49                          |
| 18 | Ерейментау              | -0,85                   | 0,29         | 0,00 | 0,14                          |

## 3.7 кестенің жалғасы

| №  | Метеорологиялық станция | Статистикалық көрсеткіш |              |      |                               |
|----|-------------------------|-------------------------|--------------|------|-------------------------------|
|    |                         | a2, мм/10 жыл           | R2, %        | R2   | Фишердің F үлестіру критерийі |
| 19 | Есіл                    | 3,62                    | 6,07         | 0,06 | 3,17                          |
| 20 | Жақсы                   | <b>9,48</b>             | <b>29,12</b> | 0,29 | <b>20,13</b>                  |
| 21 | Жалтыр                  | 0,24                    | 0,02         | 0,00 | 0,01                          |
| 22 | Көкшетау                | 2,63                    | 4,09         | 0,04 | 2,09                          |
| 23 | Степногорск             | -0,34                   | 0,08         | 0,00 | 0,04                          |
| 24 | Щучинск                 | 5,49                    | 6,35         | 0,06 | 3,33                          |

Статистикалық көрсеткіштердің нәтижелері бойынша Есіл сушаруашылығы алабында қар жамылғысының максималды ылғал қорының өзгеру жылдамдығы: өсу жылдамдығы 0,45 – 17,80 мм/10 жыл құраса, азаю жылдамдығы 0,13 – 6,54 мм/10 жыл тең. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру жылдамдығында қандай да бір заңдылықтың орын алуы анықталмады.  $\overline{SWE}_{max}$  өсуінің статистикалық маңызды трендтері Рузаевка, Саумалкөл, Жақсы метеорологиялық станцияларында байқалса,  $\overline{SWE}_{max}$  төмендеуінің статистикалық маңызды трендтері Возвышенка станциясында байқалған. Жоғарыда келтірілген өзгерістер Фишердің үлестіру критерийі бойынша F есептеулерімен де расталады ( $F_{қосымша} > 6.0$ ).

Сонымен қатар, 1971-2020 жж. кезеңінде қар жамылғысы максималды ылғал қорының өзгеру тренді Манн-Кендаллдың тесті арқылы анықталды (3.8-кесте).

Кесте 3.8 – Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелері

| №  | Метеорологиялық станция | MK-stat | s.e.  | z-stat        | p-value      | trend |
|----|-------------------------|---------|-------|---------------|--------------|-------|
| 1  | Акколь                  | 27      | 116,0 | 0,224         | 0,823        | no    |
| 2  | Аршалы                  | 145     | 116,0 | 1,242         | 0,214        | no    |
| 3  | Атбасар                 | -33     | 116,0 | -0,276        | 0,783        | no    |
| 4  | Балкашино               | -107    | 116,0 | -0,914        | 0,361        | no    |
| 5  | Благовещенка            | 141     | 116,0 | 1,207         | 0,227        | no    |
| 6  | Булаево                 | 20      | 116,0 | 0,164         | 0,870        | no    |
| 7  | Возвышенка              | -306    | 116,0 | <b>-2,630</b> | <b>0,009</b> | yes   |
| 8  | Егиндиколь              | 104     | 115,9 | 0,889         | 0,374        | no    |
| 9  | Ерейментау              | -107    | 115,9 | -0,914        | 0,360        | no    |
| 10 | Есиль                   | 199     | 116,0 | 1,707         | 0,088        | no    |
| 11 | Жаксы                   | 506     | 116,0 | <b>4,354</b>  | <b>0,000</b> | yes   |
| 12 | Жалтыр                  | -38     | 115,9 | -0,319        | 0,750        | no    |
| 13 | Кишкенеколь             | -10     | 116,0 | -0,078        | 0,938        | no    |
| 14 | Кокшетау                | 202     | 115,9 | 1,734         | 0,083        | no    |
| 15 | Петропавловск           | -5      | 116,0 | -0,034        | 0,972        | no    |
| 16 | Рузаевка                | 597     | 116,0 | <b>5,139</b>  | <b>0,000</b> | yes   |
| 17 | Саумалколь              | 313     | 116,0 | <b>2,690</b>  | <b>0,007</b> | yes   |
| 18 | Сергеевка               | -108    | 116,0 | -0,923        | 0,356        | no    |
| 19 | Степногорск             | -2      | 115,9 | -0,009        | 0,993        | no    |
| 20 | Тайынша                 | 202     | 115,9 | 1,735         | 0,083        | no    |
| 21 | Тимирязево              | -83     | 115,9 | -0,707        | 0,479        | no    |
| 22 | Чкалово                 | -60     | 115,9 | -0,509        | 0,611        | no    |
| 23 | Щучинск                 | 236     | 116,0 | <b>2,026</b>  | <b>0,043</b> | yes   |
| 24 | Явленка                 | -30     | 116,0 | -0,250        | 0,803        | no    |

Есептеулер нәтижесінде  $Z$ -stat оң нәтижелер өсу тенденциясын көрсетсе, теріс мәндері төмендеу тенденциясын көрсетеді. Трендердің тесті  $\alpha = 0,01$ ,  $\alpha = 0,05$  маңыздылық деңгейлері үшін жүргізіледі. 5 % маңыздылық деңгейінде, егер  $|Z\text{-stat}| > 1,96$  болса, нөлдік тренд жоқ гипотеза қабылданбайды, ал егер  $|Z\text{-stat}| > 2,576$  1% маңыздылық деңгейінде болса, қабылданбайды. Жұмыста трендтің маңыздылығы  $\alpha = 0,05$  маңыздылық деңгейі үшін анықталды.

Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелеріне сәйкес, Жақсы, Рузаевка, Саумалкөл, Щучинск метеостанциялары қар жамылғысы ылғал қорының өсу тенденциясы байқалып, оның өсуі маңызды болып табылатыны анықталды. Ал Возвышенка станциясында азаю тенденциясының маңыздылығы анықталды.


1971-2020 жж. кезеңінде Есіл сушаруашылық алабының аумағы бойынша орта есеппен (3.6 а, б-сурет)  $\overline{SWE}_{max}$  елеулі өзгерістерге ие емес.

Қар жамылғысы максималды ылғал қорының климаттың өзгеруі жағдайында өзгеруін анықтау мақсатында көпжылдық уақыттық қатары теңдеу екі кезеңге: 1971-1994 жж. және 1995-2020 жж. бөлініп қарастырылды (3.7-сурет).


$\overline{SWE}_{max}$  өзгеруін 1971-1994 жж. (негізгі) және 1995-2020 жж. (заманауи) екі кезеңдегі орташа көпжылдық мәндерді салыстыру арқылы бағалау нәтижесінде алаптың жазық аймақтарында ( $H < 200$  м) 1995-2020 жж. алдыңғы 1971-1994 жж. кезеңге қарағанда қар жамылғысы ылғал қоры 0,7 мм (Степногорск ст.) – 16,4 мм (Сергеевка ст.) дейін азайғандығы байқалады. Сонымен қатар, Жабай өзені алабында орналасқан Балкашино, Атбасар метеостанцияларында ылғал қорының орташа алғанда 15 мм-ге азаю тенденциясы байқалады. Заманауи кезеңде ылғал қорының Саумалкөл, Рузаевка, Жақсы станцияларында 21,9 – 46,2 мм ұлғаю тенденциясы анықталды.

Есіл сушаруашылығы алабының қар жамылғысы максималды ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық өзгеруін бағалау нәтижесінде келесі қорытындыны жасауға болады:


- Тұрақты қар жамылғысы алап бойынша 20 қазан – 10 желтоқсан аралығында, орташа алғанда 6 қараша орнатылады.



Сурет 3.6 (а) – Есіл сушаруашылығы алабының орташа аудандық қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңінде таралуы



Сурет 3.6 (б) – Есіл сушаруашылығы алабының орташа аудандық қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңінде таралуы



Сурет 3.7 – Есіл сушаруашылығы алабында 1971-1994 жж. және 1995-2020 жж. қар жамылғысы максималды ылғал қорының өзгеруі

- Ал тұрақты қар жамылғысының жойылуы 14 наурыз – 18 сәуір аралығында, орта есеппен 2 сәуірде орын алады;

- Қар жамылғысымен болатын күндер саны 136 – 163 күн аралығында ауытқиды, ал орта есеппен 149 күнді құрайды. Алаптың солтүстік жазық аудандарында қармен болған күндер саны 150 күннен аспайтындығы, сонымен қатар алаптың орталығында (биіктігі 400 м) қарлы күндер саны жоғары болатындығы анықталды;

- Қар жамылғысы ылғал қоры максималды мәніне ақпанның екінші онкүндігі мен наурыздың бірінші онкүндігі аралығында байқалып, орта есеппен

50 мм құрайды. Максималды ылғал қоры орнатылғанға дейін ол 1-6 мм/онкүндікке өссе, алап үшін орташа есеппен 4 мм/онкүндік жылдамдығымен өседі. Ал еру жылдамдығы 10 мм/онкүндігіне еритіндігі байқалады;

1971-2020 жж. кезеңіндегі көпжылдық ылғал қоры мәліметтері негізінде алапта орналасқан әрбір метеорологиялық станция үшін олардың нормалары есептелді. Нәтижесінде қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәні 37,5 мм (Чкалово) – 145,7 мм (Балкашино) аралығында ауытқыса, алап үшін орташа аудандық мәні – 75,7 мм құрайтыны анықталды. Есептелген нормалардың репрезентативтілігі қатардың орташа көпжылдық шамасының салыстырмалы орташа квадраттық қателігі мен вариация коэффициентінің салыстырмалы орташа квадраттық қателігі көмегімен анықталды.

- Есіл сушаруашылығы алабының қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1984 жылға дейінгі кезең қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу циклін көрсетсе, 1985 ж. бастап 2007 ж. дейінгі кезеңінде ұлғаю циклі байқалады, әрі қарай 2007-2012 жж. – төмендеу циклі, ал 2013-2017 жж. ылғал қорының жоғарылау циклін көрсетеді;

- қар жамылғысының максималды ылғал қорының өзгеру жылдамдығы келесідей болды: өсу жылдамдығы 0,45 – 17,80 мм/10 жыл құраса, азаю жылдамдығы 0,13 – 6,54 мм/10 жыл тең. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру жылдамдығында қандай да бір заңдылықтың орын алуы анықталмады.  $\overline{SWE}_{max}$  өсуінің статистикалық маңызды трендтері Рузаевка, Саумалкөл, Жақсы метеорологиялық станцияларында байқалса,  $\overline{SWE}_{max}$  төмендеуінің статистикалық маңызды трендтері Возвышенка станциясында байқалған. Бұл өзгерістер Фишердің үлестіру критерийі бойынша F есептеулерімен де расталады;

- Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелеріне сәйкес, Жақсы, Рузаевка, Саумалкөл, Щучинск метеостанциялары қар жамылғысы ылғал қорының өсу тенденциясы байқалып, оның өсуі маңызды болып табылатыны анықталды. Ал Возвышенка станциясында азаю тенденциясының маңыздылығы анықталды.


Зерттеу барысында алынған нәтижелер [149] жұмысында жарық көрген.

### **3.2 Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасы**

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу мақсатында алапта орналасқан 14 метеорологиялық станцияның мәліметтер қоры жинақталды (3.8-сурет).

Бақылау мәліметтері жоқ жылдардың мәндері аналогия әдісі бойынша қалпына келтірілді. Қалпына келтіру барысында регрессия теңдеуін құру кезінде негізгі 4 шарттың орындалуы қамтамасыз етілді. Яғни, аналог-станция мен қалпына келтірілетін станция мәліметтері арасындағы байланысты көрсететін – корреляция коэффициенті сәйкесінше  $R \geq 0,7$ , регрессия теңдеуі құрылған жылдар саны да  $n' \geq 6 - 10$  көп болды, сонымен бірге

коэффициенттердің олардың орташа квадраттық қателіктеріне қатынасы  $A_{кр}$  және  $B_{кр} \geq 2,0$  шамасынан төмен болды (3.9-кесте). Сонымен қатар, екі метеорологиялық станция арасындағы физико-географиялық ерекшеліктердің ұқсас болу шарты да сақталды.



Сурет 3.8 – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабындағы метеорологиялық станциялардың орналасу картасы

Қар жамылғысындағы максималды ылғал қоры мәліметтері, толығымен қалпына келтірілген үзілістерді қоса алғанда, В қосымшасының 3-кестесінде берілген (3-кесте В қосымшасы).

Қалпына келтірілген мәліметтер әрі қарай статистикалық өңдеу – біртектілікке тексеруден өтіп, келесі нәтижелерді (3.10-кесте) көрсетті:

- Фишердің F-критерий бойынша уақыттық қатардың сыни мәні  $F_a = 2,27$  салыстыру арқылы Жетіқоңыр станциясында;

- Стьюденттің t-критерийі тесті бойынша  $t^*$  статистикасының сыни мәні  $t_a = 2,012$  салыстыру арқылы алынған нәтижеге сәйкес, Ақсу-Аюлы, Қарағанды СХОС станцияларында;

- Вилькокسونның U критерийі ( $U_1=202$ ,  $U_2=398$ ) негізінде Ақсу-Аюлы, Қарағанды СХОС станцияларында станцияларында қатарлардың біртектілігі бұзылғандығы анықталды.

Кесте 3.9 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы жекелеген станциялар бойынша қардағы ылғал қорларын қалпына келтіру туралы мәліметтер

| № | Метеорологиялық станция | Аналог-станция | Регрессия теңдеуі      | Теңдеу алынған кезең | Жыл саны | R    | Қалпына келтірілген жыл |
|---|-------------------------|----------------|------------------------|----------------------|----------|------|-------------------------|
| 1 | Ақсу-Аюлы               | Ақадыр         | $y = 0,5433x + 19,622$ | 1971-1978            | 8        | 0,88 | 1979                    |

### 3.9 кестенің жалғасы

| № | Метеорологиялық станция | Аналог-станция | Регрессия теңдеуі      | Теңдеу алынған кезең | Жыл саны | R    | Қалпына келтірілген жыл      |
|---|-------------------------|----------------|------------------------|----------------------|----------|------|------------------------------|
| 2 | Бесоба                  | Родниковское   | $y = 0,7683x + 1,599$  | 1979-1985            | 7        | 0,84 | 1999                         |
| 3 | Жетіқоңыр               | Жаңаарқа       | $y = 0,5894x + 18,884$ | 1972-1984            | 13       | 0,71 | 1971, 1985, 1995, 2015, 2016 |
| 4 | Қызылту                 | Жаңаарқа       | $y = 1,2052x + 36,822$ | 1983-1993            | 11       | 0,77 | 1982                         |
| 5 | Корнеевка               | Бесоба         | $y = 1,2671x - 1,9933$ | 1971-1981            | 11       | 0,81 | 1982                         |
| 6 | Родниковское            | Корнеевка      | $y = 0,2338x + 27,697$ | 1979-1985            | 7        | 0,85 | 1978                         |

Маңыздысы, егер 3 сынақтың біреуі орындалмаса, уақыттық қатар біртекті болып саналады, ал егер 3 сынақтың екеуі немесе барлығы орындалмаса, уақыттық қатар біртектілігі бұзылған деп қабылдануы тиіс. Осылайша, Ақсу-Аюлы және Қарағанды СХОС станцияларында уақыттық қатардың біртектілігі бұзылған, ал қалған метеорологиялық станциялардың уақыттық қатарлары статистикалық біртектілікті көрсетті.

### Кесте 3.10 – Бақылау қатарларын біртектілікке тексеру нәтижесі

| №  | МС             | Фишер критерийі |       | Стьюдент критерийі |       | Уилкоксон критерийі |       |
|----|----------------|-----------------|-------|--------------------|-------|---------------------|-------|
|    |                | F/Fa            | шешім | t/ta               | шешім | U                   | шешім |
| 1  | Коргалжын      | 1,117           |       | 0,012              |       | 287                 |       |
| 2  | Акадыр         | 1,325           |       | 0,022              |       | 288                 |       |
| 3  | Ақсу-Аюлы      | 1,01            |       | 3,051              | жоқ   | 434                 | жоқ   |
| 4  | Бесоба         | 1,091           |       | 0,047              |       | 302                 |       |
| 5  | Жаңаарқа       | 1,7             |       | 1,091              |       | 347                 |       |
| 6  | Жарык          | 1,244           |       | 0,562              |       | 347                 |       |
| 7  | Жезказған      | 1,934           |       | 0,679              |       | 337                 |       |
| 8  | Жетықонур      | 3,892           | жоқ   | 1,711              |       | 366                 |       |
| 9  | Қарағанда      | 1,577           |       | 0,484              |       | 318                 |       |
| 10 | Қарағанда СХОС | 1,269           |       | 3,388              | жоқ   | 467                 | жоқ   |
| 11 | Кертинды       | 1,099           |       | 1,143              |       | 361                 |       |
| 12 | Қызылту        | 1,31            |       | 0,441              |       | 329                 |       |
| 13 | Корнеевка      | 1,171           |       | 0,611              |       | 272                 |       |
| 14 | Родниковское   | 1,358           |       | 0,514              |       | 324                 |       |


\*бос ұяшықтар біртектіліктің бұзылмағандығын білдіреді.

#### 3.2.1 Тұрақты қар жамылғысының орнатылуы және жойылуы

Нұра-Сарысу алабында орналасқан 12 метеорологиялық станцияның 1971-2020 жж. онкүндік орташаланған көпжылдық қар жамылғысы ылғал қорының бақылау мәліметтерін негізінде (3.11-кесте), қар жамылғысының жүрісін талдау барысында тұрақты қар жамылғысы қазақ айының үшінші онкүндігі (X\_3) мен қарашаның бірінші онкүндігі (XI\_1) аралығында орнатылып, максималды мәніне ақпан айының екінші және үшінші онкүндігі (II\_2, III\_3) аралығында жетеді. Ал ҚазССР Гидрометеорологиялық қызметінің басқармасының (ГМҚБ) мәліметтеріне [150] сәйкес, қар жамылғысы максималды ылғал қоры Қарағанды облысының оңтүстік аймағында 20/II – 1/III

күндері, солтүстік және ұсақ шоқының биік бөліктерінде 10-15/III кезінде болатыны көрсетілген. Заманауи кезеңдегі мәліметтермен салыстырғанда қар жамылғысы максималды ылғал қорының орнатылуы 1-2 онкүндікке жылжығандығы байқалады.

Қар жамылғысының максималды ылғал қоры орнатылғанға дейін ылғал қоры 1-6 мм/онкүндікке өссе, алап үшін орташа есеппен 3 мм/онкүндік жылдамдығымен өседі (3.9-сурет).



Сурет 3.9 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында 1971-2020 жылдар кезеңінде қар жамылғысындағы ылғал қорының онкүндіктер бойынша таралуы

Сонымен бірге, көпжылдық мәліметтерге сәйкес, қар жамылғысының толығымен жойылуы сәуір айының екінші онкүндігіне (IV\_2) сәйкес келетіндігін көруге болады. Қар жамылғысының еру кезеңі алап үшін наурыз айының бірінші онкүндігіне (III\_1) сәйкес келеді. Қар жамылғысының еру жылдамдығы Есіл сушаруашылық алабында 3-16 мм/онкүндікке ерісе, орташа алғанда 8 мм/онкүндікке еритіні байқалады.

Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында қар жамылғысымен болатын орташа күндер саны 128 күнді құрайды. Қар жамылғысымен болған күндер саны алапта солтүстіктен оңтүстікке қарай азаю заңдылығына ие. Мәселен, солтүстік аймағында орналасқан Қорғалжын, Кертінді станцияларында сәйкесінше 142, 132 күн болса, оңтүстікке қарай Жезқазған, Жетіқоңыр станцияларында 106, 92 күнге азаяды.

*Тұрақты қар жамылғысының орташа орнатылуы күні* алап үшін орташа алғанда қарашаның екінші онкүндігінде, ерте орнатылуы қазанның үшінші онкүндігінде байқалса, кеш орнатылуы қаңтардың алғашқы онкүндігінде байқалатыны анықталды. Алаптың оңтүстігіне қарай қар жамылғысының тұсрақты орнатылуы кеш жүретіні байқалады, яғни Жетіқоңыр станциясында көпжылдық мәліметтер негізінде орташа алғанда 14 желтоқсанда орнатылады. Ал қар жамылғысының ерте орнатылуы сәйкесінше алаптың солтүстік аймақтарында байқалады. Тұрақты қар жамылғысының кеш орнатылуы алаптың оңтүстік аймақтарында, тіпті ақпан айында да (Жезқазған, Жетіқоңыр) бақыланатыны анықталды.

Тұрақты қар жамылғысының жойылуы алап үшін орта есеппен 27 наурызда байқалады, алап шегінде тұрақты қар жамылғысының ерте орнатылуы солтүстік аймақтарда байқалып, ақпан айының екінші онкүндігінен басталса, Жетіқоңыр станциясында ақпан айында байқалады. Тұрақты қар жамылғысының кеш жойылуы 15 сәуірге сәйкес келеді. Ал ең кеш жойылуы Қорғалжын станциясында 7 мамырда байқалып, ерте жойылуы сәуірдің алғашқы онкүндігінде Жезқазған, Жетіқоңыр станцияларына сәйкес келеді.

Кесте 3.11 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың қар жамылғысының орнатылу, бұзылу күндер саны

| №      | Метеорологиялық станция | Қар жамылғысымен болған күндер саны | Тұрақты қар жамылғысының орнатылу күні |       |       | Тұрақты қар жамылғысының жойылу күні |       |       |
|--------|-------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------|-------|-------|--------------------------------------|-------|-------|
|        |                         |                                     | орташа                                 | ерте  | кеш   | орташа                               | ерте  | кеш   |
| 1      | Корғалжын               | 142                                 | 15.11                                  | 25.10 | 14.12 | 06.04                                | 07.03 | 07.05 |
| 2      | Акадыр                  | 117                                 | 13.11                                  | 01.11 | 12.01 | 21.03                                | 28.02 | 08.04 |
| 3      | Аксу-Аюлы               | 140                                 | 11.11                                  | 18.10 | 03.12 | 30.03                                | 13.03 | 15.04 |
| 4      | Бесоба                  | 129                                 | 17.11                                  | 18.10 | 23.12 | 26.03                                | 06.03 | 19.04 |
| 5      | Жанаарка                | 128                                 | 21.11                                  | 30.10 | 23.12 | 29.03                                | 08.03 | 13.04 |
| 6      | Жарык                   | 137                                 | 15.11                                  | 18.10 | 23.12 | 01.04                                | 15.03 | 16.04 |
| 7      | Жезказған               | 106                                 | 12.11                                  | 07.11 | 01.02 | 19.03                                | 01.03 | 06.04 |
| 8      | Жетықонур               | 92                                  | 14.12                                  | 14.11 | 19.02 | 09.03                                | 11.01 | 05.04 |
| 9      | Караганда               | 136                                 | 12.11                                  | 16.10 | 04.12 | 29.03                                | 07.03 | 12.04 |
| 10     | Караганда СХОС          | 141                                 | 14.11                                  | 18.10 | 13.12 | 03.04                                | 21.03 | 15.04 |
| 11     | Кертінды                | 132                                 | 18.11                                  | 02.11 | 12.01 | 31.03                                | 14.01 | 17.04 |
| 12     | Кызылту                 | 131                                 | 24.11                                  | 01.11 | 12.01 | 04.04                                | 17.03 | 15.04 |
| 13     | Корнеевка               | 140                                 | 13.11                                  | 16.10 | 01.02 | 01.04                                | 01.02 | 19.04 |
| 14     | Родниковское            | 121                                 | 20.11                                  | 11.10 | 02.01 | 20.03                                | 31.01 | 16.04 |
| Орташа |                         | 128                                 | 17.11                                  | 25.10 | 02.01 | 27.03                                | 24.02 | 15.04 |

Осылайша, Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында тұрақты қар жамылғысының орнатылуы мен жойылуы зоналды заңдылыққа ие.

**Қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық таралуы.** Қар жамылғысындағы ылғал қорының кеңістіктік таралуын зерттеу үшін максималды ылғал қорының жыл сайынғы деректері пайдаланылды. Өйткені, бұл шама көктемгі су тасқыны кезеңінде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы үшін маңызы үлкен.

*Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы қар жамылғысы.* Қар жамылғысы алаптағы өзендердің шамамен барлық ағынын құрайды. Алғашқы қар қазан айының басында жауады. Алатың көп бөлігіндегі тұрақты қар жамылғысы қарашаның екінші немесе үшінші онкүндігінде, тек оңтүстік бөлігінде – желтоқсанның басында орнатылады. Қар қорының таралуы жер бедеріне, өсімдік жамылғысына және жел режиміне бағынышты. Тұрақты қар жамылғысы Қазақтың ұсақ шоқыларында 130-150 күннен оңтүстікте 100-120 күнге дейін сақталады. Қардағы судың максималды қоры 5-120 мм.

Алатың оңтүстігіне қарай, Сарысудың ең төменгі ағысында, қардағы ылғал қоры 50 мм-ге жетпейді. Қардың ең көп жиналуы өзен арналарында және уақытша су ағындарында байқалады. Қар мол болатын қыста оларда 2-3 есе көп

жиналады, ал қыстың орташа күрделілігі мен қарлы боран саны алаптың қалған бөлігінен 1,5 есе көп.

Қар жамылғысының еруі әдетте сәуір айының ортасында болады. Бұл аймақ жыл сайын топырақтың қатуымен сипатталады. Мұздатудың ең үлкен тереңдігі 170-тен 230 см-ге дейін, мұздату кезеңінің максималды ұзақтығы 6-7 айға дейін байқалуы мүмкін.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станциялардың қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәндерінің негізгі статистикалық сипаттамалары мен әртүрлі қамтамасыздықтағы мәндері есептелді (3.12-кесте).

Кесте 3.12 – 1971-2020 жж. кезеңінде Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы қар жамылғысының максималды ылғал қорының статистикалық сипаттамалары және олардың әртүрлі қамтамасыздықтағы мәндері


| №      | Метеорологиялық станция | Орташа көпжылдық SWE <sub>max</sub> сипаттамалары |                     |                |                   |                | Әртүрлі қамтамасыздықтағы қар жамылғысындағы максималды ылғал қоры мәндері SWE <sub>max</sub> , мм |       |       |       |      |      |      |
|--------|-------------------------|---------------------------------------------------|---------------------|----------------|-------------------|----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------|-------|------|------|------|
|        |                         | SWE, мм                                           | $\sigma_{SWE0}$ , % | C <sub>v</sub> | $\sigma_{Cv}$ , % | C <sub>s</sub> | 5%                                                                                                 | 10%   | 25%   | 50%   | 75%  | 90%  | 95%  |
| 1      | Қорғалжын               | 87,7                                              | 4,3                 | 0,30           | 10,5              | 0,60           | 135,1                                                                                              | 122,7 | 104,0 | 85,1  | 68,8 | 56,1 | 49,6 |
| 2      | Ақадыр                  | 28,3                                              | 7,1                 | 0,50           | 11,3              | 1,00           | 54,9                                                                                               | 47,3  | 36,4  | 26,0  | 18,0 | 12,3 | 9,62 |
| 3      | Ақсу-Аюлы               | 71,6                                              | 5,6                 | 0,39           | 10,8              | 0,78           | 122,9                                                                                              | 109,0 | 88,3  | 68,1  | 51,3 | 38,8 | 32,8 |
| 4      | Бесоба                  | 35,3                                              | 4,6                 | 0,32           | 10,6              | 0,64           | 55,7                                                                                               | 50,3  | 42,3  | 34,1  | 27,2 | 21,8 | 19,0 |
| 5      | Жаңаарка                | 54,4                                              | 5,1                 | 0,36           | 10,7              | 0,72           | 90,1                                                                                               | 80,5  | 66,3  | 52,1  | 40,3 | 31,3 | 26,8 |
| 6      | Жарық                   | 87,5                                              | 4,3                 | 0,30           | 10,5              | 0,60           | 134,8                                                                                              | 122,4 | 103,8 | 84,9  | 68,6 | 56,0 | 49,4 |
| 7      | Жезқазған               | 54,7                                              | 5,7                 | 0,40           | 10,9              | 0,80           | 95,0                                                                                               | 84,0  | 67,7  | 51,9  | 38,7 | 29,1 | 24,5 |
| 8      | Жетіқоңыр               | 56,1                                              | 9,3                 | 0,65           | 12,0              | 1,63           | 127,6                                                                                              | 104,4 | 73,4  | 46,8  | 29,7 | 20,2 | 16,4 |
| 9      | Қараганды               | 81,0                                              | 4,3                 | 0,30           | 10,5              | 0,60           | 124,7                                                                                              | 113,3 | 96,1  | 78,6  | 63,5 | 51,8 | 45,8 |
| 10     | Қараганды АІШ           | 72,5                                              | 5,1                 | 0,36           | 10,7              | 0,72           | 120,1                                                                                              | 107,3 | 88,3  | 69,4  | 53,7 | 41,7 | 36,7 |
| 11     | Кертінді                | 54,6                                              | 4,7                 | 0,33           | 10,6              | 0,66           | 87,3                                                                                               | 78,6  | 64,7  | 52,6  | 41,6 | 33,2 | 28,7 |
| 12     | Қызылту                 | 118,5                                             | 4,3                 | 0,30           | 10,5              | 0,60           | 182,5                                                                                              | 165,8 | 140,5 | 115,0 | 92,9 | 75,8 | 67,0 |
| 13     | Корнеевка               | 57,1                                              | 5,4                 | 0,38           | 10,8              | 0,76           | 96,9                                                                                               | 86,2  | 70,1  | 54,5  | 41,4 | 31,5 | 26,8 |
| 14     | Родниковское            | 32,8                                              | 5,7                 | 0,40           | 10,9              | 0,60           | 56,4                                                                                               | 50,3  | 40,9  | 31,5  | 23,4 | 17,1 | 13,8 |
| Орташа |                         | 63,7                                              | 2,57                | 0,18           | 10,3              | 0,36           | 83,6                                                                                               | 78,8  | 71,1  | 63,0  | 56,7 | 49,5 | 46,2 |

Көпжылдық мәліметтер негізінде есептелген қар жамылғысы ылғал қоры әрбір метеорологиялық станция үшін нормасы ретінде қабылдауға болады. Бұл ретте норманың дұрыс есептік кезеңге есептелгендігін анықтау үшін көпжылдық мәннәі салыстырмалы қателігі мен уақыттық қатардың вариация коэффициентінің қателігі есептелді. Қар жамылғысы максималды ылғал қорының нормаларының салыстырмалы қателіктері ( $\sigma_{SWE0}$ , %) 4,3 – 9,3 % аралығында ауытқыса, қатардың вариация (өзгергіштік) коэффициентінің қателігі 10,5 – 12,0 % тең болды. Шартқа сәйкес нормаларының салыстырмалы қателіктері 10 %-дан және вариация коэффициентінің қателігі 15 % аспағандықтан көпжылдық мәліметтер негізінде есептік кезеңнің репрезентативті екендігі анықталып, 1971-2020 жж. көпжылдық орташа мәндер «норма» ретінде қабылданды.

Жылдың ылғал қорына қатысты қар жамылғысының ылғал қорына тапшы, норма және аса ылғалды болуын анықтау үшін әрбір жекелеген

станцияға қамтамасыз ету қисығы тұрғызылды (сурет В-қосымшасы). Қамтамасыздық шамасына қарай жылдың ылғалдылығы Андреяновтың классификациясына сәйкес жіктелді: 0-20 % - аса ылғалды; 21-40 % - ылғалды; 41-60 % - орташа; 61-80 % - тапшы; 81-100 % - аса тапшы.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы үшін қар жамылғысындағы ылғал қоры аса ылғалды жылдары 75,2 мм жоғары болады, ылғалды жылдары 68,6 – 75,1 мм аралығында, ылғалдылығы орташа жылдары 58,1 – 68,7 мм, ылғал қоры тапшы жылдары 52,5 – 58,2 мм, аса тапшы жылдары 52,4 мм төмен болатындығы анықталды (3.10-сурет).



Сурет 3.10 – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы қар жамылғысы ылғал қорының ылғалдылығы бойынша классификациясы


Қамтамасыздықтың шамасына қарай қар жамылғысы ылғал қорының мәліметтері әрбір жыл үшін ылғалдылық, тапшылық классификациясына қарай жіктелді (3.13-кесте). Соңғы онжылдық мәліметтеріне сәйкес, Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында, 2018 ж. есепке алмағанда (тапшы), қар жамылғысы ылғал қоры орташа-аса ылғалды жылдар болғандығы байқалады.

Кесте 3.13 – Ылғалдылық классификациясы бойынша жылдардың жіктелуі

| Аса тапшы<br>SWE < 52,4 | Тапшы<br>52,5-58,2 | Орташа<br>58,1-68,7 | Ылғалды<br>68,6-75,1 | аса ылғалды<br>SWE > 75,2 |
|-------------------------|--------------------|---------------------|----------------------|---------------------------|
| 1975                    | 1974               | 1971                | 1972                 | 1973                      |
| 1980                    | 1978               | 1985                | 1976                 | 1987                      |
| 1984                    | 1979               | 1986                | 1977                 | 1990                      |
| 1995                    | 1981               | 1989                | 1982                 | 1992                      |
| 2002                    | 1983               | 1997                | 1988                 | 1993                      |
| 2005                    | 1996               | 1998                | 1991                 | 2000                      |
| 2008                    | 2006               | 2003                | 1994                 | 2001                      |
|                         | 2009               | 2004                | 2007                 | 2013                      |
|                         | 2011               | 2010                | 2014                 | 2016                      |
|                         | 2018               | 2015                | 2017                 | 2019                      |

Көп қарлы және аз қарлы қысты және осы фазалардың өзгеру сәтін анықтау үшін гидрометеорологиялық зерттеулерде әртүрлі фазаларды анықтау

үшін кеңінен қолданылатын айырмашылық интегралды қисықтар тұрғызылды (23-сурет).




Сурет 23 – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңіндегі айырымдық және жиынтық интегралды қисықтары

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1986 жылға дейін қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу кезеңі, 1987-1994 жж. – жоғарылау кезеңі, 1995-2012 жж. кезеңінде, 200-2001 жж. үлкен емес ұлғаю циклімен қатар, ылғал қорының төмендеу тенденциясы байқалады. 2003 жылдан бастап қар жамылғысының өсуі байқалатынын көруге болады.

Қар жамылғысының максималды ылғал қорының ( $\overline{SWE}_{max}$ ) кеңістіктік таралуын анықтау мақсатында ArcGIS 10.2 геоақпараттық жүйесі көмегімен карта тұрғызылды (24-сурет).

1971-2020 жж. көпжылдық кезеңіндегі қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының ( $\overline{SWE}_{max}$ ) кеңістіктік таралуын талдау нәтижесі Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында қар жамылғысы ылғал қоры 28 мм (Ақадыр ст.) – 118 мм (Қызылту ст.) аралығында өзгеретіні, ал оның алап бойынша орташа көпжылдық мәні 64,0 мм құрайтыны анықталды. Нұра-Сарысу алабы аумағындағы 3.10-суреттен көріп отырғанымыздай, қар жамылғысының таралуы ендіктік заңдылыққа бағынатыны, алайда Сарысу өзені ағынының қалыптасуы аумағында, шыңдары 1000-1100 м-ден асатын Ақтау таулары орналасқан, жер бедерінің әсерінен заңдылық айтарлықтай бұзылады.

Қарастырылып отырған алаптың солтүстік бөлігінде, Сары Кеңгір өзені алабының ауданында және Сарысу өзенінің жоғарғы ағысында  $\overline{SWE}_{max}$  мәні 90-118 мм-ге дейін және алаптың оңтүстік бөлігінде 30-40 мм-ге жетеді.



Сурет 24 – 1971-2020 жылдар аралығында Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында қар жамылғысындағы орташа көпжылдық максималды су қорының кеңістіктік таралуы

$\overline{SWE}_{max}$  өзгеруін бағалау үшін кеңістіктік таралуын анықтаумен қатар, оның уақыттық өзгерістерін зерттеу маңызды. Осы мақсатта 1971-2020 жж. кезеңіндегі  $\overline{SWE}_{max}$  өзгеру тенденциясы бағаланды. Бұл мақсатта қар жамылғысы максималды ылғал қорының уақыттық өзгергіштігін анықтайтын негізгі статистикалық сипаттамалар: сызықтық трендтің коэффициенті, детерминация коэффициенті, Фишердің F үлестіру критерийі есептеліп, 3.4-кестеде нәтижелері берілген.

Тренд компонентінің уақыттық қатарының жалпы дисперсиясына қосқан үлесінің маңыздылығы детерминация коэффициенті (D) көмегімен бағаланды. Егер детерминация коэффициенті 5% - дан асса, тренд маңызды деп қабылданады.

Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында статистикалық шамалардың есептеулері нәтижесі алапта қар жамылғысы максималды ылғал қоры 0,7 – 10,3 мм/10 жыл жылдамдығымен өскенін, сонымен бірге 0,5 – 6,2 мм/10 жыл жылдамдығымен азайғандығын көрсетті.  $\overline{SWE}_{max}$  өсуінің статистикалық маңызды трендтері Ақсу-Аюлы және Қарағанды СХОС станцияларында орын алғандығы анықталды. Ақсу-Аюлы станциясында қар жамылғысы ылғал қоры 10,3 мм/10 жыл жылдамдықпен өссе, Қарағанды СХОС станциясында 6,2 мм/10 жыл жылдамдығымен азайғандығын байқауға болады. Аталған станциялардағы қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру трендтерінің маңыздылығы


детерминация коэффициенті көрсеткіші мен Фишердің F үлестіру критерийімен бағаланды (3.14-кесте).

Кесте 3.14 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың 1971-2020 жж. кезеңіндегі қар жамылғысы ылғал қорының өзгеруінің статистикалық көрсеткіштері

| №  | Метеорологиялық станция | Статистикалық көрсеткіш |             |            |             | Ман-Кендалл параметрлік емес тесті |              |               |              |            |
|----|-------------------------|-------------------------|-------------|------------|-------------|------------------------------------|--------------|---------------|--------------|------------|
|    |                         | a2, мм/10 жыл           | R2, %       | R2         | Фишер F     | МК-stat                            | s.e.         | z-stat        | p-value      | trend      |
| 1  | Қорғалжын               | 2,1                     | 1,3         | 0,0        | 0,7         | 74                                 | 116,0        | 0,629         | 0,529        | no         |
| 2  | Ақадыр                  | 1,6                     | 2,5         | 0,0        | 1,3         | 81                                 | 115,8        | 0,691         | 0,490        | no         |
| 3  | Ақсу-Аюлы               | 10,3                    | <b>26,9</b> | 0,3        | <b>18,1</b> | 458                                | 116,0        | <b>3,941</b>  | <b>0,000</b> | <b>yes</b> |
| 4  | Бесоба                  | 0,0                     | 0,0         | 0,0        | 0,0         | 19                                 | 115,9        | 0,155         | 0,877        | no         |
| 5  | Жаңаарқа                | -0,5                    | 0,1         | 0,0        | 0,1         | -1                                 | 115,9        | 0,000         | 1,000        | no         |
| 6  | Жарық                   | 0,6                     | 0,1         | 0,0        | 0,1         | -11                                | 115,9        | -0,086        | 0,931        | no         |
| 7  | Жезқазған               | -0,5                    | 0,1         | 0,0        | 0,1         | -53                                | 116,0        | -0,448        | 0,654        | no         |
| 8  | Жетіқоңыр               | -3,4                    | 1,8         | 0,0        | 0,9         | -136                               | 116,0        | -1,164        | 0,244        | no         |
| 9  | Қарағанды               | 4,6                     | 7,1         | 0,1        | 3,8         | 197                                | 115,9        | 1,691         | 0,091        | no         |
| 10 | Қарағанды СХОС          | -6,2                    | <b>11,3</b> | 0,1        | <b>6,2</b>  | -261                               | 116,0        | <b>-2,242</b> | <b>0,025</b> | <b>yes</b> |
| 11 | Кертінді                | 2,4                     | 3,7         | 0,0        | 1,9         | 183                                | 116,0        | 1,570         | 0,117        | no         |
| 12 | Қызылту                 | -1,4                    | 0,3         | 0,0        | 0,2         | -37                                | 116,0        | -0,310        | 0,756        | no         |
| 13 | Корнеевка               | 3,1                     | 4,1         | 0,0        | 2,1         | 155                                | 115,9        | 1,328         | 0,184        | no         |
| 14 | Родниковское            | 0,7                     | 0,5         | 0,0        | 0,3         | 72                                 | 115,9        | 0,612         | 0,540        | no         |
|    | орташа                  | <b>0,7</b>              | <b>0,3</b>  | <b>0,0</b> | <b>0,1</b>  | <b>77</b>                          | <b>116,0</b> | <b>0,655</b>  | <b>0,512</b> | <b>no</b>  |

Тренд құраушыларының маңызды өзгерістері негізгі статистикалық көрсеткіштен бөлек Ман-Кендаллдың параметрлік емес тесті көмегімен де есептелді. Тест есептеулері нәтижесіне сәйкес, Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында Ақсу-Аюлы және Қарағанды СХОС станция мәліметтерінде трендтің маңыздылығы анықталды, ал қалған станцияларда трендтердің өзгеруі маңыздылыққа ие емес. 5 % маңыздылық деңгейіне сәйкес, Z-stat көрсеткіші бойынша ( $|Z-stat| > 1,96$ ) Ақсу-Аюлы (+3,941) станциясында трендтің өсуі, Қарағанды СХОС (-2,242) станциясында трендтің төмендеуі байқалады.

Жалпы Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында алаптық деңгейде қар жамылғысы максималды ылғал қорының трендтері өзгеруі маңызды еместігі анықталды (3.11 а, б-сурет).




Сурет 3.11 (а) – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының орташа аудандық қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңінде таралуы



Сурет 3.11 (б) – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының орташа аудандық қар жамылғысы ылғал қорының 1971-2020 жж. кезеңінде таралуы

Қар жамылғысы максималды ылғал қорының климаттың өзгеруі жағдайында өзгеруін анықтау мақсатында көпжылдық уақыттық қатары теңдеу екі кезеңге: 1971-1994 және 1995-2020 жж. бөлініп қарастырылды (3.12-сурет).

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы аумағында 1971-1994 жж. (базалық) және 1995-2020 жж. (қазіргі заманғы) қатарынан екі кезеңдегі орташа көпжылдық мәндерін салыстыру әдісімен өзгеруін бағалау барысында  $\overline{SWE}_{max}$  шамасы 0,1 – 23,3 мм аралығында өзгергендігі байқалады (4-кесте В-қосымшасы). Қар жамылғысы ылғал қорының азаюы алаптың оңтүстік аймақтарында байқалса, Нұра өзені алабы аймағында ылғал қорының орта есеппен 3,0 – 4,0 мм өскендігі байқалады. Сонымен қатар, Нұра өзені су жинау алабының бастауында орналасқан Ақсу-Аюлы станциясында ылғал қоры 23,2 мм (59,7 мм-ден 82,9 мм дейін) жоғарылауы байқалады. Алайда, Нұра өзені алабында орналасқан Қарағанды СХОС станциясында ылғал қорының 23,6 мм азайғандығы анықталды.



Сурет 3.12 – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында 1971-1994 жж. және 1995-2020 жж. қар жамылғысы максималды ылғал қорының өзгеруі

Сарысу өзені алабында орналасқан барлық станцияларда ылғал орының азаюы байқалады, мәселен, Жетіқоңыр станциясында 18,1 мм-ге (65,2 мм-ден 47,1 мм дейін) азайса, қалған станцияларда 4,3 – 6,3 мм азайған.

Осылайша, Нұра өзені алабында орналасқан станцияларда қар жамылғысы ылғал қоры климаттың өзгеруі кезеңінде, Қарағанды СХОС станция мәліметін ескермегенде, орта есеппен 3,0 мм өскендігі байқалса, ал Сарысу өзен алабында орналасқан станцияларда орта есеппен 6,3 мм азайғандығы байқалады.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының 1971-2020 жж. кезеңіндегі қар жамылғысы максималды ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық өзгеруін бағалау нәтижесінде келесі **қорытындыны** жасауға болады:

- Тұрақты қар жамылғысы алап бойынша 25 қазан – 1 қаңтар аралығында, орташа алғанда 17 қараша орнатылады. Ал тұрақты қар жамылғысының жойылуы 24 ақпан – 15 сәуір аралығында, орта есеппен 27 наурызда орын алады;

- Қар жамылғысымен болатын күндер саны 92 – 142 күн аралығында ауытқиды, ал орта есеппен 128 күнді құрайды. Алаптың солтүстік және Сарысу алабының бастауы, Ақтау таулары, аймағында қармен болған күндер саны 120 күннен жоғары екендігі және алап бойынша күндер санының жоғарылығымен ерекшеленетіні анықталды. Сонымен бірге, оңтүстіктен солтүстік аймақтарға қарай қарлы күндер санының азаюы, яғни Жезқазған МС 106, Жетіқоңыр МС 92 күнді құрайтындығы анықталды;

- Қар жамылғысы ылғал қоры максималды мәніне ақпанның екінші және үшінші онкүндігі аралығында байқалып, орта есеппен 38 мм құрайды. Максималды ылғал қоры орнатылғанға дейін ол 1-6 мм/онкүндікке өссе, алап үшін орташа есеппен 3,0 мм/онкүндік жылдамдығымен өседі. Ал еру жылдамдығы 8,0 мм/онкүндігіне еритіндігі байқалады;

1971-2020 жж. кезеңіндегі көпжылдық ылғал қоры мәліметтері негізінде алапта орналасқан әрбір метеорологиялық станция үшін олардың нормалары есептелді. Нәтижесінде қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәні 28,3 мм (Ақадыр) – 118,5 мм (Қызылту) аралығында ауытқыса, алап үшін орташа аудандық мәні – 63,7 мм құрайтыны анықталды. Есептелген нормалардың репрезентативтілігі қатардың орташа көпжылдық шамасының салыстырмалы орташа квадраттық қателігі мен вариация коэффициентінің салыстырмалы орташа квадраттық қателігі көмегімен анықталды.

- Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1986 жылға дейінгі кезең қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу циклін көрсетсе, 1987 ж. бастап 2001 ж. дейінгі кезеңінде ұлғаю циклі байқалады, әрі қарай 2002-2012 жж. – төмендеу циклі, ал 2013 ж. бастап ылғал қорының жоғарылау циклін көрсетеді;

- қар жамылғысының максималды ылғал қорының өзгеру жылдамдығы келесідей болды: өсу жылдамдығы 0,60 – 10,3 мм/10 жыл құраса, азаю

жылдамдығы 0,50 – 6,20 мм/10 жыл тең. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру жылдамдығында қандай да бір заңдылықтың орын алуы анықталмады.  $\overline{SWE}_{max}$  өсуінің статистикалық маңызды тренді Ақсу-Аюлы метеорологиялық станциясында байқалса,  $\overline{SWE}_{max}$  төмендеуінің статистикалық маңызды тренді Қарағанды СХОС станциясында байқалған. Бұл өзгерістер Фишердің үлестіру критерийі бойынша F есептеулерімен де расталады;

- Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелеріне сәйкес, Ақсу-Аюлы станциясында қар жамылғысы ылғал қорының өсу тенденциясы байқалып, оның өсуі маңызды болып табылатыны анықталды. Ал Қарағанды СХОС станциясында азаю тенденциясының маңыздылығы анықталды.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер [151] жұмысында жарық көрген.

### **3.3 Қазақстанның жазық аумағы үшін реанализ мәліметтерін қолдану мүмкіндіктері**

Зерттеу жұмысында ай сайынғы климат және климаттық су балансы деректері бойынша жоғары ажыратымдылықты жаһандық деректер жинағы – *Terra Climate* реанализінің қар жамылғысы ылғал қорының өнімділігін талдау және оны қолдану мүмкіндігін анықтау үшін қарастырылды.

*Terra Climate* жауын-шашынның, максималды және минималды температураның, желдің жылдамдығының, бу қысымының және күн радиациясының айлық деректер жиынтығын алу үшін *WorldClim* деректер жиынтығынан жоғары кеңістіктік ажыратымдылықтағы климатологиялық нормаларды басқа көздерден шешілетін уақыттың өзгеретін (яғни айлық) деректерімен біріктіру арқылы климаттық интерполяцияны қолданады.

Сонымен қатар, *Terra Climate* булануды, жауын-шашынды, температураны және өсімдіктермен алынған топырақтың интерполяцияланған ылғал сыйымдылығын қамтитын су балансының үлгісін пайдалана отырып, ай сайынғы беткі су балансының деректерін жасайды. Бұл деректер жоғары кеңістіктік ажыратымдылықты қажет ететін және климат пен климаттық су балансы туралы уақыт бойынша өзгеретін жаһандық ауқымдағы экологиялық және гидрологиялық зерттеулер үшін маңызды бастапқы материал болып табылады. Біз *TerraClimate* кеңістіктік-уақыттық аспектілерін жыл сайынғы температура, жауын-шашын және станциялардың болжамды булану деректерін, сондай-ақ өзен ағындарының жылдық ағынын пайдаланып тексерілді.


Тексеру барысында *TerraClimate* деректер жиыны жалпы орташа абсолютті қатенің жақсарғанын және дөрекі ажыратымдылықтағы деректер жиынымен салыстырғанда кеңістіктік реализмнің жоғарылағанын көрсетті [152].

*Terra Climate* реанализі мәліметтер базасынан [153] SWE мәліметтері 1970-2020 жж. кезеңдері үшін орташа айлық және жылдық мерзімде жүктеліп, QGIS геоакпараттық жүйесі арқылы өңделіп, талдау жұмысы жүргізілді.

Есіл сушараушылығы алабы үшін бақыланған қар жамылғысы мен *Terra Climate* реанализінің мәліметтері 1970-2020 жж. кезеңінің таралу графигі және

байланыс графигі 3.13-суретте көрсетілген. Талдау барысында реанализ және бақылау мәліметтері арасындағы байланыстың өнімділіктің «жақсы» ( $R^2=0.55$ ,  $R=0.74$ ) деңгейіне сәйкес келетіндігі детерминация коэффициенті арқылы анықталды.


Terra Climate реанализінің мәліметтері жер беті бақылау мәліметтерін өндіруде жалпы алап бойынша қар жамылғысы ылғал қорын алап бойынша орташа алғанда 17 мм-ге жоғары бағалайтыны анықталды. 1971-2020 жж. егер бақылау мәліметтер бойынша қар жамылғысы ылғал қоры 1,87 мм/10 жыл жылдамдығымен өсетіні анықталса, Terra Climate реанализі мәліметтері бойынша 3,55 мм/10 жыл жылдамдығымен жоғарылайтындығы анықталды. Алайда екі бақылау мәліметтеріне сәйкес, бұл жоғарылау статистикалық маңыздылыққа ие емес.



Сурет 3.13 – Есіл су шаруашылық алабында максималды ылғал қорының 1971-2020 жж. уақыттық өзгеру (а) және жердегі бақылау мәліметтерімен байланыс (б) графиктері


Terra Climate реанализі алап бойынша 24 МС мәліметтерімен қар жамылғысы ылғал қорын өндіруін талдау барысында, оның алаптың биік жерлерінде ылғал қорын жақсы өндіретіні байқалады. Мәселен, биіктігі жоғары аймақтарда екі мәлімет арасындағы айырмашылық 3-12 мм құраса, алаптың жазық аудандарында бұл көрсеткіш СҚО-да 33 мм (Тайынша, Петропавл МС), Ақмала облысында 41 мм (Степногорск, Аршалы, Ерейментау МС) дейін жететіндігі анықталды.

Қар жамылғысы ылғал қорының Terra Climate реанализі мәліметтері негізінде кеңістіктік таралу картасы тұрғызылды (3.14-сурет). Terra Climate климаттық қор деректерінің бақылау мәліметтерімен айырмашылығына қарамастан, қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік таралуында жақсы нәтижелер көрсететіндігін аңғаруға болады. Яғни, ылғал қорының жоғары мәндері мен төмен мәндері ошақтарын жақсы айқындайды [154].



Сурет 3.14 – Есіл су шаруашылығы алабындағы жер беті бақылау желісі мәліметтері мен Terra Climate климаттық реанализ мұрағатының 1971-2020 жж. мәліметтерін салыстырмалы картасы

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабы үшін бақыланған қар жамылғысы мен Terra Climate реанализінің мәліметтері 1971-2020 жж. кезеңінің таралу графигі және байланыс графигі 3.15-суретте көрсетілген. Талдау барысында реанализ және бақылау мәліметтері арасындағы байланыстың өнімділіктің «қанағаттанарлық» ( $R^2=0.44$ ,  $R=0.66$ ) деңгейіне сәйкес келетіндігі детерминация коэффициенті арқылы анықталды.




Сурет 3.15 – Нұра-Сарысу су шаруашылық алабында максималды ылғал қорының 1971-2020 жж. уақыттық өзгеру (а) және жердегі бақылау мәліметтерімен байланыс (б) графиктері

Terra Climate реанализінің мәліметтері жер беті бақылау мәліметтерін өндіруде жалпы алап бойынша қар жамылғысы ылғал қорын алап бойынша орташа алғанда 30 мм-ге жоғары бағалайтыны анықталды. 1971-2020 жж. егер бақылау мәліметтер бойынша қар жамылғысы ылғал қоры 1,11 мм/10 жыл жылдамдығымен өсетіні анықталса, Terra Climate реанализі мәліметтері бойынша 3,94 мм/10 жыл жылдамдығымен жоғарылайтындығы анықталды. Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында да бұл жоғарылау статистикалық маңыздылыққа ие емес.

Қар жамылғысы ылғал қорының Terra Climate реанализі мәліметтері негізінде кеңістіктік таралу картасы тұрғызылды (3.16-сурет).

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік таралуында бақылау мәліметтеріне сәйкес таралудың зоналдылығы тән. Алайда, ылғал қорының таралуының максималды ошағы Terra Climate реанализі бойынша тек алаптың солтүстік аймағында (Қарағанды МС) байқалатыны анықталды, ал бақылау мәліметтеріне сәйкес ылғал қоры Сарысу өзені бастауы аймағында, алаптың солтүстік батыс аймағында Нұра өзенінің Теңіз көліне құяр аймағында байқалады.



Сурет 3.16 – Нұра-Сарысу су шаруашылығы алабындағы жер беті бақылау желісі мәліметтері мен Terra Climate климаттық реанализ мұрағатының 1971-2020 жж. мәліметтерін салыстыру картасы

Осылайша, Terra Climate климаттық қорының мәліметтері қар жамылғысы ылғал қорын Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптары, яғни Қазақстанның жазық аймағында өнімділіктің «жақсы» және «қанағаттанарлық» деңгейінде шығарылатыны анықталды. Есіл сушаруашылығы алабында көпжылдық мерзімде ылғал қорын 17 мм, ал Нұра-Сарысу алабында 30 мм-ге жоғары бағалайтындығы анықталды.

## 4 ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫ ЫЛҒАЛ ҚОрын САНДЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Жұмыстың негізгі мақсаты – MODSNOW моделінің негізгі компонентінің бірін қолдана отырып, қар жамылғысы ылғал қоры мәліметін модельдеу.


**Зерттеу әдісі.** Қар жамылғысы ылғал қорын модельдеу мақсатында бұл жұмыста MODSNOW моделінің негізгі компоненті MODSNOW V03 нұсқасы пайдаланылды.

MODSNOW-tool бағдарламасы [51] MODIS қар жамылғысы туралы деректерді өңдеуге арналған. Terra және Aqua спутниктеріне орнатылған modis оптикалық сенсоры сәйкесінше 2000 жылдың наурызы мен 2002 жылдың шілдесінен бастап жерді бақылайды.

MODSNOW-tool бағдарламасы 500 м кеңістіктік ажыратымдылықтағы modis Terra және Aqua күнделікті екілік өнімін (MOD 10 A және Myd10a, v005 нұсқасы) пайдаланады. Ұлттық қар және мұз деректер орталығынан (NSIDC) алынған. Қар жамылғысы бойынша modis өнімін Hierarchical data Format (PDF) форматында алуға болады және 10 және 10 м тақтайшаларға таратылады. Бүкіл жер шары 36 көлденең (h) және 18 тік (v) тақтайшалармен жабылған. H22v04, h22v05, h23v04 және h23v05 тақтайшалары Орталық Азиядағы Амудария мен Сырдария су жинау бассейндерінің Жоғарғы Амудария мен Сырдарияның жоғарғы ағысын толығымен қамтиды.

Қазіргі таңда MODSNOW моделінің негізгі 3 компоненті (4.1-сурет) жұмыс жасайды:

1. MODSNOW V01 – Қар жамылғысының жедел мониторингісі;
2. MODSNOW V02 – Негізгі болжам ретінде қар жамылғысы туралы деректерді пайдалана отырып гидрологиялық болжау;
3. MODSNOW V03 – Қардың күнделікті биіктігін, қар жамылғысы ылғал қорын және қардың еруін жедел бақылау.



Сурет 4.1 – MODSNOW моделінің нұсқалары [155]

MODSNOW V03 моделінде қар жамылғысы ылғал қорын модельдеу «градус-тәулік» әдісіне негізделген. «Градус-тәулік» әдісі – жалпы тәуліктік еруді орташа тәуліктік температура мен базалық температура (әдетте 32 °F немесе 0 °C) арасындағы температура айырмашылығына көбейтілген коэффициентпен теңестіретін температура индексын қолдану тәсілі (4.1-тендеу):

$$M = C_M(T_a - T_b) \quad (4.1)$$

мұндағы:  $M$  – қар жамылғысының тәуліктік еруі (мм/күн);  $C_M$  – «градус-күн» коэффициенті (мм/күніне °C градус);  $T_a$  – тәуліктік орташа ауа температурасы (°C);  $T_b$  – негізгі температура (base temperature, °C).

$C_M$  коэффициенті жергілікті жер мен маусым кезеңіне қарай өзгеріп отырады. Әдетте оның шамасы 1,6 – 6,0 мм/ °C градус күні аралығында ауытқиды.  $C_M$  коэффициенті сонымен бірге қардың тығыздығы мен желдің жылдамдығымен [156] және қардың биіктігі мен жинақталған градус-күндермен байланысты. Бұл өзгерістер уақыт пен кеңістіктегі әртүрлі энергетикалық динамиканы және қар жамылғысының өзгертін жағдайларын көрсетеді. Ал Орта Азияның континенталды климатын ескере отырып, MODSNOW моделінде  $C_M$  – «градус-күн» коэффициенті 2,0 – 8,0 мм/күніне °C аралығында өзгереді. Ал температураның өзгеруі -5,0 пен +5,0 °C аралығында ауытқиды.

Модель қар жамылғысы ылғал қорын модельдеу үшін кіріс ақпараты ретінде орташа тәуліктік ауа температурасы мен жауын-шашынның жиынтық мөлшері, қардың биіктігі мәліметтері қорын пайдаланады.

**Әдістеменің тиімділігін бағалау.** «Градус-күн» әдістемесінің жергілікті қар жамылғысы ылғал қорын модельдеу тиімділігін бағалау мақсатында модель келесі критерийлерді есептейді: Нэш-Сатклифтің тиімділік критерийі (NSE), стандартты ауытқу коэффициенті (RSR), Пайыздық ауытқу (PBIAS), детерминация коэффициенті ( $R^2$ ).

*Нэш-Сатклифтің тиімділік критерийі (NSE)* деректердің өлшенген дисперсиясымен («ақпарат») салыстырғанда қалдық дисперсияның («шу») салыстырмалы шамасын анықтайтын нормаланған статистикалық есептеулерге негізделген [157]. NSE бақыланатын және модельденетін деректер шамасының бір-біріне қаншалықты сәйкес келетінін көрсетеді және келесі 4.2-тендеудің көмегімен анықталады:

$$NSE = 1 - \frac{\sum(SWE_{obs} - \overline{SWE}_{sim})^2}{\sum(SWE_{obs} - \overline{SWE}_{sim})^2}, \quad (4.2)$$

мұндағы,  $SWE_{obs}$  – қар жамылғысы ылғал қорының бақыланған мәндері,  $SWE_{sim}$  – қар жамылғысы ылғал қорының модельденген мәндері,  $\overline{SWE}_{sim}$  – қар жамылғысы ылғал қорының көпжылдық кезеңдегі орташа мәні.

Бұл статистикалық көрсеткіш  $-1,0 < NSE < +1,0$  аралығында ауытқиды.  $NSE=1$  көрсеткіші оңтайлы нәтижені көрсетеді, егер көрсеткіш  $0,0 < NSE < +1,0$  аралығында болса, әдетте өнімділіктің қолайлы деңгейлері ретінде қарастырылады, ал  $NSE < 0,0$  жағдайында орташа бақыланатын мән модельденген мәнге қарағанда жақсы болжаушы екенін көрсетеді, яғни қолайсыз өнімділікті көрсетеді.  $NSE$  көрсеткіші әдістеменің тиімділігін бағалауда өте жиі пайдаланылады, мәселен, гидрологиялық [158] және гидроклиматтық модельдерді тексеру мақсатында [159], сонымен бірге [160]  $NSE$  гидрографтың жалпы жарамдылығын көрсететін ең жақсы объективті функция деген қорытындыға келді.

*Орташа квадраттық ауытқудың (RMSE) стандартты ауытқу коэффициенті (RSR).* Орташа квадраттық ауытқу (RMSE) қателер индексінің жиі қолданылатын статистикалық көрсеткіштерінің бірі [161] болып табылады. RMSE неғұрлым төмен болса, модельдің өнімділігі соғұрлым жоғары болатындығы мәлім еді, тек бақылаулардың стандартты ауытқуына негізделген төмен RMSE деп саналатын нәрсені анықтауға арналған нұсқаулық жариялады. Singh [161] ұсынысымен орташа квадраттық ауытқудың (RMSE) стандартты ауытқу коэффициенті (RSR) атты модель нәтижесін статистикалық бағалау енгізілді. RSR 4.3-тендеуде көрсетілгендей, ол RMSE мен өлшенген деректердің стандартты ауытқуы қатынасы ретінде есептеледі:

$$RSR = \frac{RMSE}{STDEV_{obs}} = \frac{\left[ \sqrt{\sum_{i=1}^n (Y_i^{obs} - Y_i^{sim})^2} \right]}{\left[ \sqrt{\sum_{i=1}^n (Y_i^{obs} - Y^{mean})^2} \right]} \quad (4.3)$$

RSR көрсеткіші орташа квадраттық ауытқудың немесе қалдықтық вариацияның нөлдік мәнін көрсететін оптималды ( $RSR=0$ ) мәнінен оң таңбалы шексіз мәнге дейін өзгереді. Яғни, RSR төмен болған сайын, RMSE де төмен болады, сәйкесінше модельдің өнімділігі жоғары екендігін көрсетеді.

*Пайыздық ауытқу (PBIAS).* Пайыздық ауытқу модельденген деректердің орташа тенденциясын олардың бақыланатын аналогтарынан үлкен немесе кіші деп өлшейді [162]. Оңтайлы PBIAS мәні 0,0 тең, ал төмен мәндер модельдің дәл модельдеуін көрсетеді. Оң мәндер модельді бағаламаудың (недооценка) жүйелік қателігін көрсетеді, ал теріс мәндер модельді бағалаудың жоғары жүйелі қателігін (завышенная оценка) көрсетеді (4.4-тендеу):

$$PBIAS = \left[ \frac{\sum_{i=1}^n (Y_i^{obs} - Y_i^{sim}) * 100}{\sum_{i=1}^n (Y_i^{obs})} \right] \quad (4.4)$$

мұндағы PBIAS – пайызбен көрсетілген бағаланатын деректердің ауытқуы.

Тиімділікті бағалауға ұсынылған статистикалық критерийлер 16-кестеде берілген өнімділік деңгейі бойынша бағаланады.

Кесте 4.1 – Тиімділікті бағалауға ұсынылған статистика [163]

| Өнімділік деңгейі | RSR             | NSE             | PBIAS, %        |
|-------------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| Өте жақсы         | 0.00 <RSR <0.50 | 0.75 <NSE <1.00 | PBIAS <±10      |
| Жақсы             | 0.50 <RSR <0.60 | 0.65 <NSE <0.75 | ±10 <PBIAS <±15 |
| Қанағаттанарлық   | 0.60 <RSR <0.70 | 0.50 <NSE <0.65 | ±15 <PBIAS <±25 |
| Қанағаттарлықсыз  | RSR > 0.70      | NSE <0.50       | PBIAS > ±25     |

#### 4.1 Қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерін модельдеу нәтижелері

Қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерін модельдеу мақсатында Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан 20 метеорологиялық станцияның және Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында орналасқан 12 метеорологиялық станцияның 1980-2021 жж. кезеңіндегі ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері мен қар жамылғысы биіктігі, қар жамылғысы ылғал қорының тәуліктік мәліметтері қолданылды.

Көпжылдық 1980-2021 жж. кезеңі модельді калибрлеу және валидациялау мақсатында екі бірдей кезеңге бөлінді: 1980-1999 жж. және 2000-2021 жж. Яғни, 1980-1999 жж. кезеңі модельдеу үшін оңтайлы параметрлерді таңдау мақсатында пайдаланылса, 2000-2021 жж. кезеңі таңдалған оңтайлы параметрлердің соңғы климаттың қарқынды өзгеруі кезеңі үшін модельдің қар жамылғысы биіктігі мен қар жамылғысы ылғал қорының мәліметтерін үлгілеуін тексеру мақсатында пайдаланылды.

Модельді калибрлеу кезінде калибрлеу әдісі, мақсатты функцияның түрі және таңдалған оқыту үлгілері гидрометеорологиялық режимнің әртүрлі фазаларының ең дәл көрінісін қамтамасыз етуі керек екенін есте ұстаған жөн. Сонымен, біз модельді калибрлеуді модельденген шама нақты нәрсеге мүмкіндігінше жақын болатындай етіп жасаймыз.

Модель калибрлеу кезеңінде әрбір бақылау станциясы үшін бақылау мәліметтері негізінде оңтайлы параметрлерді таңдайды, яғни бұл процесс кезінде модель әрбір «градус-тәулік» коэффициенті мен ауа температурасын бір-біріне сәйкестендіреді. Мысалы, әрбір «градус-тәулік» коэффициентіне -5,0 °C-тан бастап, +5 °C-қа дейін әрбір 0,1 немесе 1,0 °C қадамымен жүре отырып, барлық мүмкін болатын нұсқаларды таңдап, ішінен ең оңтайлыларын береді. Әрі қарай жергілікті жердің физико-географиялық, топографиялық, климаттық ерекшеліктеріне қарай параметрлер таңдалады.

Осылайша, Есіл сушаруашылығы алабы үшін 1980-1999 жж. модельді калибрлеу нәтижелері бойынша алынған параметрлер мен тиімділікті анықтаудың нәтижелері 15-кестеде көрсетілген.

Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан станцияларды калибрлеу нәтижесінде бағалау критерийлерінің есептеулері негізінде барлық көрсеткіш бойынша өнімділіктің «өте жақсы» рейтингісін Сергеевка, Кішкенекөл, Благовещенка, Явленка станцияларында байқалса, өнімділіктің «жақсы» рейтингісі Ақкөл, Балкашино, Рузаевка, Степногорск, Булаево, Чкалово,

Ерейментау, Жалтыр станцияларында байқалғандығы анықталды. Ал қалған 8 метеорологиялық станциялардың нәтижелері өнімділік рейтингісінің «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деңгейіне сәйкес келгені байқалды.

Модельдің «өте жақсы» өнімділік рейтингісіне сәйкес келетін метеорологиялық станцияларында (Сергеевка, Кішкенекөл, Благовещенка, Явленка) жауын-шашынның қарға айналу температурасы  $0,0^{\circ}\text{C}$  пен  $-2,5^{\circ}\text{C}$  аралығында ауытқиды. Ал өнімділіктің «жақсы» рейтингісіне сәйкес келетін станцияларда бұл көрсеткіш үлкен диапазонға ие, яғни  $+1,0^{\circ}\text{C}$  пен  $-3,5^{\circ}\text{C}$  аралығын қамтиды. Егер кеңістіктік таралуын қарастыратын болсақ, алаптың солтүстік-шығыс жазық аймағында жауын-шашын  $0,0...+0,05^{\circ}\text{C}$ -та қар ретінде жауса, алаптың солтүстік-шығысында, Есіл өзенінің төменгі ағысы аймағында, жауын-шашынның қар ретінде түсуі  $-1,0...-2,5^{\circ}\text{C}$  кезінде орын алатындығы анықталды. Сонымен қатар, алаптың орталық аймақтарында, Қалқұтан өзен алабын (Жалтыр станциясында  $-3,5^{\circ}\text{C}$ ) ескермегенде, қар ауа температурасы  $+0,5...+1,0^{\circ}\text{C}$  кезінде түсетіні байқалады.

Қар жамылғысының еру температурасы жалпы алап үшін  $-2,5 ... 0,0^{\circ}\text{C}$  құрайды. Алаптың биіктігі 300-400 м болатын аймақтарда (Жайбай, Қалқұтан, Шағалалы өзен алаптары) қар жамылғысының еруі орта есеппен  $0,0^{\circ}\text{C}$  кезінде орын алады, сонымен қатар Есіл өзенінің төменгі ағысы аймағында да қардың еруі  $-0,5 ... 0,0^{\circ}\text{C}$  шамасында орын алуы байқалады. Ал алаптың солтүстік-шығыс жазық аймағында (Кішкенекөл, Чкалово станциялары) қар жамылғысы  $-2,0 ... -2,5^{\circ}\text{C}$  кезінде еритіндігі байқалады.

Қар жамылғысының тәуліктік еруін есептеуге қатысушы «градус-тәулік» коэффициенті Есіл алабының негізгі су ресурстары қалыптасу аймағында, яғни алаптың орталық және оңтүстік аймақтарында,  $4,0 - 5,0 \text{ мм}/^{\circ}\text{C}$  күніне еритіндігі анықталды. Ал Есіл өзені алабының төменгі ағысында бұл көрсеткіш  $6,0 - 8,0 \text{ мм}/^{\circ}\text{C}$  күніне құрайтындығы байқалады (4.2-кесте).

Кесте 4.2 – MODSNOW V03 моделі көмегімен қар жамылғысы ылғал қорын 1980-1999 жж. кезеңі үшін калибрлеу нәтижелері

| №  | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |      |      | Параметрлер            |                                           |                        |
|----|-------------------------|-----------------------------|----------|------|------|------------------------|-------------------------------------------|------------------------|
|    |                         | RSR                         | PBIAS, % | NSE  | R    | Tt, $^{\circ}\text{C}$ | Fdeg, $\text{мм}/^{\circ}\text{C}$ күніне | t0, $^{\circ}\text{C}$ |
| 1  | Ақкөл                   | 0,53                        | 15,11    | 0,71 | 0,85 | 0.50                   | 5.00                                      | -0.50                  |
| 2  | Благовещенка            | 0,46                        | 16,78    | 0,79 | 0,90 | -2.00                  | 6.50                                      | 0.00                   |
| 3  | Балкашино               | 0,47                        | 19,43    | 0,78 | 0,90 | 1.00                   | 7.00                                      | 0.00                   |
| 4  | Рузаевка                | 0,54                        | 10,82    | 0,71 | 0,85 | 1.00                   | 2.00                                      | -3.50                  |
| 5  | Сергеевка               | 0,43                        | 3,79     | 0,81 | 0,91 | -2.50                  | 7.00                                      | 0.00                   |
| 6  | Степногорск             | 0,52                        | 13,91    | 0,73 | 0,87 | 1.00                   | 4.00                                      | -2.00                  |
| 7  | Явленка                 | 0,48                        | 13,37    | 0,77 | 0,88 | -1.00                  | 6.50                                      | -0.50                  |
| 8  | Аршалы                  | 0,73                        | -2,17    | 0,46 | 0,75 | 1.00                   | 4.50                                      | -1.00                  |
| 9  | Булаево                 | 0,55                        | 6,53     | 0,70 | 0,84 | 1.00                   | 8.00                                      | 5.00                   |
| 10 | Чкалово                 | 0,49                        | 2,98     | 0,76 | 0,87 | 0.50                   | 2.00                                      | -2.00                  |
| 11 | Егіндікөл               | 0,60                        | 0,25     | 0,64 | 0,82 | 1.00                   | 2.00                                      | -2.00                  |
| 12 | Ерейментау              | 0,56                        | 3,35     | 0,69 | 0,84 | -3.00                  | 6.00                                      | 0.00                   |

## 4.2 кестенің жалғасы

| №  | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |      |      | Параметрлер |                    |        |
|----|-------------------------|-----------------------------|----------|------|------|-------------|--------------------|--------|
|    |                         | RSR                         | PBIAS, % | NSE  | R    | Tt, °C      | Fdeg, мм/°C күніне | t0, °C |
| 13 | Кішкенекөл              | 0,38                        | 5,88     | 0,85 | 0,93 | 0.00        | 2.00               | -2.50  |
| 14 | Саумалкөл               | 0,55                        | 29,50    | 0,70 | 0,89 | 1.50        | 8.00               | 0.50   |
| 15 | Щучинск                 | 0,71                        | 10,57    | 0,50 | 0,71 | 0.00        | 4.00               | 3.00   |
| 16 | Тайынша                 | 0,56                        | 18,84    | 0,69 | 0,84 | 0.50        | 2.50               | -2.50  |
| 17 | Тимирязево              | 0,56                        | 19,04    | 0,69 | 0,85 | 1.00        | 6.00               | 0.50   |
| 18 | Возвышенка              | 0,84                        | 21,56    | 0,29 | 0,56 | 3.50        | 2.00               | 4.00   |
| 19 | Жақсы                   | 0,92                        | 33,43    | 0,16 | 0,57 | -5.00       | 8.00               | -5.00  |
| 20 | Жалтыр                  | 0,59                        | 11,82    | 0,66 | 0,82 | -3.50       | 3.00               | 0.00   |

Қар жамылғысы ылғал қорын калибрлеу нәтижесінде NSE критерийі 0,16 – 0,85 аралығында ауытқитыны, RSR көрсеткіші 0,38 – 0,84 аралығында, пайыздық қателік PBIAS +0,2 ... +33,4 % диапазонында ауытқитын анықталды. Бұл көрсеткіштер өнімділік рейтингісінің «өте жақсы» бағалауы мен «қанағаттарлықсыз» деңгейі аралығын қамтитынын көрсетті. Көрсеткіштерді талдау нәтижесінде өнімділіктің «өте жақсы» деңгейіне Сергеевка, Чкалово, Кішкенекөл және Рузаевка станциялары, ал «жақсы» көрсеткішке Ақкөл, Благовещенка, Балкашино, Степногорск, Явленка, Булаево, Ерейментау, Саумалкөл, Тайынша, Тимирязево станцияларын нәтижелері жатады. Қалған метеорологиялық станциялардың нәтижелері «қанағаттанарлықсыз» деңгейге жататыны байқалады (18-кесте).

Осылайша, 1980-1999 жж. калибрлеу кезеңі үшін эффективтілік көрсеткіштерінің есептеу нәтижелеріне сәйкес, MODSNOW V03 моделінің Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станцияларының көп бөлігінде қар жамылғысы ылғал қорын «жақсы» деңгейде модельдеу нәтижелерін көрсетті.

Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында қар жамылғысы ылғал қорын 1980-1999 жж. модельді калибрлеу нәтижелері бойынша алынған параметрлер мен тиімділікті анықтаудың нәтижелері 4.3-кестеде көрсетілген.

Өнімділіктің «өте жақсы», «жақсы» деңгейінің көрсеткішіне сәйкес келген станцияларда жауын-шашынның қарға айналу температурасы -0,5 ... -2,0 °C аралығында, ал қар жамылғысының еру температурасы -2,0 ... 0,0 °C құрайды. Қар жамылғысының тәуліктік еруін есептеуге қатысушы «градус-тәулік» коэффициенті 4,0 – 7,5 мм/ °C күнін құрайтындығы анықталды.

Сарысу өзені алабының бастауында қар жамылғысының тәуліктік еруі жылдамырақ орын алатындығы анықталды.

Кесте 4.3 – MODSNOW V03 моделі көмегімен қар жамылғысы ылғал қорын 1980-1999 жж. кезеңі үшін калибрлеу нәтижелері

| № | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |      |      | Параметрлер |                    |        |
|---|-------------------------|-----------------------------|----------|------|------|-------------|--------------------|--------|
|   |                         | RSR                         | PBIAS, % | NSE  | R    | Tt, °C      | Fdeg, мм/°C күніне | t0, °C |
| 1 | Ақадыр                  | 0.51                        | 7.99     | 0.74 | 0.86 | -0.5        | 7.5                | -1.0   |

#### 4.3 кестенің жалғасы

| №  | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |      |      | Параметрлер |          |      |
|----|-------------------------|-----------------------------|----------|------|------|-------------|----------|------|
|    |                         | RSR                         | PBIAS, % |      |      | RSR         | PBIAS, % |      |
| 2  | Ақсу-Аюлы               | 0.49                        | 15.27    | 0.76 | 0.88 | -1.5        | 6.0      | -1.5 |
| 3  | Ақтоғай                 | 0.61                        | 23.12    | 0.63 | 0.81 | 1.5         | 7.0      | 1.5  |
| 4  | Бектауата               | 0.54                        | 8.43     | 0.71 | 0.84 | -2.0        | 6.0      | 0.0  |
| 5  | Жаңаарқа                | 0.59                        | 34.67    | 0.65 | 0.84 | -1.0        | 2.0      | -1.5 |
| 6  | Жетқоңыр                | 0.92                        | -24.67   | 0.16 | 0.55 | 2.0         | 2.0      | 5.0  |
| 7  | Корнеевка               | 0.72                        | 20.35    | 0.48 | 0.75 | -4.0        | 8.0      | -1.5 |
| 8  | Қарағанды               | 0.63                        | 3.60     | 0.60 | 0.81 | 0.5         | 3.0      | -2.0 |
| 9  | Құлжамбай               | 0.62                        | -2.12    | 0.62 | 0.80 | 1.0         | 6.5      | 0.0  |
| 10 | Жарық                   | 0.46                        | 14.90    | 0.79 | 0.89 | -0.5        | 4.5      | -1.5 |
| 11 | Жезқазған               | 0.54                        | 10.39    | 0.70 | 0.85 | -1.0        | 4.0      | -2.0 |
| 12 | Бесоба                  | 0.55                        | 15.83    | 0.70 | 0.84 | -1.0        | 5.5      | -1.5 |
| 13 | Родниковское            | 0.68                        | 13.76    | 0.54 | 0.74 | 3.5         | 2.0      | 5.0  |

Қар жамылғысы ылғал қорын калибрлеу нәтижесінде NSE критерийі 0,16 (Жетіқоңыр) мен 0,79 (Жарық) аралығында ауытқитындығы анықталды. Корреляция коэффициенті де NSE критерийінің көрсеткіштерімен сәйкес келгендігі байқалады. Пайыздық PBIAS қателік көрсеткіші 2 – 34 % аралығында ауытқитындығын, сонымен қатар модельді ылғал қорын асыра бағалайтындығы анықталды, тек Жетіқоңыр, Құлжамбай станцияларында ғана ылғал қорын жеткіліксіз бағалайтындығы анықталды, дегенмен бұл станциялардың нәтижелері өнімділіктің «қанағаттанарлық» деңгейіне сәйкес келеді.

RSR стандартты ауытқу коэффициенті 0,46 – 0,92 аралығында ауытқиды: мұнда ауытқудың ең төменгі көрсеткіші Жарық, Ақсу-Аюлы МС байқалған.

Осылайша, алапта орналасқан станциялардың қар жамылғысы ылғал қорын калибрлеу нәтижесінде өнімділіктің «өте жақсы» деңгейін Ақсу-Аюлы станцияларында байқалса, «жақсы» деңгей Ақадыр, Бектауата, Жарық, Жезқазған, Бесоба станцияларында анықталды. Ал қалған 7 метеостанцияның нәтижелері өнімділіктің «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деңгейіне сәйкес келді.

#### 4.1.1 MODSNOW V03 моделін валидациялау

Модельді калибрлеу процесі нәтижесінде алынған оңтайлы параметрлерді, калибрлеу кезеңінен тыс кезең үшін, валидациялау қажет, яғни оңтайлы параметрлердің басқа жыл кезеңдерінде қар жамылғысы ылғал қорын модельдеуді тексеру жұмысын жүргізу қажет. Осы мақсатта Есіл сушаруашылығы адабында орналасқан 20 метеорологиялық станциялардың 2000-2021 жж. кезеңі үшін валидация процесі жүргізілді. Сонымен қатар, осы жыл кезеңі үшін эффективтілік көрсеткіштері есептелді (4.4-кесте).

Валидация процесі нәтижесінде есептелген эффективтілік көрсеткіштеріне сәйкес, NSE критерийі бойынша эффективтілік -0,08 – 0,88 аралығында ауытқыса, пайыздық қателік -3,64 % ... +88,6 % диапазонында, стандартты ауытқу коэффициенті 0,35 – 1,04 аралығында ауытқитыны анықталды. Яғни, эффективтіліктің көрсеткіштері өнімділіктің барлық рейтингісіне сәйкес келеді.

Барлық критерийлер бойынша өнімділіктің «жақсы» және «қанағаттанарлық» рейтингісін Благовещенка, Балкашино, Степногорск, Булаево, Сергеевка, Рузаевка, Явленка және Щучинск станциялары көрсетті. Аталған станцияларда NSE тиімділік критерийі 0,68 – 0,88, пайыздық қателік - 3,64 – 39,8 %, стандартты ауытқу коэффициенті 0,35 – 0,56 аралығында ауытқыған.

Калибрлеу процесі кезінде эффективтілік көрсеткіші бойынша өнімділіктің «жақсы» рейтингісін көрсеткен кейбір метеостанциялар (Чкалово, Ақкөл, Ерейментау, Саумалкөл, Тайынша, Тимирязево, Жалтыр) валидация кезеңінде «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» рейтингісін көрсетті. Яғни бұл метеостанциялардың оңтайлы параметрлері жаңа 2000-2021 жж. кезең үшін қар жамылғысы ылғал қорын модельдеуде сәйкес келмейтіндігін көрсетеді.

Кесте 4.4 – MODSNOW V03 моделі көмегімен қар жамылғысы ылғал қорын 2000-2021 жж. кезеңі үшін валидациялау нәтижелері


| №  | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |       |      | Параметрлер |                    |                     |
|----|-------------------------|-----------------------------|----------|-------|------|-------------|--------------------|---------------------|
|    |                         | RSR                         | PBIAS, % | NSE   | R    | Tt, °C      | Fdeg, мм/°C күніне | t <sub>0</sub> , °C |
| 1  | Ақкөл                   | 0,77                        | -18,92   | 0,40  | 0,81 | 0.50        | 5.00               | -0.50               |
| 2  | Благовещенка            | 0,51                        | 21,64    | 0,74  | 0,87 | -2.00       | 6.50               | 0.00                |
| 3  | Балкашино               | 0,35                        | 16,25    | 0,88  | 0,95 | 1.00        | 7.00               | 0.00                |
| 4  | Рузаевка                | 0,54                        | 34,66    | 0,71  | 0,88 | 1.00        | 2.00               | -3.50               |
| 5  | Сергеевка               | 0,54                        | 39,83    | 0,70  | 0,92 | -2.50       | 7.00               | 0.00                |
| 6  | Степногорск             | 0,56                        | 13,72    | 0,68  | 0,83 | 1.00        | 4.00               | -2.00               |
| 7  | Явленка                 | 0,48                        | 31,46    | 0,77  | 0,92 | -1.00       | 6.50               | -0.50               |
| 8  | Аршалы                  | 0,74                        | -16,30   | 0,45  | 0,79 | 1.00        | 4.50               | -1.00               |
| 9  | Булаево                 | 0,52                        | -3,64    | 0,73  | 0,87 | 1.00        | 8.00               | 5.00                |
| 10 | Чкалово                 | 0,65                        | 32,18    | 0,58  | 0,79 | 0.50        | 2.00               | -2.00               |
| 11 | Егіндікөл               | 0,70                        | 43,26    | 0,50  | 0,78 | 1.00        | 2.00               | -2.00               |
| 12 | Ерейментау              | 0,80                        | 63,37    | 0,36  | 0,85 | -3.00       | 6.00               | 0.00                |
| 13 | Кішкенекөл              | 0,72                        | 49,34    | 0,48  | 0,80 | 0.00        | 2.00               | -2.50               |
| 14 | Саумалкөл               | 0,61                        | -9,84    | 0,62  | 0,82 | 1.50        | 8.00               | 0.50                |
| 15 | Щучинск                 | 0,53                        | 26,86    | 0,72  | 0,89 | 0.00        | 4.00               | 3.00                |
| 16 | Тайынша                 | 0,65                        | 38,83    | 0,58  | 0,81 | 0.50        | 2.50               | -2.50               |
| 17 | Тимирязево              | 0,59                        | 49,63    | 0,65  | 0,93 | 1.00        | 6.00               | 0.50                |
| 18 | Возвышенка              | 0,68                        | 13,88    | 0,54  | 0,74 | 3.50        | 2.00               | 4.00                |
| 19 | Жақсы                   | 1,04                        | 88,57    | -0,08 | 0,34 | -5.00       | 8.00               | -5.00               |
| 20 | Жалтыр                  | 0,61                        | 15,55    | 0,63  | 0,81 | -3.50       | 3.00               | 0.00                |

MODSNOW V03 моделін Есіл сушаруашылығы алабы үшін калибрлеу кезеңі мен валидация кезеңдері үшін алынған нәтижелерге сәйкес, қар жамылғысы ылғал қорын жақсы модельденетін станциялар таңдалды. Оларға Благовещенка, Балкашино, Сергеевка, Степногорск, Явленка, Рузаевка және Булаево станциялары жатады. Алайда, бұл тізімнен Рузаевка станциясы

шығарылды, себебі физикалық тұрғыдан алапта орналасқан метеостанциялардағы параметрлердің көрсеткіштерімен сәйкес келмейді.

Нәтижесінде өнімділіктің «өте жақсы» және «жақсы» рейтингісіне сәйкес келетін станциялар ретінде келесі 6 метеорологиялық станция қабылданды: Благовещенка, Балкашино, Сергеевка, Степногорск, Явленка, Булаево. Осы станциялардың калибрлеу (1980-1999 жж.) және валидациялау (2000-2021 жж.) кезеңдеріндегі модельдеу нәтижелері 4.2-4.3-суретте көрсетілген.

Қалған 14 метеорологиялық станциялардың қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерінің калибрлеу және валидациялау нәтижелері Г қосымшасының 4.1-кестесінде берілген.



Сурет 4.2 – Есіл сушаруашылығы алабында орналасқан метеорологиялық станциясының қар жамылғысы ылғал қорының калибрлеу (1980-1999) және валидациялау (2000-2021) кезеңдеріндегі бақыланған және модельденген жүрісі



модельдейтіні анықталды, алдын ала бағалаулар бойынша олар бақылау деректерінің қанағаттанарлықсыз сапаларымен байланысты. Бұл процесс әсіресе Ерейментау, Возвышенка және Жақсы станцияларында айқын байқалады.

Жоғарыда көрсетілген метеорологиялық станциялардың модельдері қар жамылғысы ылғал қорын немесе биіктігін қысқа, орта және ұзақ уақытты болжау мақсатында қолдануға болады деген тұжырым қабылданды [164].

**Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы** метеостанциялардың калибрлеу нәтижесінде оңтайлы танылған станциялардың мәліметтерін тәуелсіз 2000-2020 жж. үшін валидациялау нәтижесі 4.6-кестеде көрсетілген (4.4-сурет).


Ақадыр, Ақсу-Аюлы, Бектауата, Жарық, Жезқазған, Бесоба метеостанцияларының қар жамылғысы ылғал қорын валидациялау нәтижесінде эффективтілік көрсеткіштері Ақадыр, Ақсу-Аюлы, Жезқазған және Бесоба станциялары үшін өнімділіктің «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деңгейіне сәйкес келетіндігі анықталды, яғни оңтайлы параметрлер тәуелсіз 2000-2020 жж. кезеңі үшін қар жамылғысы ылғал қорын жеткілікті деңгейде шығармайтынын көрсетті.

Кесте 4.6 – MODSNOW V03 моделі көмегімен қар жамылғысы ылғал қорын 2000-2021 жж. кезеңі үшін валидациялау нәтижелері

| №  | Метеорологиялық станция | Эффективтілік көрсеткіштері |          |       |      | Параметрлер |                    |        |
|----|-------------------------|-----------------------------|----------|-------|------|-------------|--------------------|--------|
|    |                         | RSR                         | PBIAS, % | NSE   | R    | Tt, °C      | Fdeg, мм/°C күніне | to, °C |
| 1  | Ақадыр                  | 0.70                        | 55.15    | 0.50  | 0.86 | -0.5        | 7.5                | -1.0   |
| 2  | Ақсу-Аюлы               | 0.63                        | 50.29    | 0.60  | 0.91 | -1.5        | 6.0                | -1.5   |
| 3  | Ақтоғай                 | 0.89                        | 71.57    | 0.21  | 0.82 | 1.5         | 7.0                | 1.5    |
| 4  | Бектауата               | 0.46                        | 15.23    | 0.78  | 0.89 | -2.0        | 6.0                | 0.0    |
| 5  | Жаңаарқа                | 0.56                        | 7.80     | 0.69  | 0.84 | -1.0        | 2.0                | -1.5   |
| 6  | Жетқоңыр                | 1.78                        | -171.89  | -2.17 | 0.53 | 2.0         | 2.0                | 5.0    |
| 7  | Корнеевка               | 0.71                        | 33.86    | 0.49  | 0.75 | -4.0        | 8.0                | -1.5   |
| 8  | Қарағанды               | 0.43                        | 26.26    | 0.82  | 0.93 | 0.5         | 3.0                | -2.0   |
| 9  | Құлжамбай               | 0.57                        | 33.84    | 0.68  | 0.86 | 1.0         | 6.5                | 0.0    |
| 10 | Жарық                   | 0.46                        | 29.50    | 0.79  | 0.92 | -0.5        | 4.5                | -1.5   |
| 11 | Жезқазған               | 0.60                        | 42.32    | 0.64  | 0.86 | -1.0        | 4.0                | -2.0   |
| 12 | Бесоба                  | 0.65                        | 35.73    | 0.58  | 0.80 | -1.0        | 5.5                | -1.5   |
| 13 | Родниковское            | 0.77                        | 3.07     | 0.41  | 0.65 | 3.5         | 2.0                | 5.0    |

Валидациялау нәтижесінде өнімділіктің «өте жақсы» деңгейін Бектауата MC көрсетті, яғни RSR көрсеткіші 0,46 құраса, NSE критерийі мен корреляция коэффициенті сәйкесінше 0,78 және 0,89 тең болды, ал пайыздық ауытқу көрсеткіші 15 % құрайтындығы анықталды. Сонымен қатар, алаптағы Жарық MC RSR (0,46), NSE (0,79), R (0,92) көрсеткіштерінің «өте жақсы» деңгейіне

сәйкес келгендігін, ал пайыздық PBIAS ауытқуының 29,5 % көрсетті. Берілген төрт көрсеткіштің 3-уі өнімділіктің «өте жақсы» деңгейіне сәйкес келгендіктен, Жарық станциясының нәтижесі «жақсы» өнімділік деңгейіне сәйкестендірілді.



Сурет 4.4 – Нұра-Сарысу сушаруашылық алабы метеорологиялық станцияларының қар жамылғысы ылғал қорының калибрлеу (1980-1999) және валидациялау (2000-2021) кезеңдеріндегі бақыланған және модельденген жүрісі

Осылайша, Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында калибрлеуден тәуелсіз 2000-2020 жж. кезеңінде валидациялау нәтижесінде өнімділіктің «өте жақсы», «жақсы» деңгейіне сәйкес келген Бектауата және Жарық станцияларын қар жамылғысы ылғал қорын немесе биіктігін қысқа, орта және ұзақ уақытты болжау мақсатында қолдануға болады деген тұжырым қабылданды.

#### 4.2 Қар жамылғысы ылғал қорының перспективалық болжамы

Қазіргі таңда көптеген зерттеулер климаттың күтілетін өзгерістерінің салдарын зерттеуге бағытталған. Олардың негізінде жаһандық немесе аймақтық гидродинамикалық модельдердің көмегімен алынған климаттық проекцияларды қолдана отырып, табиғи және әлеуметтік-экономикалық климатқа тәуелді процестер мен объектілерді модельдеу жатыр.

Барлық гидродинамикалық модельдер мен оларға әсер етуші факторлар бойынша болжамды есептеулердің белгісіздігі туралы мәселе өзекті болып табылады. Мұндағы белгісіздік климаттық проекцияларды қолдана отырып, әртүрлі модельдер бойынша есептеулерде қабылданған бағалаулардың

диапазонын білдіреді. Өз кезегінде белгісіздік мәселесінің өзектілігі экономиканың әртүрлі салаларында климаттың өзгеруіне бейімделу үшін экономикалық және саяси шешімдер қабылдау қажеттілігімен байланысты туындайтыны сөзсіз.

Тиімді алдын-ала бейімделу, егер тиісті салдарларды бағалаудың белгісіздігі тым үлкен болмаса ғана мүмкін болады. Басқа жағдайда қате стратегиялар қабылдануы мүмкін, олардың зияны климаттық әсерлердің өздеріне байланысты шығындардың асып түсуіне алып келетіндігі мәлім. Сондықтан климаттың өзгеруі салдарының белгісіздік бағалаулары гидродинамикалық модельдердің, сонымен бірге есептеулерде қолданылатын климаттық проекциялардың қателігіне де байланысты.

Мұндай қателіктерді азайту мақсатында көптеген модельдерді өзара бір-бірімен бірдей уақыт кезеңдері үшін салыстыру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен бірге әрбір жаһандық модельдің аймақтық қателіктерін төмендету мақсатында статистикалық түзетулер масштабы кішірейту (downscaling) мақсатында енгізіледі. Масштабты кішірейту процесі жергілікті аймақтың мәліметтері негізінде жүргізіледі. Алайда, жаһандық модельдерде жаһандық климаттық мұрағаты – реанализ мәліметтері негізінде жүргізіледі.

Үкіметаралық климаттың өзгеруі бойынша сарапшылар тобының төртінші «Бағалау баяндамаларында» жаһандық модельдер континенттің ауа температурасын қанағаттанарлық түрде шығаратындығы мәлімделді. Алайда климаттың өзгеруін кеңістіктік таралу масштабында аудандастыру немесе жалпы кеңістіктік тұрғысынан қарастыру дұрыстығы көрсетіледі.

Бүгінгі таңда климаттың ықтимал өзгеруін перспективаға бағалаудың негізгі және ең қолайлы құралы ретінде жаһандық климат модельдерінің заманауи нұсқалары қолданылады. Сондай ақ модельдер ауа райы мен климаттың ұзақ мерзімді болжамдарын дайындауда жедел мақсаттарда қолданылады.

«Климатты перспективалық бағалау» термині климаттық жүйенің болашақта ықтимал шығарындылар немесе парниктік газдар (ПГ) мен табиғи және антропогендік сипаттағы аэрозольдердің концентрациясы сценарийіне модельденген реакциясын білдіретіндігі климаттың өзгеруіне әсерді азайту туралы IPCC есебінде алғаш рет қолданылған [165].

Көптеген жұмыстар климаттық модельдердің климатты модельдеу және түсіну құралы ретіндегі ерекше маңыздылығын растайды және олардың болашақ климаттың өзгеруіне сенімді сандық баға беру қабілетін сенімді түрде растайды [166]. Бұл сенімділік модельдердің жалпы қабылданған физикалық принциптерге негізделгендігімен, сондай-ақ олардың қазіргі климаттың және өткен климаттың өзгеруінің байқалған ерекшеліктерін қайталау қабілетімен аяқталады. Бірақ сонымен бірге Климаттық модельдер әлі де айтарлықтай шектеулерге ие. Мысалы, бұлттардың параметрленуіндегі шектеулер, олардың болжамды шамалары мен аймақтық Климаттық сипаттамалардың өзгеруіне әкелуі мүмкін [167]. Дегенмен, бірнеше онжылдықтар ішінде модельдердің

дамуы парниктік газдардың көбеюіне жауап ретінде климаттың айтарлықтай жылынуының сенімді және бір мәнді көрінісін береді.

Ең жан-жақты климаттық модельдер – атмосфера мен мұхиттардың жалпы айналымының модельдері. Олар атмосфералық, Мұхиттық және жердегі процестерді, сондай-ақ теңіз мұзын және жер жүйесінің басқа компоненттерін сипаттайтын динамикалық компоненттерді қамтиды. Дүниежүзілік климатты зерттеу бағдарламасының (WCRP) біріктірілген модельдерді салыстыру жобасы (CMIP) халықаралық климатты зерттеудің іргелі негізі болып табылады және атмосфера мен мұхиттардың жалпы айналымының модельдері негізіндегі климатты модельдеу бойынша ұқсас эксперименттер жүргізетін ондаған орталықтардың қызметін техникалық және ғылыми үйлестіруді қамтамасыз етеді [168].

CMIP бірнеше кезеңдерде орындалады және IPCC есептерінде шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта CMIP алтыншы фазада жүзеге асырылған [169]. CMIP6 модельдері физикалық, химиялық және биологиялық процестердің жаңа және жақсырақ көрінісін, сондай-ақ IPCC-тің алдыңғы бағалау есептерінде қарастырылған Климаттық модельдермен салыстырғанда жоғары ажыратымдылықты қамтиды.

IPCC-тің алтыншы бағалау есебі қарсаңында энергетикалық модельдеу мамандарының қауымдастығы XXI ғасырда әлеуметтік-экономикалық жүйелердің қалай дамуы мүмкін екендігі туралы әртүрлі болжамдарға негізделген шығарындылар сценарийлерінің жаңа жиынтығын әзірледі. Бұл – «жалпы әлеуметтік-экономикалық жолдар» (Social-economic Pathways (SSP)). CMIP6 негізін жалпы әлеуметтік-экономикалық сценарийлерге (Social-economic Pathways – ssps) негізделген бес жоғары басымдықты сценарийлерді ескере отырып, Климаттық есептеулер құрады: SSP1-1.9, SSP1-2.6, SSP2-4.5, SSP3-7.0, SSP5-8.5 [170]. SSP 2100 жылға дейінгі ықтимал шығарындылардың кең ауқымын қамтиды, соның ішінде климаттың өзгеруін тежеу үшін ешқандай шара қолданбай CO<sub>2</sub> жоғары сценарийлері, сондай-ақ CO<sub>2</sub> төмен шығарындылары ғасырдың ортасында CO<sub>2</sub> нөлдік шығарындыларымен қол жеткізіледі.


Сонымен бірге, IPCC-тің алтыншы бағалау есебінде ауа температурасы, атмосфералық қысым, модельдердің соңғы үш буынының жауын-шашын мөлшері сияқты Климаттық айнымалыларды модельдеу нәтижелерін салыстыру келтірілген (2008, 2013 және 2021 қол жетімді). 41-суретте имитацияланған және бақыланатын мәндер арасындағы корреляция көрсетілген, мұнда 1,0 тамаша сәйкестікке сәйкес келеді. Жаңа буынның көптеген жеке модельдері айтарлықтай жақсы жұмыс істейді, бұл 1,0-ге тартылатын корреляция мәндерінің диапазонымен көрсетілген. Модельдердің әрбір кейінгі буыны алдыңғы ұрпақтардан асып түседі.

**Зерттеу жұмысында** қар жамылғысы ылғал қорының болашақ өзгерістерінің динамикасын бағалау үшін кіріс деректері ретінде Сектораралық әсер ету модельдерін өзара салыстыру жобасының (ISIMIP) үлгілерді бірлескен салыстыру жобасының 6-фазасының (CMIP6) нәтижелері негізінде ғасырдың

соңына дейінгі климаттық деректер «жалпы әлеуметтік-экономикалық жолдарының» SSP1-2.6 «Тұрақты даму (жасыл жолды таңдау)» және SSP5-8.5 «Қазба отынымен игеру (мақсатқа жету жолында)» сценарийлері пайдаланылды [169].

ISIMIP сектораралық әсер ету модельдерін өзара салыстыру жобасы климаттық және әлеуметтік-экономикалық әсер ету жөніндегі деректер жиынтығын әзірлеп, ұсынады, сонымен бірге модельдің нәтижелерін бақылайды. Кіріс деректерінен басқа, ISIMIP әртүрлі масштабта климаттың әсер етуі мен климаттық әсерлерді экономиканың өзге салаларына бағалауын біріктіретін модельдеудің ортақ хаттамаларды ұсынады. Осыған сүйене отырып, ISIMIP жаһандық және аймақтық тәуекелдерді басқаруды жақсартуға ықпал ете отырып, климаттың өзгеру қаупі туралы білімді кеңейтеді.

ISIMIP3b жобасында масштабты кішірейту мен ығысуды статистикалық түзету мақсатында ERA5 реанализімен біріктірілген WFDE5 Overland 2.0 (4.5-сурет) нұсқасы қолданылған. Бұл деректер жиынтығы 1979-2019 жылдарды күнделікті уақыт ажыратымдылығымен және бүкіл жер шарын  $0,5^\circ$  кеңістіктік ажыратымдылықпен қамтиды. W5E5 деректер көздері ERA5 деректеріне қолданылатын Watch Forcing data әдіснамасының 2.0 нұсқалары болып табылады [171], ERA 5 қайта талдау деректері [172] және жауын-шашын климатологиясының жаһандық жобасының 2.3 нұсқасындағы жауын-шашын туралы мәліметтер [173].



Сурет 4.5 – Ұзақ мерзімді (1979-2016) (a) WFDE5\_CRU+GPCC үшін абсолютті мәні, (b) WFDE5\_CRU, (c) ERA5 пен WFDE5\_CRU+GPCC арасындағы айырмашылық және (d) ERA5 пен WFDE5\_CRU арасындағы айырмашылық ретінде есептелген жауын-шашын мөлшерінің мәндері. Барлық мәндер мм/жыл есептелген [171]

*Климаттық модельді таңдау.* CMIP6 тәжірибелерінде ISIMIP3B piControl тарихи SSP126, SSP370 және SSP585-те қолданылады. ISIMIP3b-ге қосылу үшін климаттық модель Huss (қажет емес), ps (егер ps1 қол жетімді болса) және sfcwind (егер uas және Vas қол жетімді болса) қоспағанда, барлық айнымалылар бойынша күнделікті деректерді piControl-да кем дегенде 250 жыл және тарихтағы барлық жылдарды (1850-2014), SSP126, SSP370 және SSP585 (2015-2100) қамтиды.

Бес негізгі модель жақсы таңдау болып табылады, өйткені олар мұхит пен атмосфера моделінің компоненттері тұрғысынан құрылымдық жағынан тәуелсіз, сонымен қатар crescendo жобасының сарапшылары арасындағы бейресми сауалнамаға сәйкес, олардың процесті ұсынуы әділ (IPSL-CM6A-LR, MPIESM1-2-HR), жақсы (GFDL-ESM4, MRI-ESM2-0, UKESM1-0-LL). Климатқа сезімталдық тұрғысынан (36-сурет) бес негізгі модель бүкіл CMIP6 ансамблінің жақсы өкілдері болып табылады, өйткені олар климатқа сезімталдығы төмен үш модельді (GFDL-ESM4, MPI-ESM1-2-HR, MRI-ESM2-0) және климатқа сезімталдығы жоғары екі модельді (IPSLCM6, ALR, UKESM1-0-LL) қамтиды. Сонымен қатар, үш модель (GFDL ESM 4, IPSLCM6 ALR, UKESM1-0-LL) isimp2b және ASI IP Fast Track-те қолданылатын модельдердің ізбасарлары болып табылады, бұл бақылау тұрғысынан тиімді (4.6-сурет).




Figure 8: Projected change in annual global mean precipitation versus temperature computed based on unadjusted (left) and bias-adjusted (right) CMIP6 data. Results for different climate models are indicated with different symbols. For the primary models, these symbols are filled. Results for different future greenhouse gas emissions scenarios are indicated with different colors. Changes are computed as the difference between 30-year mean values (2071–2100 versus 1985–2014).

#### Сурет 4.6 – ISIMIP жобасына кіретін модельдер [171]

ISIMIP жобасындағы мәліметтер базасының Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарында қар жамылғысы ылғал қорының болашақтағы өзгеру динамикасын бағалау мақсатында жобаға енген 5 модельдің мәліметтерін қолдану мақсатында, яғни климаттың өзгеруін бағалаудың

сенімділігі – климаттың нақты модельдерін негіздеу және таңдау және оларды зерттелетін аумаққа тексеру, алынған климат сипаттамалары мен анықталған тенденциялардың сенімділігін бағалау мақсатында, проекциялар негізделген WFDE5 реанализ мәліметтеріне «Қазгидромет» бақылау желісі мәліметтерімен верификация жасалды.

Реанализ деректерін тексеру маңызды міндет болып табылады, өйткені олардың зерттелетін аумаққа қолданылуын тексеру қажет, яғни бұл деректер нақты қарастырылып отырған аумақтағы климат пен оның өзгергіштігін қаншалықты жақсы сипаттайтынын бағалау қажет. Ол үшін талдау деректерін салыстыру арқылы жер бетіндегі бақылау деректерімен салыстыру қажет. Деректерді салыстыру әдістемесі бақылаулардың тек біртекті қатарларын таңдауды және қолдануды, зерттеудің бүкіл аралығындағы салыстырылған деректер қатарларының айырмашылықтарын бағалау үшін сыналған статистикалық әдістерді қолдануды қамтамасыз етеді.

Бұл зерттеуде деректерді тексеру үшін жер бетіндегі ауа температурасының орташа айлық, жылдық орташа мәндерін, жауын-шашын мөлшерін бағалау үшін тиімділіктің бес көрсеткіші пайдаланылды: корреляция коэффициенті:

$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{(\sum(x_i - \bar{x})^2)(\sum(y_i - \bar{y})^2)}} \quad (4.5)$$

Nash-Sutcliffe тиімділігін бағалау критерийі:

$$NSE = 1 - \frac{\sum_1^n (Q_{obs} - Q_{sim})^2}{\sum_1^n (Q_{obs} - \bar{Q}_{obs})^2}, \quad (4.6)$$

нормаланған қателік:

$$NBIAS = \frac{1}{N} \sum_{t=1}^N \frac{\bar{x}_{reanalysis}(t) - \bar{x}_{AWS}(t)}{\bar{y}_{AWS}}, \quad (4.7)$$

қалыпты орташа абсолютті қателік:

$$NMAE = \frac{1}{N} \sum_{t=1}^N \left| \frac{\bar{x}_{reanalysis}(t) - \bar{x}_{AWS}(t)}{\bar{y}_{AWS}} \right| \quad (4.8)$$


және нормаланған орташа квадраттық қателік бір статистикалық көрсеткішке төмен корреляция мен жоғары орын ауыстыру қателерін тиімді біріктіретін көрсеткіш [174]:

$$NRMSE = \sqrt{\left( \frac{1}{N} \sum_{t=1}^N \frac{\bar{x}_{reanalysis}(t) - \bar{x}_{AWS}(t)}{\bar{y}_{AWS}} \right)^2}, \quad (4.9)$$


Реанализ деректерінің бірқатар артықшылықтары бар, олардың негізгілері – бос орындардың болмауы, қатарлардың біркелкілігі, аумақты біркелкі және толық қамту, дерекқорларға еркін қол жеткізу болып табылады.

Верификация жер беті бақылау желісі орналасқан тор түйініндегі реанализ мәліметтері мен метеорологиялық станцияның бақылау мәліметтерімен жүргізілді (4.7-4.8 сурет).

Есіл сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың реанализ мәліметтерімен салыстыру барысында статистикалық бағалау көрсеткіштерінің нәтижелері корреляция коэффициенті бойынша өнімділіктің «жақсы», «өте жақсы» деңгейлерін көрсетті, орташа алаптық мәні – 0,92 құрады. Nash-Sutcliffe тиімділігін бағалау критерийі орташа алап үшін – 0,98 көрсетсе, пайыздық NBIAS көрсеткіші жалпы алап үшін – 9 % қателікке ие болғандығын көрсетті. Сонымен қатар, қалыпты орташа абсолютті қателік 0,36, ал нормаланған орташа квадраттық қателік 0,58, стандартты қателік – 0,31 құрады. Көрсеткіштердің алынған нәтижелері WFDE5 реанализінің Есіл сушаруашылық алабы үшін ауа температурасы мәліметін жақсы өнімділікпен шығаратыны анықталды.



Сурет 4.7 – Есіл су шарушылық алабындағы ауа температурасының WFDE5 реанализ мәліметтерімен салыстыру нәтижесі




Сурет 4.8 – Нұра-Сарысу су шарушылық алабындағы ауа температурасының WFDE5 реанализ мәліметтерімен салыстыру нәтижесі


Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы метеорологиялық станциялардың ауа темепературасының реанализ мәліметтерімен (38-сурет)

салыстыру барысында статистикалық бағалау көрсеткіштерінің нәтижелері өнімділіктің «жақсы», «өте жақсы» деңгейлерін көрсетті. Жалпы алаптық корреляция коэффициенті «жақсы» нәтиже көрсетсе, Nash-Sutcliffe тиімділігін бағалау критерийі орташа алап үшін – 0,96 көрсетті. Ал пайыздық NBIAS көрсеткіші жалпы алап үшін – 11 % қателікке ие болғандығын және қалыпты орташа абсолютті қателік 0,32, ал нормаланған орташа квадраттық қателік 0,49, стандартты қателік – 0,44 құрады. Көрсеткіштердің алынған нәтижелері WFDE5 реанализінің Нұра-Сарысу сушаруашылық алабы үшін де ауа температурасы мәліметін жақсы өнімділікпен шығаратыны анықталды

Есіл сушаруашылық алабында жауын-шашын мөлшерінің мәліметтерін (4.9-сурет) верификациялау нәтижесінде статистикалық көрсеткіштердің бағалаулары реанализ мәліметтері жалпы алап үшін және барлық станциялар үшін өнімділіктің «жақсы» деңгейін көрсеткендігі анықталды. Алайда, Благовещенка және Жақсы станциялары үшін WFDE5 реанализі жауын-шашын мөлшерін «қанағаттанарлықсыз» деңгейде бағалайтындығы анықталды.



Сурет 4.9 – Есіл су шаруашылық алабындағы жауын-шашын мөлшерінің WFDE5 реанализ мәліметтерімен салыстыру нәтижесі



Сурет 4.10 – Нұра-Сарысу су шаруашылық алабындағы жауын-шашын мөлшерінің WFDE5 реанализ мәліметтерімен салыстыру нәтижесі

WFDE5 реанализі Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында жауын-шашын мөлшерін жалпы алап үшін өнімділіктің «жақсы» деңгейінде шығаратыны анықталды. Алайда, кейбір станциялар үшін (Жаңаарқа, Жезқазған, Ақсу-Аюлы, Бесоба) өнімділіктің «қанағаттанарлық» деңгейінде шығаратыны

анықталды. Осылайша, жалпы алап үшін корреляция коэффициенті 0,84, Nash-Sutcliffe тиімділігін бағалау критерийі 0,63 тең болды. Нормаланған жауын-шашын мөлшерінің қателігі 36 % құрады (4.10-сурет).

WFDE5 реанализінің ауа температурасы мәліметтері Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптары үшін өнімділіктің жоғары деңгейіне сәйкес келгендіктен, олардың мәліметтерін зерттеу мақсатында қолдануға болатындығы анықталды. Ал, жауын-шашын мөлшерінің мәліметтері кейбір метеорологиялық станциялар үшін өнімділіктің «қанағаттанарлық» деңгейіне сәйкес келуіне байланысты, реанализ мәліметтерінің статистикалық көрсеткіші нәтижесіне қарай қолданылу мүмкіндігі анықталды.

Осылайша, WFDE5 реанализінің мәліметтерін әрі қарай зерттеу жұмысы барысында қолдануға болатындығына көз жеткізілді. Өз кезегінде ISIMIP жобасының мәліметтері WFDE5 мәліметтеріне негізделі отырып, жасалғандығын, сонымен қатар, проекция мәліметтері масштабы кішірейту процесін өткергендігін ескерсек, климаттың болашаққа арналған проекция мәліметтерін Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптары үшін қолдануға болатындығы анықталды.

Әрі қарай қар жамылғысы ылғал қорының болашақтағы өзгеру динамикасын анықтау мақсатында ISIMIP проекциясына кіретін негізгі 5 модельдің (GFDL-ESM4, IPSL-CM6A-LR, MPI-ESM1-2-HR, MRI-ESM2-0, UKESM1-0-LL) мәліметтері қолданылды.

Берілген модельдердің сандық болжамдық шектеулері ансамбльдік тәсілдің көмегімен шешілуі мүмкін. Ансамбльдік болжам – ықтималдық болжамдарын жасау үшін атмосфералық процесстерді гидродинамикалық модельдеудің дәлсіздігін ескере алатын қазіргі таңда кең қолданылатын әдіс. Яғни, климатты болжаудың ансамбльдік әдісі гидродинамикалық модельдердің бірнеше нәтижелерін қолданылу арқылы жүзеге асырылады [175].

Алгоритмдік тұрғыдан ансамбльдік орташалау әдісі – кеңістіктік тордың әр ұяшығында қарастырылып отырған шаманың қасиеттерін сипаттайтын параметрлердің орташа мәндерінің айналасында өзгертін әртүрлі комбинациялары бар бірнеше есептеулер жүргізіледі.

Климатологияда ансамбль әдісінің артықшылықтары соншалықты үлкен және даусыз болып шықты, себебі қазіргі таңда жеке модельдер болжам жасау үшін өте сирек қолданылады, ал егер мұндай жағдай орын алатын болса, мұндай болжамдар сенімсіз болып саналады.

Қазіргі таңда ансамбльдік болжамның әдістері климаттың әсер етуі салаларында, яғни климаттың әсерін модельдеуде және шешім қабылдау бойынша көптеген зерттеулерде кеңінен қолданылады [176].

Берілген зерттеу жұмысында модельдердің сандық болжамдық шектеулерін азайту мақсатында, сонымен бірге қар жамылғысы ылғал қорына климаттың әсер етуін зерттеу мақсатында ISIMIP проекциясына кіретін модельдердің көмегімен ансамбльдік болжам әдісі қолданылды.

Модельдеу нәтижесінде алынған болжамды қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерін бақылау мәліметтеріне келтіру мақсатында нормалау әдісі

бойынша жыл сайынғы ылғал қоры есептелді. Ол үшін болжанған ылғал қоры мәні ( $SWE_i$ ) келесі 4.10-теңдеудің көмегімен анықталды:

$$SWE_i = SWE_{opt} + \alpha * \sigma \quad (4.10)$$

мұндағы,  $SWE_{opt}$  – бақылау мәліметтерінің орташа мәні,  $\alpha$  – нормалау параметрі,  $\sigma$  – бақылау мәліметтерінің орташа квадраттық ауытқуы

$$\alpha = \left( \frac{SWE_{i_{sim}} - SWE_{opt_{sim}}}{\sigma_{sim}} \right) \quad (4.11)$$

мұндағы,  $SWE_{i_{sim}}$  – белгілі бір жылдың модельденген қар жамылғысы ылғал қоры,  $SWE_{opt_{sim}}$  – модельденген қар жамылғысы ылғал қорының орташа мәні,  $\sigma_{sim}$  – модельденген қар жамылғысы ылғал қорының орташа уадраттық ауытқуы.

Нормалау әдісі ең алдымен 1980-2020 жж. кезеңі үшін есептеліп, верификация жасалды. Яғни, алдымен аталған жыл кезеңдері үшін модель мәліметтері мен бақылау мәліметтері негізінде нормалау параметрі анықталды. Әрбір жылдың нормаланған параметрін қолдана отырып, нормаланған қар жамылғысы мәліметтері алынды. Нәтижесінде, 1980-2020 жж. қар жамылғысы ылғал қорының бақылау мәліметтері мен нормаланған болжамды қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерінің орташа көпжылдық және орташа квадраттық ауытқу мәндері өзара тең болды.

Әрі қарай 2023-2100 жж. кезеңіндегі әрбір жылдың нормалау параметрі болжанған ылғал қоры мен болжанған орташа ылғал қоры айырмашылығының оның орташа квадраттық ауытқуына қатынасы ретінде анықталды. Нормаланған ылғал қоры бақыланған орташа ылғал қорының нормалау параметрі мен орташа квадраттық ауытқу мәндерінің көбейтіндісінің қосындысы арқылы анықталды.

Осылайша нормалау әдісін қолдана отырып, әрбір модельдің және ансамбльдік болжанған қар жамылғысы ылғал қоры мәліметтерін нормалау параметрі көмегімен нормаланған болжамды қар жамылғысы ылғал қоры анықталды.

Есіл сушаруашылығы алабындағы метеорологиялық станциялардағы қар жамылғысы ылғал қорының SSP1-2.6, SSP5-8.5 сценарийлері бойынша 2050, 2100 жылға дейін өзгеруінің нәтижелері 4.7-кестеде көрсетілген.

Кесте 4.7 – Есіл сушаруашылығы алабындағы метеорологиялық станциялардағы қар жамылғысы ылғал қорының SSP1-2.6, SSP5-8.5 сценарийлері бойынша 2050, 2100 жылға дейін өзгеруі, %


| № | Метеорологиялық станция | N <sub>SWE</sub> 1980-2020, мм | SSP1-2.6           |                    | SSP5-8.5           |                    |
|---|-------------------------|--------------------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
|   |                         |                                | 2050               | 2100               | 2050               | 2100               |
| 1 | Благовещенка            | 83,8                           | <u>68,6</u><br>-18 | <u>62,5</u><br>-25 | <u>71,4</u><br>-15 | <u>47,6</u><br>-43 |

## 4.7 кестенің жалғасы

| №                                                                                                                                                     | Метеорологиялық станция | N <sub>SWE</sub> 1980-2020, мм | SSP1-2.6           |                    | SSP5-8.5            |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|--------------------------------|--------------------|--------------------|---------------------|--------------------|
|                                                                                                                                                       |                         |                                | 2050               | 2100               | 2050                | 2100               |
| 2                                                                                                                                                     | Балкашино               | 138,7                          | <u>148,2</u><br>+7 | <u>133,6</u><br>-4 | <u>121,7</u><br>-12 | <u>74,5</u><br>-46 |
| 3                                                                                                                                                     | Сергеевка               | 75,3                           | <u>56,5</u><br>-25 | <u>57,7</u><br>-23 | <u>57,4</u><br>-24  | <u>45,6</u><br>-39 |
| 4                                                                                                                                                     | Степногорск             | 56,5                           | <u>37,5</u><br>-34 | <u>29,1</u><br>-48 | <u>40,9</u><br>-28  | <u>25,0</u><br>-56 |
| 5                                                                                                                                                     | Явленка                 | 73,7                           | 80,4<br>+9         | 67,2<br>-9         | 80,9<br>+10         | 57,3<br>-22        |
| 6                                                                                                                                                     | Булаево                 | 84,3                           | <u>92,4</u><br>+10 | <u>84,1</u><br>0   | <u>92,0</u><br>+9   | <u>82,8</u><br>-2  |
| *Ескерту: <u>68,6</u> бөлшектің алымында болжамды ылғал қоры мәні (мм)<br>-18 бөлшектің бөлімінде көпжылдық нормасына қатысты %-дық өзгеру көрсеткіші |                         |                                |                    |                    |                     |                    |


Ансамбльдік болжам нәтижесінде Есіл сушаруашылық алабындағы станцияларда қар жамылғысы ылғал қоры келесідей өзгеруі күтілуде:

Благовещенка станциясында SSP1-2.6 сценарийі бойынша қар жамылғысы ылғал қоры 2050 ж. орташа мәні 68,6 мм, 2100 ж. қарай орташа 62,5 мм құрайтыны анықталды, сәйкесінше 1980-2020 жж. ылғал қорының нормасына (83,8 мм) қатысты 2050 ж. қарай ылғал қоры 18 % азаюы, ал 2100 ж. қарай 25 % азаятындығы анықталды. Ал SSP5-8.5 сценарийі бойынша 1980-2020 жж. нормаға қатысты 2050 ж. қарай 15 %-ға, 2100 ж. 43 %-ға азаюы күтілуде. Яғни климатты болжаудың «қатаң» сценарий бойынша ылғал қорының ең үлкен азаюы күтілуде (4.11-сурет).




Сурет 4.11 – Благовещенка МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы

Балкашино станциясында 1980-2020 жж. нормаға (138,7 мм) қатысты SSP1-2.6 сценарий бойынша ылғал қоры 2050 ж. қарай 7 % өсетіндігі, 2100 ж. 4 % азаятындығы анықталды. SSP5-8.5 сценарийі бойынша ылғал қоры нормаға қатысты 2050 ж. қарай 12 %, ал 2100 ж. – 46 % азаюы болжануда (4.12-сурет).



Сурет 4.12 – Балкашино МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы


- Сергеевка станциясында 1980-2020 жж. нормаға (75,3 мм) қатысты SSP1-2.6 сценарий бойынша ылғал қоры 2050 ж. қарай 25 %, ал 2100 ж. 23 % азаятындығы анықталды. SSP5-8.5 сценарийі бойынша ылғал қоры нормаға қатысты 2050 ж. қарай 24 %, ал 2100 ж. – 39 % азаюы болжануда (4.13-сурет);




Сурет 4.13 – Сергеевка МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы

- Степногорск станциясында 1980-2020 жж. нормаға (56,5 мм) қатысты SSP1-2.6 сценарий бойынша ылғал қоры 2050 ж. қарай 34 %, ал 2100 ж. 48 % азаятындығы анықталды. SSP5-8.5 сценарийі бойынша ылғал қоры нормаға қатысты 2050 ж. қарай 28 %, ал 2100 ж. – 56 % азаюы болжануда (4.14-сурет);
- Явленка станциясында 1980-2020 жж. нормаға (73,7 мм) қатысты SSP1-2.6 сценарий бойынша ылғал қоры 2050 ж. қарай 9 % жоғарылайтындығы, ал 2100 ж. 9 %-ға азаятындығы анықталды. SSP5-8.5 сценарийі бойынша ылғал қоры нормаға қатысты 2050 ж. қарай 10 %-ға жоғарылауы күтілсе, ал 2100 ж. – 22 % азаюы болжануда (4.15-сурет);
- Булаево станциясында 1980-2020 жж. нормаға (84,3 мм) қатысты SSP1-2.6 сценарий бойынша ылғал қоры 2050 ж. қарай 10 % жоғарылайтындығы, ал 2100 ж. өзгеріссіз қалатындығы анықталды. SSP5-8.5 сценарийі бойынша ылғал


қоры нормаға қатысты 2050 ж. қарай 9 %-ға жоғарылауы күтілсе, ал 2100 ж. – 2 %-ға ғана азаюы болжануда (4.16-сурет).



Сурет 4.14 – Степногорск МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы



Сурет 4.15 – Явленка МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы



Сурет 4.16 – Булаево МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы

Осылайша, Есіл сушаруашылық алабында SSP1-2.6 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай қар жамылғысы ылғал қоры -34 % ... +10 % аралығында өзгередіні анықталды, ал 2100 ж. қарай -48 % ... 0 % аралығында өзгередіндігі анықталды.

Жалпы алаптық деңгейді 2050 ж. қар жамылғысы 8,5 % азаятын болса, 2100 жылға қарай 18,2 % азаюы мүмкін.

SSP5-8.5 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай қар жамылғысы ылғал қоры - 28 % ... +10 % аралығында өзгертіндігі анықталды, ал 2100 ж. қарай -56 % ... 0 % аралығында өзгертіндігі анықталды. Жалпы алаптық деңгейді 2050 ж. қар жамылғысы 10 % азаятын болса, 2100 жылға қарай 35 % азаюы мүмкін.

**Нұра-Сарысу** сушаруашылығы алабындағы Бектауата және Жарық метеорологиялық станциялардағы қар жамылғысы ылғал қорының SSP1-2.6, SSP5-8.5 сценарийлері бойынша 2050, 2100 жылға дейін өзгеруі 4.8-кестеде көрсетілген.


Кесте 4.8 – Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабындағы метеорологиялық станциялардағы қар жамылғысы ылғал қорының SSP1-2.6, SSP5-8.5 сценарийлері бойынша 2050, 2100 жылға дейін өзгеруі, %

| №                                                                                                                                                     | Станция   | N <sub>SWE</sub> , мм | SSP1-2.6           |                    | SSP5-8.5           |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
|                                                                                                                                                       |           |                       | 2050               | 2100               | 2050               | 2100               |
| 1                                                                                                                                                     | Бектауата | 58,3                  | <u>37,2</u><br>-36 | <u>35,4</u><br>-39 | <u>42,1</u><br>-28 | <u>28,6</u><br>-51 |
| 2                                                                                                                                                     | Жарық     | 91,2                  | <u>56,0</u><br>-39 | <u>53,3</u><br>-42 | <u>51,9</u><br>-43 | <u>43,9</u><br>-52 |
| *Ескерту: <u>37,2</u> бөлшектің алымында болжамды ылғал қоры мәні (мм)<br>-36 бөлшектің бөлімінде көпжылдық нормасына қатысты %-дық өзгеру көрсеткіші |           |                       |                    |                    |                    |                    |


Ансамбльдік болжам нәтижесінде Нұра-Сарысу сушаруашылық алабындағы станцияларда қар жамылғысы ылғал қоры келесідей өзгеруі күтілуде:

Бектауата станциясында SSP1-2.6 сценарийі бойынша қар жамылғысы ылғал қоры 2050 ж. орташа мәні 37,2 мм, 2100 ж. қарай орташа 35,4 мм құрайтыны анықталды, сәйкесінше 1980-2020 жж. ылғал қорының нормасына (58,3 мм) қатысты 2050 ж. қарай ылғал қоры 36 % азаюы, ал 2100 ж. қарай 39 % азаятындығы анықталды. Ал SSP5-8.5 сценарийі бойынша 1980-2020 жж. нормаға қатысты 2050 ж. қарай 28 %-ға, 2100 ж. 51 %-ға азаюы күтілуде. Яғни климатты болжаудың «қатаң» сценарий бойынша ылғал қорының ең үлкен азаюы күтілуде (4.17-сурет).

Жарық станциясында SSP1-2.6 сценарийі бойынша қар жамылғысы ылғал қоры 2050 ж. орташа мәні 56,0 мм, 2100 ж. қарай орташа 53,3 мм құрайтыны анықталды, сәйкесінше 1980-2020 жж. ылғал қорының нормасына (91,2 мм) қатысты 2050 ж. қарай ылғал қоры 39 % азаюы, ал 2100 ж. қарай 42 % азаятындығы анықталды. Ал SSP5-8.5 сценарийі бойынша 1980-2020 жж. нормаға қатысты 2050 ж. қарай 43 %-ға, 2100 ж. 52 %-ға азаюы күтілуде. Яғни климатты болжаудың «қатаң» сценарий бойынша ылғал қорының ең үлкен азаюы күтілуде (4.18-сурет).



Сурет 4.17 – Бектауата МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы



Сурет 4.18 – Жарық МС қар жамылғысы ылғал қорының ұзақ мерзімді өзгеру динамикасы

Осылайша, Нұра-Сарысу сушаруашылық алабында SSP1-2.6 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай қар жамылғысы ылғал қоры -36 % ... 39 % аралығында, ал 2100 ж. қарай -39 % ... -42 % аралығында азаятыны анықталды. Жалпы алаптық деңгейді 2050 ж. қар жамылғысы 37,5 % азаятын болса, 2100 жылға қарай -40,5 % азаюы мүмкін.

SSP5-8.5 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай қар жамылғысы ылғал қоры -28 % ... -43 % аралығында өзгертінді анықталды, ал 2100 ж. қарай -51-52 % аралығында өзгертіндігі анықталды. Жалпы алаптық деңгейді 2050 ж. қар жамылғысы 35,5 % азаятын болса, 2100 жылға қарай 51,5 % азаюы мүмкін.

Қорытындылай келе, қар жамылғысы ылғал қоры Есіл сушаруашылығы алабы үшін климаттың өзгеруінің «жеңіл» SSP1-2.6 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай 8,5 %, 2100 ж. қарай 18,2 % азаятындығы анықталса, «қатаң» SSP5-8.5 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай 10 %, 2100 ж. – 35 % азаятындығы анықталды. Жалпы, алап бойынша қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу динамикасы күтіледі.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында климаттың өзгеруінің «жеңіл» SSP1-2.6 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай 37,5 %, 2100 ж. – 40,5 %, ал «қатаң» SSP5-8.5 сценарийі бойынша 2050 ж. қарай 35,5 %, 2100 ж. – 51,5 % азаюы күтіледі.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында, Есіл сушаруашылығы алабына қарағанда, қар жамылғысы ылғал қорының азаюы қарқынды болатындығы, яғни 2100 ж. қарай 50 % астам шамаға азаятындығы анықталды. Бұл өз кезегінде алаптың орналасу ерекшелігімен байланысты.

Қар жамылғысы ылғал қорының қарастырылып отырған алаптарда өзгеру динамикасын, нақты азаю тенденциясы, өзен ағындысының негізгі қорек көзі бола тұрып, көктемгі өзен ағындысының төмендеуіне, сонымен бірге ауыл шаруашылығы, оның ішінде егістік жақсы дамыған еліміздің солтүстік өңірлерінде үлкен өзгерістерге алып келуі ықтимал. Сондықтан, зерттеу жұмысында алынған нәтижелер климаттың өзгеруі салдарына бейімделу мақсатында негіз болуы мүмкін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Климаттың өзгеруі жағдайында Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу бойынша келесі қорытындылар алынды:

1. Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптарында климаттың өзгеруін бағалау барысында 1941-2021 жж. кезеңінде жылдық және маусымдық таралауында ауа температурасының сәйкесінше Есіл алабында  $0,29\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жылға, Нұра-Сарысу алабында  $0,26\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен жоғарылағандығы байқалады. Ал климаттың жаһандық өзгеру кезеңінің бастау алған кезеңінен бастап, яғни 1976-2021 жж. кезеңінде орташа жылдық ауа температурасы сәйкесінше  $0,29\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл,  $0,24\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жылға жоғарылауы анықталды. Жер шарының жер беті ауа температурасының әрібір 10 жылға  $0,19\text{ }^{\circ}\text{C}$  жылдамдығымен жоғарылайтынын ескеретін болсақ, зерттеліп отырған алаптардағы ауа температурасының өсу жылдамдығының қарқынды болуы байқалады. Сонымен бірге, ауа температурасының жыл ішіндегі таралуында көктем және күз мезгілдеріндегі ауа температурасының статистикалық маңызды өсуі байқалады. Есіл сушаруашылығы алабында көктемде  $0,64\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен жоғарыласа, күзде  $0,36\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен өседі, ал Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында көктемде  $0,72\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл, күзде –  $0,22\text{ }^{\circ}\text{C}/10$  жыл жылдамдығымен өсетіндігі анықталды.

Зерттеу алаптарында жауын-шашын мөлшері тенденциясының өзгеруін анықтау барысында Есіл сушаруашылығы алабында 1976-2021 жж. кезеңінде жылдық жауын-шашын мөлшері  $8,22\text{ мм}/10$  жыл жылдамдығымен ұлғаюы, ала Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында  $3,3\text{ мм}/10$  жыл жылдамдығымен ұлғаюы байқалған, алайда статистикалық маңыздылыққа ие болмағандығы анықталды. Жауын-шашын мөлшерінің маусымдық өзгеруінде 1976-2021 жж. қыс-жаз мезгілдерінде жауын-шашынның статистикалық маңызды емес өсу байқалған. Тек күз мезгілінде жауын-шашын мөлшерінің Есіл сушаруашылығы алабында  $0,02\text{ мм}/10$ жыл, Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабында  $0,77\text{ мм}/10$  жыл жылдамдығымен азаю тренді байқалады. Зерттеу алаптарындағы жауын-шашын мөлшерлерінің өзгерулері статистикалық маңыздылыққа ие емес екендігі анықталды.

2. Қар жамылғысының ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу барысында Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптарында 1971-2020 жж. кезеңі үшін бақылау мәліметтері қолданылды. Зерттеу алаптарында тұрақты қар жамылғысының орнатылуы және жойылуы, қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық таралуы қарастырылды. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру динамикасын зерттеу үшін статистикалық әдістер, Ман-Кендалл параметрлік емес тесті қолданылды.

Есіл сушаруашылығы алабында 1971-2020 жж. кезеңіндегі көпжылдық ылғал қоры мәліметтері негізінде максималды ылғал қоры мәні  $37,5\text{ мм}$  (Чкалово) –  $145,7\text{ мм}$  (Балкашино) аралығында ауытқыса, алап үшін орташа аудандық мәні –  $75,7\text{ мм}$  құрайтыны анықталды. Сонымен бірге, қар

жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1984 жылға дейінгі кезең қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу циклін көрсетсе, 1985 ж. бастап 2007 ж. дейінгі кезеңінде ұлғаю циклі байқалады, әрі қарай 2007-2012 жж. – төмендеу циклі, ал 2013-2017 жж. ылғал қорының жоғарылау циклінің орын алуы байқалған. қар жамылғысының максималды ылғал қорының өзгеру жылдамдығы келесідей болды: өсу жылдамдығы 0,45 – 17,80 мм/10 жыл құраса, азаю жылдамдығы 0,13 – 6,54 мм/10 жыл тең. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру жылдамдығында қандай да бір заңдылықтың орын алуы анықталмады.  $(SWE)_{\max}$  өсуінің статистикалық маңызды трендтері Рузаевка, Саумалкөл, Жақсы метеорологиялық станцияларында байқалса,  $(SWE)_{\max}$  төмендеуінің статистикалық маңызды трендтері Возвышенка станциясында байқалған. Бұл өзгерістер Фишердің үлестіру критерийі бойынша F есептеулерімен де расталады.

Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелеріне сәйкес, Жақсы, Рузаевка, Саумалкөл, Щучинск метеостанциялары қар жамылғысы ылғал қорының өсу тенденциясы байқалып, оның өсуі маңызды болып табылатыны анықталды. Ал Возвышенка станциясында азаю тенденциясының маңыздылығы анықталды.

Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының 1971-2020 жж. кезеңіндегі қар жамылғысы максималды ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық өзгеруін бағалау нәтижесінде қар жамылғысы максималды ылғал қоры мәні 28,3 мм (Ақадыр) – 118,5 мм (Қызылту) аралығында ауытқыса, алап үшін орташа аудандық мәні – 63,7 мм құрайтыны анықталды. - Нұра-Сарысу сушаруашылығы алабының қар жамылғысындағы максималды ылғал қорының айырымдық интегралды қисығына сәйкес, 1970 жылдан 1986 жылға дейінгі кезең қар жамылғысы ылғал қорының төмендеу циклін көрсетсе, 1987 ж. бастап 2001 ж. дейінгі кезеңінде ұлғаю циклі байқалады, әрі қарай 2002-2012 жж. – төмендеу циклі, ал 2013 ж. бастап ылғал қорының жоғарылау циклін көрсетеді. Қар жамылғысының максималды ылғал қорының өзгеру жылдамдығы келесідей болды: өсу жылдамдығы 0,60 – 10,3 мм/10 жыл құраса, азаю жылдамдығы 0,50 – 6,20 мм/10 жыл тең. Қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру жылдамдығында қандай да бір заңдылықтың орын алуы анықталмады.  $(SWE)_{\max}$  өсуінің статистикалық маңызды тренді Ақсу-Аюлы метеорологиялық станциясында байқалса,  $(SWE)_{\max}$  төмендеуінің статистикалық маңызды тренді Қарағанды СХОС станциясында байқалған. Бұл өзгерістер Фишердің үлестіру критерийі бойынша F есептеулерімен де расталады;

Ман-Кендалл параметрлік емес тестінің нәтижелеріне сәйкес, Ақсу-Аюлы станциясында қар жамылғысы ылғал қорының өсу тенденциясы байқалып, оның өсуі маңызды болып табылатыны анықталды. Ал Қарағанды СХОС станциясында азаю тенденциясының маңыздылығы анықталды.

3. Қазақстанның жазық аумағы үшін қар жамылғысының ауданын бағалау мақсатында NASA деректері негізінде NDSI өнімі және реанализ мәліметтерін

қолдану мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында Terra Climate жаһандық климаттық қорының мәліметтері қолданылды.

Terra Climate реанализінің мәліметтерін бақылау желісі мәліметтерімен салыстыру нәтижесінде нәтижесінде Есіл сушаруашылығы алабында алаптың биік жерлерінде ылғал қорын жақсы өндіретіні байқалды. Мәселен, биіктігі жоғары аймақтарда ылғал қорын 3-12 мм артық бағаласа, алаптың жазық аудандарында бұл көрсеткіш СҚО-да 33 мм (Тайынша, Петропавл МС), Ақмала облысында 41 мм (Степногорск, Аршалы, Ерейментау МС) дейін жететіндігі анықталды. Жалпы Есіл сушаруашылығы алабында алаптық деңгейде реанализ мәліметі қар жамылғысы ылғал қорын 17 мм жоғары бағалайтыны, ал Нұра-Сарысу алабында орташа алғанда 30 мм-ге жоғары бағалайтыны анықталды. Бұл айырмашылыққа қарамастан, қар жамылғысы ылғал қорының кеңістіктік таралуын Есіл алабы үшін жақсы дәреже көрсетсе, Нұра-Сарысу алабында ылғал қорының таралуының максималды ошағы Terra Climate реанализі бойынша тек алаптың солтүстік аймағында (Қарағанды МС) байқалатыны анықталды, ал бақылау мәліметтеріне сәйкес ылғал қоры Сарысу өзені бастауы аймағында, алаптың солтүстік батыс аймағында Нұра өзенінің Теңіз көліне құяр аймағында байқалады. Сонымен бірге, 1971-2020 жж. егер бақылау мәліметтер бойынша қар жамылғысы ылғал қоры Есіл алабы үшін 1,87 мм/10 жыл жылдамдығымен, Terra Climate реанализі мәліметтері бойынша 3,55 мм/10 жыл жылдамдығымен жоғарылайтындығы анықталды. Нұра-Сарысу алабында ылғал қоры 1,11 мм/10 жыл жылдамдығымен, Terra Climate реанализі бойынша 3,94 мм/10 жыл жылдамдығымен жоғарылайтындығы анықталды. Алайда екі бақылау мәліметтеріне сәйкес, бұл жоғарылау статистикалық маңыздылыққа ие емес. Осылайша, Terra Climate климаттық қорының мәліметтері қар жамылғысы ылғал қорын Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптары, яғни Қазақстанның жазық аймағында өнімділіктің «жақсы» және «қанағаттанарлық» деңгейінде шығарылатыны анықталды.

NASA мәліметі негізінде есептелген NDSI индексі өнімінің нәтижесінде 2000-2010 және 2011-2022 жж. қар жамылғысының аумағының өзгеру динамикасы наурыз және сәуір айларында тұрақсыз төмендеуін көрсетті. Қар жамылғысы ауданының жалпы азаю тенденциясы тұсында наурыз айы үшін 2004-2011 жж. және сәуір айы үшін 2008-2011 жж. қысқамерзімді ұлғаюы байқалған. Алайда қар жамылғысы ауданының азаю тенденциясы әр 10 жыл сайын шамамен 4 % азаятындығы көрсетті, дегенмен,  $\alpha=0,05$  деңгейінде тенденцияның статистикалық маңызсыздығы анықталды. Қар жамылғысының температурамен тығыз байланысын ескере отырып, болашақта қар жамылғысының азаюын күту заңды.

Қазіргі заманғы өзгерістер шамалы болып көрінгенімен, зерттеу жұмысында қарастырылатын Қазақстанның солтүстік бөлігі ұзақ уақыт бойы қауіпті егіншілік аймағына жатады. Қар жамылғысының қысқаруына байланысты жағдай одан әрі нашарлауы мүмкін, оның ең үлкен ықтимал теріс әсері ауыл шаруашылығына тиюі етеді. Қарлы құрғақшылық жиілеп, көктемгі құрғақшылықтың жоғарылауы және жаздық дақылдардың өнімділігінің

төмендеуі мүмкін. Өзгерістер демалыс секторына да кері әсерін тигізеді. Су секторына әсері қысқы ылғалдың соңғы қорына байланысты болады, ол өзгермеуі мүмкін, өйткені жауын-шашын сұйық фазада түсуі мүмкін.

